ния, играющая важную роль в адабе, вобрала в себя лексическое богатство доисламской поэзии джахилийского периода, стандартизировавшее нормы поэзии. В-третьих, инклюзивная природа адаба проявилась в специфике фальсафа, предопределившей инклюзию и дальнейшую адаптацию философской мысли античности в соответствии с исламскими аксиологическими константами [5]. Более того, как заметил аль-Кинди в его полемике с теми, кто настаивал на применимости только Корана как источника истины, правду нужно принимать вне зависимости от ее источника, поскольку ценность этого поиска заключается лишь в самой правде. Собственно, эта позиция объясняет обращение европейских исследователей к философским трактатам на арабском языке, чтобы ознакомиться с переводами античных трудов, легших в основу европейского мировоззрения. В-четвертых, инклюзивность адаба проявляется в принятии во внимание адабом ценности учителей и учеников, являющихся носителями наследия других религиозных систем.

Свободу от «навязанной идентичности» в пользу исповедания религий других этно-культурных групп – традиции, поддерживаемой аль-Фараби – во время Исламского Средневековья, считающегося периодом расцвета гуманистической мысли, отмечают современные исламоведы, такие, как, например, Наср [6], Соруш [7], Сардар [8], Фридман [9]. Этот принцип толерантности как системообразующего элемента адаба является одной из ключевых ценностей мусульманской уммы. Фахри отмечает в этой связи, что исламские завоеватели в эпоху распространения ислама не вмешивались в научную деятельность и работу интеллектуальных центров в завоеванных городах Египта, Сирии и Персии.

Автор подчеркивает, что исследовательские, в том числе христианские, центры, функционировавшие в сирийских городах – Антиохии, Харране, Эдеме и других – продолжили играть большую роль с приходом ислама. Более того, интенция ислама на знание способствовала использованию практики этих признанных центров по распространению изучения мусульманскими исследователями рационалистических наук: математики, астрономии, медицины, философии, под руководством, в основном, учителей из числа христиан (как это было в случаях аль-Фараби и Ибн Сины).

Самотождественность, выражаемая в толерантности мусульманских адибов (‘удаба’) Исламского Средневековья, выражается также интерконфессиональным взаимодействием в интеллектуальном поле деятельности: просвещение мусульманскими адибами учеников из числа представителей других религиозных систем, а также обучение мусульманских учеников у наставников, принадлежащих различным конфессиональным группам. С этой перспективы имеет смысл говорить об идеалах светского общества, изначально не чуждых исламской религиозной доктрине и хабитуализированных посредством адаба. Гуманистический потенциал адаба проявляется в обеспечении им жизнеспособности универсальных и детерминирующих друг друга ценностей. Перечисленные выше принципы общественной организации, регулируемой адабом, логически предполагают принцип демократизма, понимаемый как свобода выражения. Оставаясь верным этим взглядам, аль-Фараби подчеркивал, что различия в вероисповедании ищущего знания и дающего его, не оказывают негативного воздействия ни на образовательный процесс, ни на выбор учителей исключительно из мусульманской среды: значение имела только степень компетентности адиба-преподавателя [4, с. 130-132]. Инклюзивный подход к выбору наставника практиковался аль-Фараби, который учился логике Аристотеля и философии у адибов-христиан – Йоханна б. Хайлана и Матты Бишр б. Йунуса. [10, с. 108]. В основе светского (гражданского) общества лежит рефлексия об идентичности, концептуализированная в рамках адаба аль-Фараби задолго до возникновения понятия светского (гражданского) общества в западном культурно-коммуникативном пространстве [4, с. 133].

Исламская традиция светского, преломившаяся в культурно-коммуникативном пространстве Исламского Мира в эпоху Модерна, в действительности, была подвергнута двойному преломлению: сначала Западный Мир в мире Европы воспринял гуманистические стандарты социальной жизни Исламского Средневековья, когда этический дискурс адаба, апеллирующего ко всем сферам интеллектуальной жизни общества, оказал воздействие на Итальянский Ренессанс, а позднее – в Новое время и Модерн – эти же стандарты адаба, адаптированные европейской интеллектуальной и политической элитой к собственным реалиям, провозгла-

шаются административными кругами в мусульманских странах в качестве принципов модернизации.

При этом, возвращение к свойственным Исламскому Средневековью этическим ценностям – в сферах государственного менеджмента, регуляции социального взаимодействия, или эпистемологической традиции, представляющих собой грани адаба – выступает одной из ключевых задач исламизации Модерна или модернизации ислама. В этой связи рационализация мировоззрения не выступает чуждой для исламского дискурса современности: Исламский Мир лишь «вспоминает», «оживляет» свои интеллектуальные традиции, видоизмененные с течением времени.

Постнеклассическая реальность или эпоха постмодерна, в которую вступила исламская философия, коррелирует проблему идентичность для Исламского Мира как социально-политическую. Хотя на самом деле, эта проблема духовно-культурного характера. Впрочем, исламские философы современности исламскую идентичность связывают с проблемой культурного наследия, его реконструкцией в новых условиях. Известное культуртрегерское движение исламской интеллектуальной элиты, «смоделировавшееся» в начале XX столетия в стратегию «ат-турас», пробуждает исламское сознание к поиску идентичности. Появление таких концептов, как «арабский разум», «исламский разум», «исламское мышление» связано с проблематизацией идентичности через проблему осмысления, мышления, понимания мира.

Такими философами, как М. Аркун, Х. Ханафи, Н.Х. Абу Зайд, Р. Хасан и другими, идентичность рассмотрена в тождественности с процессом реконструкции в самом себе и обществе исламского наследия, но в контексте собственной этно-идентичности.

Феномен «арабский разум», введенный в историко-философский дискурс аль-Джабири и другими философами, становится проблемным ракурсом в исследованиях идентичности. Большая роль в этих исследованиях отводится классическому исламскому наследию, особенно учениям аль-Фараби, Ибн Рушда, Ибн Мискавайха. Возрожденный в постнеклассических реалиях дискурс идентичности классического исламского философского опыта во многом определяет развитие исламской идентичности в странах Исламского Мира и Западной Европы.

Проблемы сохранения идентичности и утраты, угроза размывания идентичности – вот только несколько вопросов проблемного поля личности. Но каких! Все они, по своей сути, онтологического характера, поскольку связаны с проблемой сохранения идентичности человека в истоках его духовного бытия.

Литературы:

1 Хантингтон, Самюэль. Столкновение цивилизаций / Самюэль Хантингтон; [пер. с англ. Т. Велимеева]. – Москва: Издательство АСТ.ю 2017. – 640 с.

2 Helliwell, John F., Richard Layard, Jeffrey Sachs, and Jan-Emmanuel De Neve, eds. 2020. World Happiness Report 2020. New York: Sustainable Development Solutions Network, 2020. – 202 p.

3 Keane, J. (2003). Global civil society Cambridge: Cambridge University Press.

4 Kartanegara M., Huda M. (2016) Construting civil society: an islamic cultural perspective //Mediterrancan Journal of Social sciences. MCSER Publishing, Rome – Italy, Vol. 7, №1 S1. ISSN 2039-2117.DOI: 10.5901/mjss.2016.v7n1p126. Pp.126-135

5 Leaman, O. (2013). History of Islamic philosophy. London & New York: Routledge

6 Nasr, S.H. (2010). Islam in the modern world: Challenged by the west, threatened by fundamentalism, keeping faith with tradition. New York: Harper One.

7 Soroush, A. (2000). Reason, freedom, and democracy in Islam: essential writing of Aldoulkarim Soroush. Oxford University Press

8 Sardar, Z. “Searching for secular Islam”, 2007. [https://newhumanist.org/uk/articles/798/searching-for-secular-islam

9 Friedmann, J. (2003). Tolerance and coercion in Islam: interfaith relations in the Muslim tradition. London & New York: Cambridge University Press

10 Fakhry, M. (2004). A history of Islamic Philosophy. London & New York: Columbia University Press.

Абдумалик Нысанбаевич Нысанбаев,
главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор

НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ В КОНТЕКСТЕ ФИЛОСОФИИ ВЗАИМОПОНИМАНИЯ

Модернизация общественного сознания в современных условиях затрагивает все стороны бытия человека: экономику, культуру, политику, социальные институты, демографию, межэтнические и межконфессиональные отношения. Отныне не может быть локальных проблем. Все, что происходит в каком-либо регионе планеты, касается всех, кто живет на Земле.

Начало формы Аль-Фараби заложил основы философии взаимопонимания, следуя принципу толерантности по отношению к другим культурам, религиям и духовным практикам. Он осуществил конструктивный диалог философии античности и философии средневековья, ислама, христианства и иудаизма и органично вошел в современный дискурс казахстанской философии взаимопонимания.

В своем учении о взаимопонимании аль-Фараби раскрыл неограниченные возможности интегрального коммуникативного диалога между совершенно различными духовными и интеллектуальными мирами. Принцип взаимопонимания как способ освоения смыслового философского пространства античного наследия позволил ему раскрыть диалогическую сущность философии и понять ее как диалог свободных, равноправных духовно-интеллектуальных практик. Через призму философского наследия аль-Фараби проясняется великий смысл философии взаимопонимания – коммуникативный.

Считаю, что развитие философии в контексте взаимопонимания – одно из тех направлений, которые соединяют и содержат в себе все лучшее, что было выработано европейской и восточной традициями, все то, что входит в сокровищницу мировой философской мысли, где Восток и Запад встречаются в понимании вечного, непреходящего смысла бытия.

Мировая заслуга аль-Фараби определяется не только и не столько тем, что он привнес античное наследие, особенно фило-

софские взгляды классиков Платона и Аристотеля, в арабо-мусульманскую культуру, а тем, что на их основе осуществил синтез идей ислама и античности.

На наш взгляд, совершенно справедливо высказывание одного из основоположников философии диалога Михаила Бахтина: «Быть – значит общаться диалогически. Когда диалог кончается, все кончается. Два голоса – минимум жизни, минимум бытия».

Диалог есть необходимое условие философствования. Диалогические отношения служат каркасом философско-гуманитарного исследования в целом ряде областей.

Формирующаяся интегральная философия взаимопонимания является концептуально-методологической и мировоззренческой основой духовного согласия и социальной стабильности современного полиэтнического общества. В этом процессе происходит взаимный обмен ценностями, необходимыми для жизни и развития взаимодействующих культур, и на этой основе формируется единое по духу человечество, подлинно равноправное человеческое братство.

Для достижения такой благородной цели необходимо, разумеется, чтобы и сам диалог прошел последовательные стадии, ведущие к пониманию и согласию. Первой является взаимное доверие сторон, вступающих в отношения диалога. Через доверие, умелое сочетание интересов и взаимную открытость осуществляется познание друг друга и, как следствие, возникают взаимный интерес и взаимное уважение, поскольку любая культура имеет в своем составе ценности, которые непременно вызывают интерес и уважение. И тогда диалог органично перерастает в тесное и взаимовыгодное сотрудничество.

XXI век внес ясность в понимание того, что общение должно выстраиваться как диалогическая парадигма современного мирового сообщества. Антропологический контекст общения становится в эпоху глобализации наиболее важным, потому что сегодня необходимо созидание не только истории человечества, но и человеческой истории. Это возможно только в случае признания в диалоге другой личности, ее точки зрения, ее личностной философии, ее права быть самой собой. Только тогда коммуникация становится подлинной, так в нашем общении достигается цель взаимопонимания.

Считаю, что только личностная философия способна к осуществлению универсального согласия, которое осуществляется

через сохранение и, более того, поощрение и санкционирование различий. Согласие предполагает сбережение и продвижение различий и, следовательно, основывается не на подавлении и насилии, а на внутреннем взаимопонимании, притяжении души, национальных характеров и менталитетов. Согласие в такой постановке вводится в контекст взаимопонимания.

Взаимопонимание не сводится к рациональным процедурам объяснения, но предполагает подключение эмоций, экспрессии, интуиции, жизненной мудрости. Личностная философия пробуждает к творческому поиску, к свободному размышлению, и поскольку философия имеет личностный смысл и личностный характер, она несет в мир событийность личности и многообразие культур.

Имея в виду установление прочного и равноправного диалога между цивилизациями Востока и Запада, взвешенный, сбалансированный и гармоничный тип их взаимодействия и взаимообогащения, можно сказать, что философия взаимопонимания – это поистине философия будущего, нацеленная на решение тех острых проблем и задач, которые взывают к нам из прошлого во имя нашего достойного существования и сосуществования народов в новом тысячелетии.

Это философия евразийская, а значит, умеющая соединять достоинства Запада и Востока, Европы и Азии. Точно так же и по своему мировоззренческому и идейному потенциалу и содержанию отечественная философская мысль, безусловно, пропитана пафосом взаимного уважения сочетающихся в ней культур, духом соборности, братской открытости инокультурным влияниям и достижениям.

Это вселяет не только гордость за отечественную философскую культуру взаимопонимания, но и возлагает на всякого исследующего и творящего эту культуру ответственное требование сохранить и всемерно актуализировать ее гуманистический и толерантный потенциал. И именно аль-Фараби стоял у истоков построения современного толерантного мира.

Аль-Фараби и его опыт философствования уникальны тем, что ему удалось раскрыть смысл и ценность концепта взаимопонимания между греческой и исламской философией. Доказать их влияние друг на друга не представляется возможным, да в этом и нет необходимости. Но факт признания того, что в мире существует единое интеллектуальное пространство взаимопонимания

и своими истоками оно пребывает в философии, – вот что главное. Основываясь на таком опыте, мы в казахстанской философии созидаем сегодня полнокровную диалогическую философию взаимопонимания, необходимую в эпоху расширяющейся глобализации.

Формирование единого пространства диалога культур и цивилизаций становится одной из приоритетных форм социального и культурного обустройства современного конфликтного, полного противоречий мира. Диалог как форма взаимопонимания, сотрудничества и сосуществования этносов есть реальная альтернатива насилию, доминированию, господству, монополии.

Казахстан – одна из редких стран современного мира, где созданная Нурсултаном Назарбаевым модель межэтнической толерантности и общественного согласия успешно реализуется. Идеи диалога, толерантности, взаимопонимания и согласия заложены в истоках народного духа, казахской традиционной культуры, философского наследия аль-Фараби. Он воплотил в своем творчестве идею диалога культур, прежде всего античной, тюркской и мусульманской.

Идеи аль-Фараби и философия взаимопонимания вводятся также в дискурс современной философии и в казахстанский социокультурный контекст. Ответ на вопрос, что такое взаимопонимание, с позиций аль-Фараби дается при анализе двух основных аспектов теории взаимопонимания: онтологического и коммуникативного. Взаимопонимание есть способ бытия человека в мире, приращения в нем духовности. Наследие аль-Фараби ныне трактуется в ключе исламской духовности и исламской культуры.

Аль-Фараби одним из первых в мировом философском пространстве обнаруживает онтологический характер понимания и взаимопонимания. При этом онтология выступает целостным учением о Боге, мире и человеке.

Второй важный аспект проблемы взаимопонимания – коммуникативный, связанный с философией языка. Новая структура мировой эпохи – это система диалога, взаимопонимания и согласия, глобальной этики ненасилия.

В современных условиях формирование единого пространства диалога культур и цивилизаций, в котором обретается желанное и необходимое согласие, становится одной из приоритетных форм

социального и культурного обустройства конфликтного, полного противоречий мира. Диалог как форма взаимопонимания, сотрудничества и сосуществования этносов есть реальная альтернатива насилию, доминированию, господству, монополии.

Объективная историческая тенденция к формированию нового многополярного, многополюсного человеческого сообщества встречает упорное сопротивление со стороны тех сил, которые не желают видеть мир децентризованным и согласованным, навязывая свои позиции и политическую волю другим странам и народам. Это, по сути, исторически изжившая себя практика поддержания мнимого согласия, псевдосвободы и квазидемократии путем искоренения подлинного, внутреннего согласия и демократических свобод. Диалог культур и цивилизаций может стать мощным заслоном к политике такого рода, демонстрируя возможности и способы иного структурирования мира и достижения подлинного взаимопонимания и согласия.

Мы пришли к выводу, что согласие стало общепланетарным императивом. Оно должно осуществляться через и благодаря различиям индивидуального и этнического происхождения и поэтому носит не внешний характер, а является следствием внутренних импульсов, глубинного диалога и межкультурной коммуникации. Можно возразить: дескать, современному сообществу еще далеко до такого согласия, ибо пока что в однополярном мире торжествуют сила и доминирование одной супердержавы. Однако это уже не соответствует действительности. Формируются значительные противовесы в лице Европейского Союза, объединяющего 25 государств, а также в лице других интегративных объединений – таможенный союз Казахстана, России, Белоруссии, Армении и Кыргызстана. Кроме того, говоря о культуре согласия, мы имеем в виду не столько существующее положение вещей, сколько моделируем будущее, должное. Именно таково предназначение теории: прочертить вектор в будущее, откуда и будет осуществляться детерминация настоящего.

Литература:

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. Сост. С.Г. Бочаров. - М.: Искусство, 1979. – 424 с.

2. Нысанбаев А.Н. Философия взаимопонимания. – Алматы, Гл ред. «Казахская энциклопедия», 2008. – 254 с.

Нұрышева Гүлжиһан Жұмабайқызы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия кафедрасының меңгерушісі,
философия ғылымдарының докторы, профессор;

Хасанова Ася Маратқызы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия
кафедрасының докторанты

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНЫҢ ШЕТЕЛДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Рационалдық дәстүрдің көрнекті өкілі, ғұлама ғалым-энциклопедист Әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге ислам философтары ғана емес, Еуропа философтары да атасалысты. XX ғасырдың басында оның мұрасын А. Мец, Ф. Каплстон, А. Массэ, Ф. Габриэли және басқа ғалымдар зерттегені белгілі. Бұл дәстүр қазір де жалғасуды. Оның рухани мұрасына деген қызығушылықтың артып отырғанын атап өту қажет. Мысалы, әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған шаралар 1975 жылы Бағдад, Мәскеу және Алматы қалаларында ғана өтсе, қазір көлемді зерттеулер көптеген Таяу Шығыс, Еуропа, Америка университеттері мен ғылыми орталықтарының ғылыми-ізденіс бағдарламалары аясында жүзеге асырылып отыр. Мұндай зерттеулерді Орта ғасыр философиясы, араб философиясының тарихы, мәдениеттану және пәнаралық ізденістер салаларының жекелеген маман-ғалымдары да жүргізуде. Бұл ізденістердің нәтижелері көптеген монографиялар мен ғылыми мақалаларда, Encyclopaedia Iranica, Оксфорд және Стэнфорд философиялық энциклопедияларының қомақты тақырыптық бөлімдерінде баспа түрінде де, онлайн форматта да жарияланып келеді.

Қазіргі заманғы фарабитанушы ғалымның халықаралық жиынтық портретін беру қиын, себебі олар әртүрлі буынның, саналуан, кейде тіпті бір-біріне қарама-қарсы ғылыми көзқарастардың, мектептер мен бағыттардың өкілдері. Бірақ адамзат үшін әл-Фараби сияқты әмбебап ұстаздар, мәдениеттердің интеграторлары осынысымен құнды, үздіксіз жүргізіліп отырған мұндай ізденістер ғалымдардың халықаралық қауымдастығының әлеуетін де,

философиялық қауымдастықтың ішкі байланыстарын да нығайта түседі.

Әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге бағытталған қазіргі заманғы ізденістерге қысқаша шолу жасалатын бірінші мақаламызды (француз, түрік, неміс фарабитанушылары туралы мақалалар да дайындалуда) Таяу Шығыс фарабитанушыларынан бастаймыз. Олардың басым көпшілігі араб елдерінде де, Еуропа мен Америкада да білім алып, ізденістер жүргізу және еңбектерін жариялау мүмкіндігіне ие болды.

Орта ғасыр философиясы бойынша ең беделді мамандардың бірі Ирак-Америка исламтанушысы және арабисі, Гарвард университетінің құрметті профессоры Мухсин Махди. Ол өз ізденістерін әл-Фарабидің әлемдік ғылыми қоғамдастыққа әлі беймәлім еңбектерін қалпына келтіріп, аударуға және өңдеуге бағыттады. Оның түпнұсқаларды мұқият зерттеуінің маңызы аса зор. Мухсин Махдидің 1969 жылы алғаш жарық көрген *Philosophy of Plato and Aristotle: Al-Farabi's.* (Әл-Фараби: Платон мен Аристотель философиясы) [1] монографиясы төрт тілде 33 рет қайта басылып шықты. Автор әл-Фараби еңбектері терең талдау жасап, екінші Ұстазды дінді және оның саяси философияға қатысын түсінудің жаңа негіздерін қалауға ұмтылған ұлы ғалым ретінде көрсетеді.

Тағы бір беделді фарабитанушы – ортағасырлық ислам философиясын зерттеуші маман, Ливан, Ұлыбритания, Америкада дәріс жүргізген профессор Маджид Фахри. Ол – бірнеше рет басылып шыққан *A History of Islamic Philosophy* (Ислам философиясының тарихы) еңбегінің [2], сонымен қатар Екінші Ұстаздың өмірі мен туындыларын зерттеуге арналған *Al-Fārābī: Founder of Islamic Neoplatonism, His Life, Works and Influence* (Әл-Фараби: ислам неоплатонизмінің негізін салушы, оның өмірі, еңбектері және ықпалы) [3] монографиясының авторы. Маджид Фахри Фарабиді грек философиясы мен араби философиясын, мұсылмандық Шығыс пен латындық Батыстың арасын жалғастырушы көпір ретінде қарастырып, философия тарихында оның маңызының зор екендігін атап көрсетеді. Сонымен қатар, автор әл-Фарабидің философиялық мұрасының тарихи рөлі, оның әл-Газали, Ибн Бадж, Ибн Рушд сияқты ойшылдарға, Шығыс және Батыс философиясына жалпы ықпалы туралы өзіндік көзқарасын ұсынды.

1980-90 жылдары Таяу шығыс философтары әл-Фараби еңбектерін Аристотель негізін қалаған, Батыста кең тараған тіл философиясы және формалды логика негіздері тұрғысынан талдай бастады. Бейруттің Америка университетінің профессоры Фуад Хаддад *Al Farabi's Theory of Communication* (Әл-Фарабидің коммуникация теориясы) [4] еңбегінде әл-Фарабидің логикаға және оның грамматикаға қатынасын зерттейді. Таяу Шығыстық тарихшы және зерттеуші, бірқатар ғылыми кітаптар мен мақалалардың авторы, профессор Шукри Абед *Aristotelian Logic and the Arabic Language in Alfārābī* (Әл-Фараби еңбектеріндегі Аристотель логикасы және араб тілі) [5] монографиясында Аристотельдің логикалық трактаттарына әл-Фарабидің реакциясын жүйелі түрде, логикалық-лингвистік тұрғыдан зерттеді. Шукри Абед әл-Фараби ілімін тілді логика құралы және логиканы тілді талдау құралы ретінде түсіну арқылы қарастырады. Ол әл-Фараби X ғасырда айтып кеткен көптеген тұжырымдар әлі күнге дейін өзекті екенін және оларды қазіргі философиялық мәселелерді шешу үшін қолдануға болатынын дәлелдеді. Шукри Абед әл-Фараби тіл, араб логиктері айтқандай, тілдің ішінде қалыптаспайды дегенін көрсетеді. Бұл пікір қазіргі заманғы тіл теорияларының ұстанымдарына сай келеді. Тілдің қалыптасуына көптеген факкторлар әсер етеді, алайда терминдердің философиялық мағыналары ғана ең ерекше және маңызды болып саналады. Шукри Абед әл-Фарабидің араб тілінің кейбір қырларын талдауы (мысалы, Аристотель логикасына қатысты алғанда араб етістіктерінің жүйесі; осы шақты сөзбен айту мүмкін еместігі, етістіктердің арабша жүйесінің тағы да басқа ерекшеліктері) басқа кез келген тіл сияқты, араб тілі де әмбебап логикалық құрылымдарға сай келетінін, ал табиғи тілдер олардың нақты көрінісі ғана екенін көрнекі сипаттап берді [5].

Аралас тақырыпқа арналған тағы бір іргелі зерттеуді Ұлыбритания философы Салим Кемал жариялады. Кант пен Ницшені зерттей отырып, ол өз ізденістерінің бірін эллиндік логика дәстүрінің поэтика мен эстетиканың ортағасырлық мұсылмандық интерпретациясында бейнелеуін сараптауға арнады. Поэтиканы аргументацияның логикалық, өз алдына бөлек, жеке формасы деп санауға бола ма деген сұрақ қоя отырып, Салим Кемал өзінің *The Poetics of Alfarabi and Avicenna* (Әл-Фараби мен Ибн Синаның поэтикасы) [6] кітабында тарихи зерттеу жүргізіп,

әл-Фараби мен Ибн Сина поэтикалық дискурстің логикалық және моральдық күшін қалай негіздегенін, поэзияны логикалық түрде, яғни әмбебап ақиқат деп қабылдауға болатын дискурстің формасы деп неге атағанын талдайды. Өзінің кейінгі зерттеулерінде Салим Кемал әл-Фараби, Ибн Сина және Ибн Рушд поэтикалық ақиқаттылық (сұлулық) және қоғамдағы адамдар арасындағы әділ қарым-қатынастар (ізгілік) концепциясын қалай түсінетіндерін қарастырады.

Араб логикасының тарихы бойынша зерттеулерді Лейден университетінің (Нидерланды) профессоры, парсы және араб тілдерінен аудармашы, қайталанбас және жан-жақты салыстырмалы талдау болып саналатын *Al-Fārābī and Aristotelian syllogistics: Greek theory and Islamic practice* (Әл-Фараби және Аристотель силлогистикасы: грек теориясы және ислам практикасы [7] еңбегінің авторы Джоэп Ламир жалғастырды. Ұлыбританияның белгілі фарабитанушысы Иан Неттон атап көрсеткендей, Джоэп Ламирдің Аристотель мен әл-Фараби аналитикасындағы парадигма мәселесіне арналған монографиясы «араб логикасын зерттейтін адам міндетті түрде оқуы тиіс негізгі еңбек». Кітап ислам құқығы, теологиясы және ислам саяси философиясы тарихына қызығушылық танытқан зерттеушілер үшін де өте пайдалы.

Әріптестері «Әл-Фараби мұрасы бойынша ағылшын тілінде жазылған ең үздік кітап» деп атаған тағы бір зерттеу – Америка философы және саясаттанушысы Кристофер Колмоның *Breaking with Athens. Alfarabi as Founder* (Афинадан бас тарту. Әл-Фараби – негіз қалаушы) монографиясы [8]. Әл-Фараби еңбегінің бұрын ескерілмеген қырларына назар аудара отырып, Кристофер Колмо Екінші ұстазды Платон мен Аристотельдің ізбасары деуге болмайды деп тұжырымдайды. Оның пікірінше, «Бақытқа жету туралы» трактатында әл-Фараби антика дәуірінен түпкілікті ажырап, жаңа саяси философияны – бақытқа жету философиясын қалыптастырды.

Фарабитанудың 1990 жылдардың ортасында Америкада гүлденуі Герберт Дэвидсонның *Alfarabi, Avicenna, and Averroes, on Intellect: Their Cosmologies, Theories of the Active Intellect, and Theories of Human Intellect* (Әл-Фараби, Ибн Сина және Ибн Рушд интеллект туралы: олардың космологиясы, белсенді интеллект теориялары және адам интеллектісі теориялары) [9] еңбегінің

жарыққа шығуымен байланысты. Бұл туындыда түпнұсқалар – интеллект мәселесі бойынша грек, ежелгі араб және Орта ғасыр ойшылдарының еңбектері терең және сапалы талданған. *Journal of Neoplatonic Studies* журналы Герберт Дэвидсонның осы кітабын «бірегей мәтіндер антологиясы» және оны Орта ғасырдың философиясы мен діни ойын зерттеушілер оқуға міндетті деп атады [10].

Екінші ұстаздың мұрасына арналған кейінгі зерттеулердің арасынан Америка философы Джошуа Паренстің *An Islamic Philosophy of Virtuous Religions: Introducing Alfarabi* (Ізгі діндердің ислам философиясы: әл-Фараби іліміне кіріспе) жұмысын атап көрсеткен дұрыс [11]. Ол әл-Фарабидің философиялық пайымдаулары қазіргі таңда аса өзекті дей отырып, «Әл-Фараби идеяларын зерттеу ислам саяси дүниесінің кең аясында, оған тән соғыс, тирания және әлемдік билік тақырыптарымен бірге жүргізілуі тиіс» деп тұжырымдайды. Паренс әл-Фараби «Бақытқа жету туралы» трактатында ислам дүниесінің жалпы танылуға ұмтылысында қандай үкімет пен дін қажет екені туралы пайымдайды дей отырып, әл-Фараби бірнеше ізгі діннің болуы мүмкін бе деген сұрақ қойғанына және оның шешімі діндердің бәрін тең деп жариялауда еместігін ескерткеніне назар аударады. Керісінше, әл-Фараби дінді саясаттан бөлмейді және бір дінді екіншісінен жоғары қоюдан бас тартпайды, ол өз оқырманына білім беруді көздейді дейді Паренс. Джошуа Паренстің пікірінше, осындай білім қазіргі мұсылмандар үшін де, мұсылман еместер үшін де ерекше маңызды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң шетелдік серіктесі, Философия кафедрасының докторанттарын дайындау ісіне атсалысып келе жатқан грек ғалымы, антика және Орта ғасыр философиясын зерттеу маманы Георгиос Стейрис өзінің еңбектерінде әл-Фараби саяси философияның діннен жоғары тұруы және философтарға мемлекет басқару ісін жүзеге асыру мүмкіндігін беру сияқты саяси феномендерге назар аударды деп жазады. *Globalization in the early Arabic philosophy* (Ежелгі араб философиясындағы жаһандану) [12, 77-86 бб.] мақаласында Стейрис әл-Фараби қаланы саяси ассоциация формасы ретінде сынайды, себебі қала тиранияны қолдайды деп есептеді деп тұжырымдады. Жаһандық саяси ассоциация құрудың қиындықтары туралы Әл-Фарабидің пайымдауларын қайта бағалау қазіргі заманғы адамзат үшін де өте пайдалы екені күмәнсіз.

Әл-Фараби мұрасын қазіргі дәуірмен салыстыра талдаған тағы бір ғалым – Американың жас саясаттанушысы және компарависі Александер Орвин. 2017 жылы жарық көрген *Redefining the Muslim Community: Ethnicity, Religion, and Politics in the Thought of Alfarabi* (Мұсылман қоғамын қайта қарастыру: әл-Фараби іліміндегі этникалық, дін және саясат) [13] монографиясында Александер Орвин саяси философия тарихында әл-Фараби өзінің ұлт немесе арабша «умма» тақырыбына риторикасымен ерекше орын алады деп атап көрсетеді. «Умма» термині жалпы ислам діни қоғамын да, сонымен қатар, осы қоғамды құрайтын түрік, парсы, және араб этникалық топтарын да сипаттауға қолданылады. Александер Орвин өзінің тұжырымдарын әл-Фарабидің «Музыка кітабы» сияқты энциклопедиялық мазмұнға ие трактаттарына, саяси еңбектеріне және логикалық комментарийлерге негіздейді. Кітаптың аннотациясында ол кезінде әл-Фараби зерттеген этникалық және діни уммалардың арасындағы шиеленіс қазір де сақталып, исламның әртүрлі ұлттарының саяси және мәдени пікірталастары бүгінгі таңда да жалғасып отырғандығын ескертеді. Орвиннің пікірінше, әртүрлі уммаларды елемей немесе басып-жаншымай, оларды мойындап, бейімделуді ұсына отырып, әл-Фараби мәдениет пен дінді тең қоятын қазіргі заманғы ислам өркениеті концепциясын алдынала жасай білді. Яғни, әл-Фараби әдеттегі мұсылман қоғамы сияқты аса қатаң, әртүрлі этникалық және діни топтарды тұтас құрылымға мәжбүрлі түрде біріктіруге бейім умманы емес, креативті жаңа умманы ұсынды. Орвиннің пікірінше, әл-Фараби ұсынған мәдени плюрализмді, діни икемділікті және саяси сақтықты қисынды үйлестіру әртүрлі қоғамдастықтар арасында қазір де сақталып отырған алауыздықты азайтуға бағыт-бағдар бола алады [13].

Мақаламыздың басында айтқандай, әл-Фарабидің рухани мұрасына қызығушылық жылдан жылға арта түсуде. Қазіргі заманғы компаравистік және пәнаралық зерттеулер әл-Фараби еңбектерінде ұсынылған маңызды алғышарттар мен дәйекті негіздерді жаңаша талдап, бүгінгі адамзат қойып отырған мәселелерді шешуге қолдануға жол ашады.

Әлемді жайлаған қиындыққа қарамастан, Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналып өткізіліп жатқан онлайн шаралар қазіргі философиялық қоғамдастықтың мәдени ортақтығы мен

дәстүрлер күшінің және ғасырлардың үзілмейтін байланысының мықтылығының дәлелі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия кафедрасының фарабитанушылары да Екінші ұстаз туралы шетелде ағылшын, француз, неміс, араб, түрік тілдерінде жарияланған ғылыми еңбектерді зерттеуді жалғастыра отырып, осы іске өз үлестерін қосады.

Әдебиеттер:

1. Muhsin Mahdi. Philosophy of Plato and Aristotle: Al-Farabi's. Ithaca, N.Y.: Cornell University Press, 1969, 158. Al-Farabi's Philosophy of Plato and Aristotle. Ithaca, N.Y.: Cornell University Press, 2001.

2. Fakhry Majid. A History of Islamic Philosophy. Columbia University Press, 2004, 430.

3. Fakhry Majid. Al-Fārābī: Founder of Islamic Neoplatonism, His Life, Works and Influence. Oneworld Publications, Oxford. 2002,177.

4. Haddad Said Fuad, Al Farabi's Theory of Communication. AUB Press 1989, Beirut; Syracuse Univ. Press, 1989, 192.

5. Abed Shukri. Aristotelian Logic and the Arabic Language in Alfārābī. Albany: State University of New York Press, 1991, 201.

6. Kemal Salim. The Poetics of Alfarabi and Avicenna. Leiden: E.J. Brill, 1991, 284.

7. Lameer Joep. Al-Fārābī and Aristotelian syllogistics: Greek theory and Islamic practice. Brill, 351.

8. Colmo Christopher. Breaking with Athens. Alfarabi as Founder. Lexington Books, 2005, 200.

9. Davidson Herbert. Alfarabi, Avicenna, and Averroes, on Intellect: Their Cosmologies, Theories of the Active Intellect, and Theories of Human Intellect. Oxford University Press, 1992, 384.

10. https://www.amazon.ca/Alfarabi-Avicenna-Averroes-Intellect Cosmologies/dp/0195074238

11. Parens Joshua. An Islamic Philosophy of Virtuous Religions: Introducing Alfarabi. State University of New York Press, 2006.

12. Steiris Georgios, Globalization in the early Arabic philosophy. Παγκοσμίωση και Δημοκρατία (Globalization and Democracy). 2009, Athens: International Scientific Society of Ancient Greek Philosophy, c.77-86.

13. Orwin Alexander. Redefining the Muslim Community: Ethnicity, Religion, and Politics in the Thought of Alfarabi. University of Pennsylvania Press, 2017, 250.

Тайжанов Алтай Тайжанұлы,
Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, философия ғылымдарының докторы, профессор

ӘЛ – ФАРАБИ ДІНИ ІЛІМНІҢ, «ТӘҢІРЛІК» ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫСЫ ТУРАЛЫ

Бұрынғы тоталитарлық жүйеден есеңгіреген біздер, Әл-Фарабидің отандастары, қазіргі уақытта шынайы энциклопедистің көңіл аударған барша мәселелеріне зер салып, назар аударуға мүмкіндік алдық. Бұрын біздің зерттеушілер Әл-Фарабиден материалистік көзқарас іздеп, атеистік ұғым түсініктер «тауып», оны «жақсы» атандырып жүрсек, ендігі жерде Әл-Фарабиді шынайы, өз деңгейінде танып білуде. Әл-Фараби ілімінің үлкен бір бөлігі – оның теологиялық жүйесі, құдайдың, немесе, бірінші Тұлғаның барлығына шүбә келтірмеу ілімі. Теологиялық жүйе Әл-Фарабидің барлық еңбектерінде кездесіп отырады, бірақ ғалымның «Діннің философияға қатысы» деген шығармасында толық та, анық айтылады [1, 317-354 бб.].

Фарабидің шығармашылығына деген қазақ философтарының арасындағы қалыптасып қалған стереотиптік көзқарас көбіне Тәуелсіздікке дейінгі орын алған тоталитарлық саяси – әлеуметтік жүйеге байланысты болғандықтан оларды объективті деу қиын. Олар Фарабидің өз тілімен айтсақ, тебкитке жатады. Өйткені, біз кез-келген ойшылдың шығармашылығынан тек материалистік, атеистік идеяларды іздейтін дәуірден өтіп кеттік. Бұл жерде мәселе, мейірімді де, қамқор Алланың атымен бастаған, және оған шынайы сенген Әл – Фарабидің көзқарасының ерекшелігінде. Діни ілімдердегі Құдайдың әдеттегі антропологиялық түсіндірмесінен айырмашылығы, ойшыл Тәңіріні белсенді және шығармашылық бастамаға ие Бастапқы себеп, Бастапқы мән ретінде қарастыра отырып, Бірінші Нақтылыққа, яғни, Аллаға философиялық және моралдық анықтама береді. Сонымен бірге ол Құдайды Әлемдік Ақыл, Абсолютті Даналық, Абсолютті Кемелділік, Абсолютті Сұлулық ретінде түсіндіреді. Әл-Фараби бойынша Тәңірі табиғат

күштеріне өз қалауынша үстемдік ететін әлем үстіндегі мән емес. Тәңірі оған парасатпен жетуге болатын өз мәнін парасатпен зерделейтін белсенді Бастама. Ойшылдың сөзімен айтқанда, ол өзінің мәні бойынша ақыл – парасат болып табылады, өйткені нақ осы материя нәрсенің ақыл – парасатқа айналуына және шын пайымдауына бөгет жасайды.

Осы тұрғыдан алған Әл-Фарабидің Бірінші болмыс, өзінен басқа баршаға бірлік беретін Бірінші Бірегей, өзінен басқа барша ақиқатқа ақиқат беретін Ақиқат туралы ілімі өзіне назар аудартады. Метафизика осылардың бәрінде әділетсіздіктің, кемістіктің, қайшылықтың, тәртіпсіздіктің және үйлесімсіздіктің болмайтынын түсіндіреді. Және тегі осылардың бәрінде *(Алла – тағаланың әрекеттерінде)* кемшіліктер де, қателер де жоқ. Сонан соң бұл ғылым Алла – тағалада, Оның әрекеттерінде және Оның жаратқан нақты заттарында кемшіліктер бар деп жорамал жасайтын «күнә» пікірлерге тойтарыс береді [2, 35 б.].

Әл-Фарабидің білікті ғұлама ретінде дінге берген анықтамасы да көңіл аударарлық: «Дін дегеніміз – жаратушының ықыласынан туған пиғыл мен қимыл. Діннің жәрдемімен барлығымыз өзіміздің түпкілікті мақсатымызға жетеміз» [1, 317б.]. Әл-Фарабидің «барлығымыз» дегені белгілі бір тайпа, қаланың, әлде өлкенің тұрғындары, немесе, «үлгілі қаланың» жұрты, халық, немесе, көптеген халықтар жиынтығы, біздің қазіргі түсінігіміздегі – ӘЛЕУМЕТ. Егер бірінші әмір *(әкім)* әділ болып оның басқару жүйесі де әділ болса ол әділеттілікті өзінен де, оған бағынышты әр адамнан да талап етеді. Сонда ғана дін әділ атанбақ. Ал егер басқару жүйесі әділетсіз болып, сол жүйе арқылы әлгі әмір *(әкім)* белгілі бір игілікке – денсаулық пен байлыққа, бақыт пен табысқа кенелдім-ақ дегенмен, ол шынайы бақытты бола алмайды. Ондай билеуші надандардың ортасынан табылмақ. Әл-Фараби мұндай логикалық қателіктің түп негізін Алланың шапағатымен байланыстырады. Сөйтіп Жаратушыны жақтаған Әл-Фараби қоғамдық құбылыстардың негізінде Алла – тағаланың тікелей құзырымен орайластырады.

Теориялық көзқарастарға Әл-Фараби Құран қағидаларын топтайды. Бұл жағынан араларында екі мың жыл жатқанына қарамай

Абай мен Әл-Фараби көзқарасы бір жерден шығады. Абай Әл-Фараби бұл саладағы теориялық ізденістерін «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп келте қайырады.

Әл-Фараби дін уағыздаушысы ретінде діннің теориялық мәселелеріне назар аударады. Дін мен иман – шариғат пен суннат секілді бірінің орнына бірі қолданылатын синонимдер. Бұл тұста Әл-Фараби көктің адамы емес, жердің перзенті екенін көрсетеді. Ол дінді адам қажеттілігіне жарататын жолда. Көптеген адамдар шариғатты діннің негізгі талабынан туындаған қимыл – әрекет деп түсінеді, Әл-Фараби оны басқаша дін қоршауында қалған көзқарастар жиынтығы – шариғат деп түсіндіреді.

Дін екі бөліктен тұрады – бірі көзқарасты белгілеу де, екіншісі – мінез – құлықты анықтау. Бұл жерде Әл-Фараби плюралистік методологияны ұстанады. Үлгілі дін философияға ұқсас [1, 324 б.] деп Әл-Фараби дінге аса биік баға береді. Философия да теориялық және практикалық күнделікті қажеттілікке сай екі топқа жіктеледі. Теориялық философия – адамның философиялық заңдылықтарды рухани игеріп, бірақ жүзеге асыра алмаған бөлігі. Практикалық философия – адам оның заңдылықтарын игеріп, танып барып жүзеге асырған бөлігі. Әл-Фараби шығармашылығын зерделеу барысында ортағасырлық мұсылман перипатетиктерінің қазіргі ғылым жетістіктерінен аса қалыс қалмағандығын аңғарамыз. Бұл, әсіресе Әл-Фарабидің пәндерді жүйелеу барысында төбе көрсетіп отырады [1, 351 б.].

Діннің теориялық көзқарастардың өзінің дәлелдерін философиядан тауып, оны еш дәлелсіз қабылдайды деп шешеді. Сөйтіп, ғұламаның пайымдауынша, діннің екі бөлігі де философиядан қуат алған болып шығады.

Диалектика (*джалал*) мен уағыз (*насихат*) не үшін керек екен деп қойған өз сұрағына, Әл-Фараби «бұл екеуі де адамдарды түзу жолдан адастырмау үшін» деп жауап береді. Еңбектің 7 және 8 бөліктері бірінші басшы мен оның мұрагерлерінің шариғат жолымен ел билеу мен фикхты құрастырудың тәсілдемесіне арналады. Бұл жерде біз Әл-Фарабиді ірі заңгер ретінде де танып білеміз.

Шығарманың 11-26 баптары түгелдей дерлік Азаматтық ғылымға арналады да, Бақыт категориясы егжей-тегжейлі ашыла-

ды. Бақыт екі түрлі болады дейді Әл-Фараби. Бірі – қазақ құлағына ежелден сіңісті «алдамшы» бақыт. Алдамшы бақыт – игілік. Кемелді бақыт не о дүниеде, не бұ дүниеде жоқ бақыттың шыңы, ол идеалды формада болуы мүмкін дейді ойшыл. Азаматтық ғылым адамдардың мінез – құлқын, өмір сүру салтын, қабілетін зерделей отырып, оны үлгі ұстануы парыз.

Ғаламда бір де бір зат ең бастапқы жаратушыдан кемелді болуы мүмкін емес. Аралықта тұрған әр зат, не құбылыс, ең алғашқы басшының құзырына бағынбақ. Сонымен бірге ғылым осы заттардың өзара байланысын, олардың көптігіне қарамай қатарласу тәртібі мен өзара қимыл – әрекетін бір заттың тәртібіндей танытып отырады. Ғылым бұл қағидаларды адамзаттың рухани күшімен де, адамның органдарымен де байланыстырады.

Осы ғаламның біртіндеп өзгеру жүйесі Алла дәрежесіне жетіп барып тынады, тамамдалады. Бірінші басшының билік саясаты Алланың дегенінен шықпауы парыз. Бір сөзбен айтқанда Алланың құзырына көніп, соның жолымен жүру керек. Сонда ғана кемелді бақытқа жету мүмкін деген теологиялық шартты сөзбен аяқтайды өз ойын Әл-Фараби.

Діни сенімді қорғау әдістері мен көзқарастарына келетін болсақ, догматикалық діни ілімнің білгірлері оны былай деп есептейді: түрліше діни көзқарастар мен қағидаларды *әдеттегі* адамдық көзқарастармен, пайымдаулармен және интеллектімен қорғауға болмайды, өйткені тәңірлік аяндардан алынғандықтан, діни көзқарастар неғұрлым биік сатыда тұр, ал оның тағы бір себебі ол сенімдерде адам парасатының шамасы жетпейтін тәңірлік құпиялар бар дейді. Нақ сол сияқты адам дінді аян беру жолымен ғана анықтай алады; бұл аянды ол өзінің интеллектісі арқылы тани алмайды, өйткені интеллект бұл үшін өте әлсіз. Бұлай болмаған күнде, егер адам өзінің білетінін, немесе, біле алатынын ой сарабына сала отырып, өзінің интеллектісі арқылы анықтаса, онда ол ашқан сырының мағынасы да, пайдасы да болмас еді.

Егер бұл осылай болатын болса, онда жұрт интеллектісіне сеніп, пайғамбаршылыққа да, аянға да мұқтаж болмас еді. Бірақ адамдардың қолынан бұл келмейді, өйткені дін ұғындыратын ілімдерге біздің интеллектіміз жете алмайды. Және тек бұл ғана

емес, сондай-ақ біздің парасатымыз жазғыратындардың бәрі және көбіне – көп өзіміз жазғыратындардың бәрі анағұрлым пайдалы болып табылады. Сондықтан, діннің келтіретіндері және интеллектінің жазғыратындары және қиялдың негізсіз деп табатыны, шындығында ұят та, сөкет те болып табылмайды, қайта тәңірлік парасатта дұрыс болып табылады[3, 246 б.].

Шынында да, адамның өзінің адамдық жаратылысында шегіне жетіп жетілсе де, мұның дәрежесі тәңірлік парасат иесіне қарағанда нәрестенің, жас баланың, немесе, тәжірибесіз адамның дәрежесін ересек адаммен салыстырғанмен бірдей. Мысалы, көптеген жас балалар мен тәжірибесіз адамдар өз ақылына сүйеніп ұят та, мүмкін емес те деуге болмайтын көп нәрселерді жазғырып, мүмкін емес дейді. Адамдық интеллектісі шарықтау шегіне жеткен адамның жағдайы да тәңірлік парасатпен салыстырғанда осы сияқты болады. Сонымен адам білімді және тәжірибелі болудан бұрын көптеген нәрселерді «сөкет» деп тауып, жазғырады, «негізсіз» деп біледі, ал білімі артып тәжірибесі байығанда бұлар жөніндегі пікірін өзгертеді де, бұрын өзі сөкет деп есептеген нәрселері, енді ол үшін қажетті нәрселер болып табылады, бұрын бір нәрсені пәлендей деп белгілегенде, соған таңырқамай жүрген болса, енді керісінше, таңырқайтын болады.

Азаматтық ғылым еріктен туған әрекеттер мен мінез-құлық түрлерін зерттейді; осы әрекеттер мен мінез-құлық туғызатын қасиеттерді, ниет – құлықты, туа біткен сапалар мен мінездерді олардың жасалу мақсаттарын, бұлар адамда қандай болу керек, қандай болуы тиістілігіне қарай олар адамда қалай орналасуы керек екенін зерттейді [3, 193 б.].

Бұл ғылым осылардың қандайы шын бақыт болып табылады, ал қандайы шындығында осылай болмаса да, қиялдағы бақыт болып табылады. Шын бақыттың бұл өмірде болуы мүмкін емес, осы өмірден соң келетін басқа өмірде ғана болады, ал бұл айтып отырғанымыз – о дүние. Қиялдағы бақытқа келсек – бұл, мысалы, байлық, дәреже, рахат – бұлардың бәрі де осы өмірдегі мақсат.

Азаматтық ғылым осы әрекеттер мен мінез-құлықтың арасын ажыратып қарайды. Бұл ғылым, мысалы, шын бақыт дегеніміздің не екенін түсіндіреді: бұл игілік, рахым және лайқаттылық,

ал осыдан басқаның барлығы зұлымдық, жексұрындық және күнәкарлық.

Адамға осы қасиеттердің даруына негіз болатын нәрсе белгілі тәртіптегі қалалар мен халықтарға тән және бірлесіп пайдаланылатын лайқатты әрекеттер мен мінез – құлық. Елді осы әрекеттерді, қалалар мен халықтар арасында нығайта түсетіндей етіп басқару қажет. Бұлай басқару үшін осыларды нығайтып, баянды етілген тәртіпті сақтау, сол әрекеттерге итермелейтін белгілі бір жұмыстың жүргізілуі, немесе, соған қабілеттің болуы шарт. Міне, осы жұмыс пен қабілет дегеніміз, патшалық немесе жоғарғы өкімет билігі, мұны адам не деп атаса да өз еркі. Ал саясат осындай жұмыстың негізі болмақшы.

Азаматтық қоғамда басқарудың екі түрі болады: басшылықтың бірі әрекеттерді, мінез – құлықты, ерік қасиеттерді шыңдай түседі, осылардың арқасында шын бақытқа қол жетеді және бұл өзі қала мен халықты қайырымшылдықпен басқару болып табылады. Осылай басқаруға бағынатын қалалар мен халықтар қайырымшыл қалалар мен халықтар болып табылады.

Басқарудың *екінші* түрі қалаларда шындығында бақыт болып табылмайтын, қиялдағы қол жеткізетін әрекеттер мен қасиеттерді нығайтады; мұндай басқару – наданшылық басқару.

Басқару көптеген қосымша түрлерге бөлінеді, мұның әрқайсысы алға қойған мақсатына қарай әр түрлі аталады. Бұл өзі сонымен бірге сол басқарудың көздейтін мақсаттары мен міндеттеріне де қарай бөлінеді. Мысалы, егер басқару байлықты көздейтін болса, онда бұл опасыз басқару деп аталады: егер о дәрежені мақсат етсе, онда бұл мансапшылдық басқару. Егер басқару әлде бір мақсатты көздесе, онда оны сол мақсатына қарай атайды.

Азаматтық ғылым қайырымшыл патшалық билігінің мынадай екі күштен құралатынын түсіндіреді: 1) әмбебап заңдардың күші; 2) азаматтық істердегі ұзақ практиканың арқасында, өзіне бағынған қалаларда мінез – құлықтар мен адамдарды басқарудың тәжірибесі нәтижесінде және ұзақ тәжірибе мен бақылау негізінде қол жеткен тәжірибесі арқасында адамның жинайтын күші.

Азаматтық философия әрекеттерді, мінез –құлықты, ерік қасиеттерін және өзінің зерттеу шеңберіне кіретіндердің бәрін зерттей келіп, жалпы заңдарды белгілеп береді. Сонымен бірге ол бұларға қандай жағдайға болса да сәйкесті анықтама береді, бұлардың қалай, неден және қанша нәрселермен анықталатындығын қалаған уақытта айтып бере алады, бірақ соңғы нәрселерде анықтама бермейді, өйткені басқа күшті актуальды анықтау оның әрекет ету шеңберіне кірмейді. Азаматтық философия азаматтық ғылымға тек қосымша ғана болуы мүмкін.

Біз шағын мақаламызда, қазіргі заман талабын ескере отырып, орта ғасырлық ойшыл Әл-Фараби шығармашылығына бұрынғы әр ойшылдың көзқарасынан материалистік, немесе, идеалистік мазмұн іздейтін европоцентристік көзқараспен қарамай, реальды тұрғыдан баға беруді мақсұт еттік. Оның Бірінші Тұлға туралы Тәңірлік ілімін де, Азаматтық ғылымдар туралы ойларын да салыстыра келіп, нәтижесінде Әл-Фараби өз заманының ойшыл – ғұламасы, ұстанымдары да соған сай деген қортындыға келдік.

Әдебиеттер:

1. Аль-Фараби. Естественно – научные трактаты. Алматы, «Наука», 1987.

2. Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы. Алматы, «Қазақ университеті», 2012.

3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, «Ғылым», 1973.

Соловьева Грета Георгиевна,
главный научный сотрудник Института философии,
политологии и религиоведения КН МОН РК,
доктор философских наук, профессор

АЛЬ-ФАРАБИ О ЗДОРОВЬЕ ДУШИ И ТЕЛА

О наследии великого нашего предка написано уже немало. Но еще предстоит перевести и обдумать многочисленные его трактаты, хранящиеся в библиотеках мира и восточных, и западных стран. Онтология, логика, политика, этика, эстетика, теория музыки – во всех науках аль-Фараби успел сказать свое веское слово. Для нас сегодня особенно важным становятся его размышления о **здоровье человека.**

Вряд ли имеет смысл в нынешней ситуации писать суперна-учные философские монографии, не затрагивающие нерва происходящих событий: **здоровье человека, здоровье семьи, народа, всей планеты.** ***Во-первых,*** опасность глобальна, никто и нигде не может от нее укрыться. ***Во-вторых,*** мы не знаем, как долго продлится охватившая мир пандемия, вынуждающая к самоизоляции, к буквальному переселению в виртуальную реальность, где проводятся он-лайн уроки, конференции, совещания, концерты, балы.. Но люди еще раз убеждаются, что Интернет не может заменить реальную жизнь с ее солнечными полянами, свежим ветерком, разговорами и общением лицом к лицу. Все с напряжением ждут, когда же закончится утомительное заточение.

Самое тревожное – незнание. Ученые многих стран, которым выделены колоссальные средства, трудятся день и ночь, чтобы разгадать шифр и код неуловимого вируса, но он мутирует, словно хамелеон, передвигается по организму, поражая один орган за другим. И ученые признаются: мы не знаем, мы ничего не знаем об этом коварном вирусе. Откуда он? Кем и с какой целью заброшен? Как его победить? Это не просто вирус. За ним стоят какие-то неведомые беспощадные силы, словно наблюдающие с удовлетворением за своим чудовищным экспериментом. Пик еще не пройден, – слышим мы каждый день, не желая знать о возрастающем числе зараженных и погибших. Но надежда, как всегда, светится в душе,

обещая скорое избавление от настигшей мир глобальной катастрофы.

суфи әрі философтардың пайғамбарлық, әулиелік концепциясына үлкен әсері болды. Фарабиден бастап басқа да философтар интуиция арқылы заттың мәніне жетуде таза рационализмге "рационалдық суфизм" жолы арқылы өтеді,[1]" дейді. Д. Бойер болса, Фарабидың философиялық жүйесінде ғана емес, оның өз өмірін толығымен нәпсінің арылуына арнағандығын, нәпсіні тазартуды-философ болудың шарты ретінде көретіндігін айтады[2]. С.Ұлыдағ, Фарабидың платондық идеалистік философиямен Аристотельдің рационалдық философияны үйлестіруге тырысуы оның философиясында мистикалық мәннің орын алуына әкеліп соқты[3]" дейді. Фараби де өзінің "Мәселелердің қайнары" (Уйун-ул Мас"аил) атты еңбегінде танымның (мушахада) ішкі психологиялық тәжірибе жолымен де болатындығын айтады. Оның ілімінде адамдық рух таным-мәліметті тікелей Тәңірден емес, пайғамбар сияқты (жәбірейілден) белсенді санадан алады. Белсенді сана Тәңір мен адамдық сана арасындағы орта бір жерден орын алады. Ал сопылықта рухани шабыт (экстаз), бірлік (уислат) сияқты категорияларда Тәңір мен адам арасында перде немесе кедергі жоқ, адам Тәңірмен тікелей үйлесімділікте болады[4].

Фараби "кемелділік дәрежесін рационалдық махаббат арқылы дәлелдеген болатын. М. Байрактар мұны Фарабидың "рационалдық суфизм теориясы" деп қарайды. Өйткені кемелділіктің себебі – махаббат. Махаббат Фарабидың ілімінде, "Ең кемелділіктің" және басқа да кемелдіктердің бірден бір дәлелі болып табылады[5]. Адам ақылмен түйсініп, тани алмайтын Тәңірге тек құдайлық махаббат, рухани шабыт арқылы ғана ұласуға болады[6]. Бұл жерде Фарабидың тағы суфизм табиғатына ойысқанын көреміз. Бірақ Фарабидың көзқарасы бойынша суфизмді белгілі бір ойлау жүйесі емес, эмпириялық-практикалық хәл ретінде бағалағаны

---

[1] Bayraktar. M., İslam Felsefesine Giriş.-Ankara: TDV Yay.,-1997. 313 s (156-176).
[2] T.J.'de Boyer, İslamda Felsefe Tarihi, çev: Yaşar Kutluay, Ankara, 1960, s.77.
[3] Uludağ, S., İslam Düşüncesinin Yapısı, Dergah Yay.,, İstanbul-1994.s.224.1
[4] Cebecioğlu E. Tasavvuf Terimleri ve Deyimleri Sözlüğü.-Ankara: Rehber Yay., 1997.-790 s. (760).
[5] Bayraktar. M. İslam Felsefesine Giriş.-Ankara: TDV Yay.,-1997. 313 s .193.
[6] Farabi. Fusus-al Hikam. 55;54; 17; 25; 26; Tahsil-us-Sa"ada, 4; Dau"a"i Kalbiyya., 3.

белгілі[1]. Х.З.Үлкен де, Фарабидың метафизика мәселесінде басқа схоластиктерді артқа тастап гностицизмге өткендігін, психологиямен теологиядағы спиритуализмі оның философиясының өзегі екендігін, Аристотельден бастап жааңаплатондық арқылы суфилік спиритуализмге өткендігін айтады.

Әл-Фарабидың көзқарасы бойынша адамның шынайы рухани кемелдікке жетуі оның танымының теориялық және практикалық тұрғыдан тең меңгерілуіне байланысты[2]. Өйткені әл-Фараби өмір сүрген уақыт пен кеңістікте философияның негізгі міндеті адамзаттың игілігіне қызмет етіп келе жатқан дін мен ғылымның бірлігін қамтамасыз ету болатын. Өйткені діннің рухы болып табылатын иман немесе имандылық ислам халифатында әртүрлі дүниетанымдық, діни және философиялық ағымдардың ықпалымен әлсірей бастады. Әл-Фараби философияның да, діннің де адамзаттың бақыты мен игілігі үшін қызмет ететіндігін, діннің адамды иман арқылы ақиқатқа жетелейтіндігін, ал философияның сол иманды рационалдық жолмен нығайтуға негізделген ойлау жүйелерін қалыптастыратындығын айтады. Бұл жөнінде атақты ислам теологы Мұхаммед ал-Бахий, “...дін–Алладан келген абстрактілі сипаттағы–ақиқат болғандықтан мәңгілік. Философияның дінге немесе иманға, имандылыққа қызметі–иман принциптерін рационалдық тұрғыдан түсіндіру, яғни имандылықты рационализациялау”, – деп түсіндіреді[3].

Әл-Фараби іліміндегі адамның мақсаты – бақыт. Адамның бақытқа қауышуы белсенді сана (“фаал ақыл”) мәртебесіне жетуі арқылы жүзеге асады. Адамның рухы Тәңірге ұмтылғанда ғана игілікке беттейді. әл-Фараби атамыз, “... игілікке ұмтылу–тек игілік үшін болғанда ғана ең ұлы бақыт болып саналады” – дейді[4]. Бұл мәртебеге жетудің жолы – дүниелік, материалдық тәуелділіктен арылу. Екінші, “...адамның бақыты, оның кемелділігі моральдық

[1] Ülken, H. Z. Türk Tefekkürü Tarihi, İstanbul, 1933, 1. Cilt, s.185.

[2] Farabi. Dava’i Kalbiyya. Haz: Ülken H.Z; Bursla K. Farabi. Kanaat Kitabevi, 127 s.

[3] al-Bahiy, Muhammed., İslam Düşüncesinin İlahi Yönü. Haz: Hizmetli S.,-Ankara:-Fecr Yay., 1997, 496 s.(310).

[4] Ebu Nasr El Farabi. Al-Madinat-ül Fadıla. Haz: Arslan A.-Ankara: Vadi Yay., 1997.-344 s. (65-66s.).

құндылықтармен өлшенеді.[1] Бұл жерде Фарабидың ойлау жүйесінің толық тұтастықта екендігін көруге болады. Бұл туралы француз философы Де Ласи Олеари "Фарабидың ілімі бақытқа жету жолында рухтың тәннен, материядан ажырауын өзіне басты мақсат етіп қояды. Оның осы жол арқылы Тәңірге қауышуға болатындығын көрсетуі Фараби ілімінің жаңаплатондық мен суфизмнің синтезі екендігін көрсетеді. Жалпы алғанда вахдат-и-вужуд теориясына қарай ойысқан үйлестіру методы екендігін көруге болады,[2]" – дейді. Осы ойды түрік философы Ж. Сунар да қуаттайды. Оның пікірінше, әл-Фараби жаңаплатондықтың әсерімен өзіне дейін тек қана хәл ілімі ретінде танылған суфизмге философиялық форма берген ең алғашқы философ болатын[3]. Дегенмен біздің ойымызша, әл-Фараби суфизмге философиялық форма берген философ ретінде емес, керісінше философияға мистикалық-сопылық мән беру арқылы тұтастыққа ұмтылған ойшыл ретінде көрінеді.

Адамның әлемнің орталығы ретінде қаралуы – Құранның принципі. Құран адамға жер бетінде Тәңірмен "тілдесіп сұхбаттаса алатын" тек жанды, әрі осы дүниедегі өзінің "халифасы-орынбасары" ретінде маңыз берген[4]. Адам шын мәнінде күрделі, қарамақарсы табиғаттағы қуаттарды өзінде топтастырған макрокосмостың көшірмесі – микрокосмос болып табылады. Түркі-ислам философиясы – кәлам, тасауыф, фикх және т.б. салаларда ғылым өкілдері мен олардың еңбектерінің жемісі. Әл-Фарабидің адамдық таным мен құдайлық таным арасындағы исламдық ғылым, философия және дін аралық қатынасын логикалық методтармен айқындағандығы белгілі. Фараби барлық еңбектерінде физикалық және метафизикалық, яғни транцендентальды әлемнен бастап тұтастай себептілік арқылы адам мен қоғамның осы әлемдегі табиғи жағдайын және болуы тиісті күйіне байланысты түсіндірме жасауға тырысқан.

---

[1] Şehsivaroğlu. B., Farabi.-İstanbul: İ.Ü. Yay., 1950, 20 s;

[2] De Lasy O'Leary, İslam Düşüncesi ve Tarihteki Yeri, çev: Yurdaydın, Yaşar Kutluay, Ank 1971, 203 s. 106.

[3] Sunar, C., İslam'da Felsefe ve Farabi, A.Ü.İ.F. Yay., Ankara, 1972. S. 56.

[4] Kur'an., İsra/70.

Оның пікірінше, өзін-өзі білетін транцендентальды “бірінші Болмыс пен Себептен” белгілі жүйе мен тәртіпке сай орналасқан әлем толығымен пайда болған соң адам мен қоғам жаратылған. Басқаша айтар болсақ, Фараби философиясында әлем екіге бөлінеді. Бірі адамның тіршілік ортасы саналатын физикалық әлем және екіншісі метафизикалық әлем. Бір жағынан транцендентальды саналы болмыстар (10 сана, 9 планета) мен аспан денелерінің орналасқан әлемі, әсіресе соның ішіндегі «белсенді сана» адамның ең жоғарғы таным көзі болып табылады. Адамның тіршілік ортасы, физикалық әлемде рет-ретімен алғашқы материя, төрт элемент пен минералдар сияқты жансыз денелер, кейіннен өсімдіктер, жануарлар мен адамдар сияқты жанды денелер жаратылған. Бұл жерде адамның қалыптасуына қатысты Фарабидің айтқан ойы, адамның болмысынан бұрын пайда болған минералдар, өсімдіктер мен жануарлардың бар болуы міндетті болса, ал адамның уақытқа қатысты бар болуы, ақиқатты тани алуы, жақсыны қалауы (ихтийар) сияқты ерекшелігіне орай осы әлемдегі ең құнды болмыс болуына қарамастан, шектеулі болмыс екендігі де түйінделеді. Демек, адам кемелденуге мұқтаж. Осы нұқсандығын адам уақыт ішінде жоя алатындығы үшін, адамның тарихы – оның кемелдену үдерісінің тарихы болып табылады.

Міне осы ұстаным исламдағы кәлам, философия және тасауф мектептерінің негізгі арқауы болды. Фарабидің сөзімен айтқанда, адам потенциалды білу қуаты бар: «потенциалды ақыл, ойлаушы, ойланылған» болмыс. Адамды потенциядан әрекетке түсіретін нәрсе, себептілік байланысында болмысқа қатысты міндетті таным (мағрифату’л – лима’ш-шай). Фараби философиясында адам өз болмыстық тіршілігін таным арқылы жүзеге асырады. Сонда Фараби түсінігінде таным мен болмыс немесе таным арқылы бар болу тең ұғым. Адам уақытқа қатысты болмыс. Адамға сол өз уақытының шарасынан асып кемелдікке, бақытқа жетуі үшін тек таным жеткіліксіз, оған қоса амалды да жүзеге асыруы шарт. Бұл Құрандағы білім алу, оны жүзеге асыру ұстанымымен үндеседі. Адамдық болмысты толық қалыптастыру өлімнен соң аяқталады. Сондықтан адамның алдында өлімнен бұрын жүзеге асыратын үш түрлі таңдау бар: Біріншіден, адам ілімі мен амалын тең дәрежеде

қолданып, жүзеге асырып, яғни парасатты адам (фазыл) болып, шексіз бақытқа (ас-саадат-ул қусуа) ұласады; екіншісінде адам тек таным, ілім иесі болып қалады, бұл жерде ол амал арқылы жүзеге аспағандықтан (фасық) шексіз бақытсыздыққа душар болады, (шақауат) яки, адам танымды да қалауды да жүзеге асырмаса, өліммен бірге жоқ болады.

Фарабидің таным мен амал немесе сөз бен істің тұтастығы ұстанымы Орта Азиядан шыққан ірі ойшыл тұлғаларымыздың шығармаларында жүйелі көрініс тапқан.

Екінші бір ортақ тұс, Фарабидің көзқарасы бойынша, адам өз бетінше жеке алғанда уақыт ішінде нұқсандығын жойып кемелдікке жете алмайды. Өйткені Фарабидің ұстанымында адам қоғамдасып тіршілік етуге мәжбүр. Бұл қажеттілік адамның (әлеуметтенуі үшін) табиғатынан туындайды. Сондықтан Фараби "адам қауымшыл тіршілік иесі" (ал-хайуану'л маданийа) дейді. Сонымен әрбір адам парасатқа қол жеткізуі үшін қоғамның ішінде болуы шарт. Дегенмен, адамның қоғам ішінде болуы, ол қоғамның басым көпшілігінің парасатты болуы, оның жеке басының бақытқа жетуі үшін жеткіліксіз. Демек, адам парасат жолындағы таным мен құндылыққа өзінше жете алмайды. Оған, ұстаз кәміл жол көрсетуші қажет.Ал қоғамдағы барлық адамның түгел дерлік бақыт пен кемелдікке жетуі де мүмкін емес. Сондықтан оларға болмысы жағынан кәміл жол көрсетуші ұстаз, ойшыл философ басшы қажет. Қоғамды парасаттылыққы шақырып, бақытқа жеткізетін адамдар тобы "таңдаулылар және қарапайым" болып екіге бөлінеді. Таңдаулылар тобындағылардың өзі екіге бөлінеді: Біріншілері – даналар (хукама, фаласифа), олардың танымдық құралы – философия, екіншілері – ғұламалар (улама, алим, ахли синаға), олардың танымдық құралы – ғылым (білім, өнер).

Фарабидің ойынша, адамды бақытқа жеткізетін құрал философия. Ал осы философиялық танымға адам екі жолмен жетеді. Біріншісі – адамның ақыл қуаты, екіншісі – оның транценденталь ұстаным болып табылатын "белсенді санамен" байланысты.

Ғылымның да философияның ұстанымдары (категориялары) "белсенді санадан" адам санасына келеді. Адам санасы осы келген ұстанымдар мен категорияларды (ма'кулат-ул ула) пайдалану,

философия жасау, дұрыс пен бұрысты (сауаб-далат) ажырату, өзін қателесуден сақтандыру дәрежесіне көтеруі арқылы ғана мүмкін болады. Сонымен философияда дұрыс пен бұрысты ажырататын, қателіктерден сақтандыратын әрине, мүмкіндігі шеңберінде, ол – логика. Адамды парасатты, бақытты қылатын, негізгі тақырыбы Алғашқы және Транцендентальды Себептен бастап барлық болмысты себеп-салдар байланысы арқылы түсіндіретін, болмыс туралы ең "айқын таным" беретін философия басқа барлық ғылымдардың атасы деп есептеледі. Бүгінгі біздің түсінігіміздегі философияны Фараби ұлы философия (ал-фалсафат-ул ула), даналық (хикмат), теориялық философия (ал-фалсафат-ун-назарийа), теология ілімі (ал-илм-ул илаһийа) және т.б. деп атайды.

Фараби философия мен дінді салыстыра келе философияның әмбебап, ал діннің ұлыс пен қоғамдарға қарай өзгеретіндігін айтады. Сондықтан қоғам, мемлекет, дін арасында тығыз байланыс бар. Қай жерде қоғам болса, сол жерде дін бар. Егер бір дін шынайы философиямен үндессе, ол дін – парасатты (ал-милла фадила) дін, ал керісінше болса, ол дін бұзылған дін (ал-милла ад-далла). Діннің теориялық және практикалық тұрғыдан үздіксіздігін қамтамасыз етуі үшін фикх пен кәлам философияға, ал факих пен кәламшы философқа көмекші болуы тиіс фикх пен кәлам, яғни діни ғылымға философия көмектесуі тиіс. Сонымен жалпы шола келе Фарабидің шығармаларындағы адамды кәмілдікке жеткізетін, парасатты, бақытты қылатын таным шынайы философиялық таным. Осы танымға қарай әрекет ету – парасаттылық. Міне осы мақсаттағы қауымды парасатты қауым, қоғамды парасатты қоғам, ұлысты парасатты ұлыс, мемлекетті парасатты мемлекет деп көрсетеді.

Әл-Фараби дін, философия және саясат арқылы адамдар арасында бірлік пен бақыттың үстемдік етуін мұрат еткендіктен, түркілік дүниетанымдық элементтер мен құбылыстарды ислам философиясы ішінде қорытып, пайдалана білді. Өйткені оның негізгі әдісі жалпы болмысты тұтастық тұрғысынан қарастыру болғандықтан, негізгі исламдық платформаға басқа дүниетанымдық пікірлер мен жүйелерді үйлестіру үшін көбінесе еркін комментарий әдісін, яғни бүгінгі герменевтикалық әдістен терең әрі кең "тауил" әдісін қолданады.

Әл-Фарабидың көзқарасы бойынша адамның шынайы рухани кемелдікке жетуі оның танымының теориялық және практикалық тұрғыдан тең меңгерілуіне байланысты. Өйткені әл-Фараби өмір сүрген уақыт пен кеңістікте философияның негізгі міндеті адамзаттың игілігіне қызмет етіп келе жатқан дін мен ғылымның бірлігін қамтамасыз ету болатын. Әл-Фараби философияның да, діннің де адамзаттың бақыты мен игілігі үшін қызмет ететіндігін, діннің адамды иман арқылы ақиқатқа жетелейтіндігін, ал философияның сол иманды рационалдық жолмен нығайтуға негізделген ойлау жүйелерін қалыптастыратындығын айтады.

"Қайырымды қала тұрғындары" атты еңбегінде әл-Фараби материядан тыс болмыс, мәңгі жаратылыс құбылысының бастауы болып табылатын алғашқы себеп – Алла туралы өте терең талдау жасағанын көруімізге болады. Бұл теория ислам философиясының маңызды бөлігін құрайды. Ай үсті және ай астындағы деп әлемді екіге бөледі. Бұл әлемдер әрдайым қозғалыс үстінде, әрі ұдайы өзгеріп отырады. Әл-Фараби "Бірдің" яғни Тәңірдің міндетті болмыс болғандығын және сол себепті де Ол өзінің "бар" болуы үшін еш нәрсеге мұқтаж еместігін қабылдайды. Ол (Тәңір) өзін-өзі тану, білу күшіне ие. Ол әрі ойлайтын (ақил), әрі ойланылатын (мақул) болмыс. Оның формасы еш нәрсеге ұқсамайды. Еш нәрсе оған ұқсамайды. Оның қарама-қайшылығы мен серігі де жоқ. Тәңірі мен көптік арасындағы байланысты әл-Фараби эманация (судур) арқылы түсіндіруге тырысады. Фараби бүкіл болмысты себеп және салдар ара қатынастармен байланысты 6 дәрежеге (себепке) бөледі: Алла (ас-сабаб ал-ауал), аспан денелері (ас-сабаб ас-саний), сана (ал-ақл ал-фаал), жан (ан-нафс), форма (ас-сурат), материя (ал-мадда). Бұлардан Алла міндетті болмыс (вужуди уажіп), ал қалғаны мүмкін болмыстар (вужуди). Бұлар бір-бірімен себеп жағынан байланысқан. Көріп отырғанымыздай Фараби философиясы ислам діні мен дүниетанымын басшылыққа алатын философия. Ойлау қалыптары грек философиясынан алынса да мазмұны исламдық болуында күмән жоқ.

Адам пайда болған кезде ондағы ең маңызды рөл алатыны азықтандырушы қуат (қууа ал-ғазия), кейін сезімдік (хасса), қиялдау (мутахаийла), ойлау (натиқа) және қалау қуаттары (нузуғия) пайда болады. Бұл бесеуі рухтың негізгі қуаттары.

Фарабидің өз дәуіріндегі атқарған ең маңызды қызметі дін мен философия арасына көпір салып, оны пайғамбарлық (нубуват) және философиялық түсінікке негіздей отырып анықтама бергендігінде жатыр. Оның пікірінше нағыз философ пен пайғамбар арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Әрқайсысының мақсаты – адамдардың бұл дүние мен о дүниедегі бақытқа қол жеткізуіне көмек беру. Алайда философ өз күшімен (ақылымен) Аллаға жету үшін көп еңбек еткендіктен пайғамбардан символикалық түрде жоғары тұрады. Әйтпесе шын мәнінде философ пайғамбардан да жоғары деп айтпаған. Бұл мәселені жете түсінбегендіктен әл-Фарабиге көптеген ғалымдар қарсы шыққан. Әл-Фараби бұл мәселеде философты пайғамбар дәрежесіне дейін көтеріп, оныменен теңестірген. Ол пайғамбарды философ дәрежесіне түсіруді ойламаған. Себебі бар мәселе әл-Фарабидің философ деп кімді айтып тұрғандығына байланысты. Бұл тұрғыдағы оның пікірі Ибн Араби секілді философтардың пайғамбарлық пен әулиелік жайлы көзқарастарына көп әсер еткен. Әл-Фарабидің пікірінше ең кемеңгер басшы – ең кемеңгер әрі бойында пайғамбарлық пен философ болу қасиеті бар адам. Ал бұл қасиеттер Хз.Мұхаммедтің бойында бар. Сондықтан да Хз.Мұхаммедті “Бірінші басшы” деп есептейді.

Міне, түркі ислам философиясы тарихындағы Фарабидің ойлау жүйесіндегі Алла туралы танымы мен түсіндірмесінде эклектизм бар. Оның себебі де қарапайым. Екеуі де Құрандағы Алланың танымы мен Аристотель, Платон философиясындағы Алла түсінігін үйлестіруден туған электизм. Мұндай «жамауға” ислам мутакаламдері қарсы шығып, философтарды сынағанымен өздері олардың ұғымдық жүйелері, қолданған методы мен қалыбынан алыстап кете алмаған. Кәламдық тұрғыдан өзіндік методологиялық сенім жүйесін қалыптастырған түркі ислам философиясында кәламдық-доктриналық мектептің негізін салған Матуридидің Алла, әлем және адам туралы идеялары да Фараби, Ибн Сина көзқарастарымен астасып жатыр. Өйткені олардың дүниетанымдық кеңістігі мен негіздері ортақ болатын.

Әл-Фарабидегі адам мәселесінен сөз қозғағанда оның дүниетанымдық, танымдық мәселелерді зерттеу методы жағынан

психологиялық пайым төңірегінде қарастырғандығын көруімізге болады. Фарабидың гносеологиялық танымында адам санасы "фаал ақыл", яғни белсенді сана тарапынан беріл-ген абстрактілі категорияларды қабылдай алады. Бұл адам санасының ең жоғарғы дәрежесі. Байқасаңыз, адам ақылы арқылы ғайып әлеміне өтіп, ғайып әлемін танып, "белсенді санаға" қауышқанда ақиқаттың бүкіл сыры мен құпиясының мәніне жете алады. Фараби өзінің "Саясат-ул Мадания" атты еңбегінде "...адам адамдық сана шыңына көтерілгенде, яғни адамдық сана мен белсенді сана (періште-жебірейіл) қосылғанда ең ұлы бақытқа кенеледі. Ең дұрыс мәліметке қол жеткізу арқылы шынайы таным – бақытқа жетеді,[1]" – дейді. Осылайша Фараби сопылық дүниетанымның рационалдық танымын әрі бақыттың теориялық негізін салады[2]. Гносеологиялық қуаттар мен қабілеттерді тәннің әрбір ағзасына (мүшесіне) орналастырған Фараби гносеологиялық танымның ішінде ең маңызды орынды қалбке (жүрекке-көңілге) берген. Фараби үшін абсолюттік гносео-орталық – қалб. Ислам қайнақтарында абсолюттік таным – жүрек (қалб), аян (уахи) және шабыт (илхам) интуиция жолы арқылы "ғайып әлемінен" (метафизикалық әлем-Тәңірден) келген мәліметтер. Фараби мұны философия арқылы түсіндіруге тырысады. Оның ойынша гносеологиялық таным адам санасы мен тәжірибесінен әрі метафизикалық қуаттар мен болмыстардың әсерінен туындайды.

Байқасаңыз, танымдық тұрғыдан Фараби мен Иасауи ілімінде айырмашылықтарға қарағанда ұқсастықтар басым. Тек Иасауи ілімінде адамның ақыл арқылы "ғайып әлеміне" өтуі мүмкін емес. Ақыл Тәңірді тануда шарасыз. Иасауи ілімінде адамның негізгі мақсаты "фаал ақыл (белсенді сана)" арқылы шынайы мәліметке қол жеткізу емес, керісінше сол белсенді сананың жаратушысы әрі барлық мәліметтердің қайнар бұлағы-Тәңірдің өзімен қосылу, оның болмысында "фана фи Аллах"(Тәңірде еру, онда жоқ болу) мақамында абсолюттік тұтастық пен бірлікке қол жеткізу болып табылады[3].

---

[1] Fahri M. İslam Felsefesi Tarihi. Haz: Tarhan K., -İstanbul: İklim Yay., -1992. 354 s. (115s.).
[2] Bayraktar. M. İslam Felsefesine Giriş.-Ankara: TDV Yay.,-1997. 313 s (184).
[3] Hoca Ahmet Yesevi. Divani Hikmet. Haz: H.Bice.-Ankara: (T.D.V.Yay.,), 1993.-238 s (5; 50; 51).

Әл-Фарабиде адамның асыл мұраты Тәңірді тану, құдайлық әлемге, яғни белсенді сана әлеміне қауышу болып табылады. Осы әлемге жеткен адам шынайы бақытқа жеткен адам. Осы мақсатқа жету, оны жүзеге асыру жолында іс-әрекет жұмсайтын адамдар "парасатты адам". Бұл ұлы мақсат адамға, қоғамға о дүниенің де бұл дүниенің де бақытын ұсынады. Өйткені шынайы бақытқа ұласуды мұрат еткендер, ұлы мұратқа тек дұрыс игі істермен, парасатты жолмен ғана ұласа алады. Бұл қай жағынан алып қарасаңыз да бұл дүниенің бақыты мен тыныштығы деген сөз[1].

Әл-Фарабидың ойынша әрбір адам бақыттың не екендігін, бақытқа жету үшін не істеу керектігін өз алдына біле алмайды. Бұл мақсатқа жету үшін ол ұстазға (мұғалімге) жол көрсетушіге (мүршитке) мұқтаж. Фарабидың шынайы ұстаз, мүршит, шын мәніндегі қаған-философ барлығы бір тұлға. Ол білім мен танымды меңгерген кемел адам. Өйткені ұлы қабілеттерге ие болған кісі белсенді сана (жебірейіл) мен байланыс құра білетін, яғни Тәңірден аян алатын пайғамбар сияқты. Адамның рухы тәніне билік жүргізгені сияқты, пайғамбардың рухы да "осы әлемде" билік жүргізеді. Өйткені ең ұлы рух пайғамбар-философта ғана болады. Сондықтан да ол пайғамбар-философтарға қасиетті рухтың иесі ретінде қарайды. Міне, осындай адам ғана шынайы бақытқа барар жолды көрсетіп бере алады. Осындай билеуші, қаған, философ тарапынан басқарылған адамдар да парасатты, бақытты адамдар. Олардың қоғамы да парасатты қоғам. Ұлты да парасатты ұлт. Иасауи де өзінің "Мират-ул Қулуб" атты рисаласында "ондай рух тек Хз. Мұхаммед пайғамбарда ғана болады. Өйткені ол "әруахтардың атасы"(рухтардың атасы)...," – деп Фарабимен үндесіп жатыр.

Әл-Фарабидың "ал-инсан-ул фазыл" (парасатты адам), категориясы суфилердің "инсани-камил" (кемел адам) концепциясына сай келеді[2]. Иасауи ілімінде де адамның асыл мұраты Тәңірді тану[3]. Фарабидегі "парасатты адам" "парасатты қоғам" "қаған-философ" "бақыт" т.с.с. ұғымдар мен категориялардың орнын Иасауи ілімінде

[1] Olguner F.Farabi.-İstanbul:-Ötüken Yayınları, 1999.-175 s.(121).

[2] Uludağ, S. İslam Düşüncesinin Yapısı, Dergah Yay.,, İstanbul-1994.286 (225s.).

[3] Hoca Ahmet Yesevi. Divani Hikmet. Haz: H.Bice.-Ankara: (T.D.V.Yay.,), 1993.-238 s (155s).

“кемел адам”, “жол көрсетуші-муршид”, “рухани еркіндік” сияқты сопылық категориялар арқылы толтырылғандығын көруге болады.

Фарабидың жан мен тән туралы көзқарастары оның метафизикасы мен психологиясы арасындағы ерекшелігі мен айырмашылығын көрсетеді. Өйткені оның көзқарасы бойынша әрбір жан кемелденуге мұқтаж және кемелдене алады да. Адамның жаны абстрактілі болмыс. Жан тәнде емес, бірақ оның қолданатын қуаттары (энергиялары) тәнде орналасқан және жан мен оның қуаттары бір-бірінен ажырай алмайды[1]. Абстрактілі болмыстар материалды емес, жоғалып кетпейді, өлмейді, олар өз субстанцияларын біліп, қабылдайды. Бұлардың әрбірінің бақыты материямен араласып кірленген болмыстардың бақытынан жоғары тұрады. Адам жаны жоғарыдағы абстрактілі болмыстардың атрибуттары секілді тек өз субстанцияларын ғана қабылдай алады. Яғни адам рухы ең жоғарғы рухты, қарама-қарсылықтарды тұтастықта ұғып, қабылдайды[2]. Фарабидың көзқарасы бойынша тәннің кемелдігін рух, ал рухтың кемелдігін “белсенді сана” қамтамасыз етеді. Бұл туралы Фараби “Фусус-ул Хикам” (Даналықтың жауһарлары) атты еңбегінде былай дейді: “Сенің болмысың екі табиғаттан тұрады: бірі түр, форма, сан, сапалық қасиетке ие, қозғалатын немесе қозғалмайтын, жайылып, бөлшектене алатын субстанция. Екіншісі де біріншіден табиғаты жағынан мүлдем басқа, жоғарыдағы атрибуттардың ешқайсысына ие емес субстанция. Осы екіншісінің мәні тек сана арқылы танылады. Басқаша айтқанда сен екі әлемнің қосындысынан тұрасың; біріншісі – ғайып әлемі, екіншісі – жаратылыс әлемі. Өйткені рухың Тәңірдің әмірінен, тәнің де Оның жаратылыс әлемінен жаратылған[3]. Байқасаңыз, әл-Фарабидың ілімінде осы “екі әлем табиғаты” жиі-жиі пікірталас көзі ретінде көрінеді. Екі әлемнің бірі бұйрық (хақ) әлемі – мәңгілік, себепсіз өздігінен бар болған, абстрактілі әлем. Екінші әлем – халқ жаратылыс әлемі. Бірінші хақ әлемінің себебімен пайда болған, сезім мүшелерінің түсініп қабылдай алатын, шектеулі әлем – осы дүние. Осы екі әлемді-бір-бірімен іштей тығыз қатынаста ұстап, біріктіріп

[1] Farabi. Tahsil-us-Sa’ada. Haz: Ülken H.3; Bursla K. Farabi. Kanaat Kitabevi., 10-13 s.
[2] Farabi. El-Mutafarik..., Haz: Ülken H.3; Bursla K. Farabi. Kanaat Kitabevi., 7s.
[3] Farabi. Fusus-al Hikam. Haz: Ülken H.3; Bursla K. Farabi. Kanaat Kitabevi., 30s.

тұрған көпір – адам. Бұл туралы әл-Фарабидың “космос-үлкен адам; адам да микрокосмос” деген сөзі кейінгі Ибн Араби және басқа да суфилер тарапынан кең қолданылған.

Әл-Фараби ілімінде жан мәңгілігі тұрғысынан тәнге мұқтаж емес. Жан кемел болмай-ақ тәннен айрылатын болса, тәнсіз-ақ кемелдікке жете алады. Тән жанның болмысы үшін шарт болғанымен, оның кемелдікке жетуі үшін шарт бола алмайды[1]. Адам рухы тәннен айрылғаннан кейін, яғни өлімнен кейінгі абстрактілі болмыстарға тән бақытқа кенеледі және мұндай бақыт ең кемелді де парасатты рухқа тән болады[2]. Рух метафизикалық әлемге тән болғандықтан да формадан жаратылмаған. Ол тәнмен бірге жаратылып, тән өлген соң да тіршілігін жалғастырады. Фараби “...физикалық өлімнен кейін жан бақыт немесе азап сияқты хәлдерге ие болады. Бұл жерде әрбір жанның хәлі әртүрлі. Яғни әр жан өзіне лайықты хәліне қауышады[3]”, дейді. Рухтың тазалығы Тәңірден келген мәліметтердің толық ұғынылуын қамтамасыз етеді. Өйткені рух адам табиғатының айнасы, негізгі субстанциясы болса, ал теориялық сана оның (айнаның жүзі) беті (формасы) сияқты[4]. Осы көзқарасына қарап Фарабидың эпистемологиясы суфизммен тікелей байланысты екендігін көруге болады. Фараби эпистемологиялық концепциясында эмпириялық психологияны дамытып отырған сияқты.

Фарабидың ілімі бойынша рух өзінің мәндік табиғатында қалаудан-құмарлықтан үстем, ұлы қасиетке ие. Оның түйсіну және ерік-жігері бар. Фарабидың көзқарасы бойынша адам ойындағы пікірлерін айтуға немесе мәлімдеуге еркі (қайрат-жігері) жетпейтін болса, ол адамды құл деп есептейді. Ал адам ой-санадан да, қайраттан да мақрұм болса, ол адам хайуан. Адам егер де ой-санасындағы пікірлерін айтуға, мәлімдеуге қайраты мен жігері жететін болса, ол адам нағыз шынайы еркін, азат адам[5]. Фараби

---

[1] Ebu Nasr El Farabi. Al-Madinat-ül Fadıla. Haz: Arslan A.-Ankara: Vadi Yay., 1997.-344 s. (94-95).

[2] Farabi. El-Mutafarik..., Haz: Ülken H.3; Bursla K. Farabi. Kanaat Kitabevi.,8s.

[3] Farabi. Uy’un-ül Masa‘il.Haz: Ülken H.3; Bursla K. Farabi. Kanaat Kitabevi., 22; Daua”i Kalbiyya, 10s.

[4] Farabi. Fusus-al Hikam. Haz: Ülken H.3; Bursla K. Farabi. Kanaat Kitabevi., 48s.

[5] Farabi, Tahsil-us-Sa’ada, s.16-17.

ілімінде адам бір жағынан ерікті, азат болғанымен, басқа тұрғыдан алғанда ерікті емес. Өйткені "әрбір әрекет өзінен бұрынғы әрекеттердің нәтижесінде" пайда болады. Бұл себептің соңы да "тағдырға" келіп тіреледі. Міне, осылайша Фараби ілімінде адам еркіндігі мен психологиялық детерминизмі параллель табиғатта қарастырылады[1].

Қорыта айтқанда, дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам өркениеті негізінде сусындаған данамыз философия арқылы адам мәселесі төңірегінде ой толғаған. Ол "инсани фазыл", яғни парасатты адам тұлғасын сомдап, кемел адамды мұрат еткен. Ұлы бақытқа жету жолында рух-сананың танымдық тұрғыдан арылтудың жолын көрсетіп отыр.Ілімінде "сөз бен іс", теория мен практиканың үйлесімділігі негізгі мақсат болып табылады. Адамның мәні-рух. ақиқат-болмысқа жету методы мен ұстанымы жағынан діндер үсті пайымдауларды ұсыну арқылы дәстүрлі түркілік дүниетанымның универсализм ерекшеліктерін көрсетіп отыр. Ал рухтың жаратылуы жөнінде Фараби рух тәнмен бірге жаратылатындығын айтады. Рухтың кемелділігі Хаққа қауышу арқылы жүзеге асады. Фараби оны белсенді сана мен адамдық сананың үйлесімділігі ретінде қарайды. Онда ішкі еркіндік – моралдық еркіндік негізгі тақырып. Танымның орталығы ретінде қалбті (көңілді) қабылдауы, исламдық дүниетаным мен Құран аяттарын негізгі принцип ретінде танығандықтарын көрсетеді.

Фараби іліміндегі адам туралы түсініктер бүгінгі қоғамымыз үшін теориялық, әрі практикалық жаңаша ойлауымызға, санадағы серпілістің жаңғыруына ықпал ететін қордалы ойдың көзі болуы себепті, әрі осы бабалар мұраларының ұлттық дүниетанымдық арнамызды қалпына келтірудегі маңызы, сыры мен сыны тұрғысынан жаңаша, жан-жақты ғылыми зерделеуді қажет етеді.

[1] Farabi, Fusüs-al Hikam. 57, 58, 59.

Молтобарова Күмісбала Ищанқызы,
ҚР ҰҚК Шекара академиясының профессоры,
философия ғылымдарының докторы

ӘЛ-ФАРАБИ ИДЕЯЛАРЫ – РУХАНИ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МӘДЕНИЕТТІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Қазіргі жағдайларда мәнісі жаңа парадигма қалыптастыру болып табылатын жаңа мәдени-философиялық мақсат туындап отырған кезде әлемге әйгілі, орасан, тақырыбы мен идеялары жағынан кең ауқымды да сантүрлі, батылдығымен, және шешімдерінің төлтумалығымен ерекшеленетін және әсері мықты шығармашылықтарымен белгілі ұлы әль-Фарабидің ойларын қарастыру – күрделі, кей-кейде дағдарыстық сипаты бар, құндылықтардың құны түсуі байқалатын шиеленісті әлеуметтік-мәдени жағдайларда күш-қуат беретін қайнар көз болып табылады. Сонымен қатар ғұлама бабамыздың шығармаларындағы идеялар, одан әрі де тәуелсіз Қазақстанда қазақтардың өзін-өзі танып білуі үшін туып отырған мүмкіндіктерге сай, арнаулы, тереңдетіп саналау керек.

Бұл тұрғыда болмыстың әртүрлі саласындағы белсенді модернизация дәуірінде мәдени-философиялық және әдістемелік жағынан келгенде де қазақ топырағында дүниеге келген ұлы бабамыз, энциклопедиялық ойшыл Әбу Наср әл-Фарабидің әртүрлі саладағы уақытқа байланысты ойларын үзілген байланыстарды жалғау, өткен онжылдықтарда маңызы кеміген адамгершілік және рухани құндылықтарға қайта оралу тұрғысынан көрсету маңызды. Бұл кезінде еуропоцентристік көзқарасқа сай неміс философы Гегельдің Шығысқа және оның мәдениетіне мейлінше немқұрайлы қарағанына жауапта болар еді.

Өйткені Гегель арабтарда философия «сырттан алынды», бұл шығармаларды аударған арабтардың өзі емес, сириялықтар, арабтарда «философия, философияның даму барысында өзіндік сатыны құрамайды» деген. Олар философияны алға жылжытқан жоқ

деген де пікірлер бар. Ал мынау еуропалықтардың өзі Шығыстың Аристотелі, екінші ұстаз деп атаған ұлы ғалым туралы айтқаны: «әль-Фараби Аристотельдің «Есту туралы» кітабын қырық рет оқыды, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқыды, және бұл оны титтей де жалықтырған жоқ. Демек оның асқазаны жақсы болуы керек». [1, 104 б].

Ал мүмкін осы 40 және 200 рет қайта оқуы шығыс ойшылының, адамзаттың рухани бірлігін бөлшектеуге және материализм мен идеализмді, ғылым мен өнерді, жаратылыстану мен гуманитарлық мәдениетті өткір күресте бір-біріне қарама-қарсы қоюға болмайтындығына көзін жеткізген болар. Өйткені, данышпан ғалым – тіл жөніндегі ғылымды, логиканы, математиканы, оптиканы, жұлдыз туралы, музыка туралы, ауырлық туралы, қонақты талғампаздықпен қабылдау туралы ғылымдарды, физика, метафизика, азаматтық ғылымды, заңгерлікті, бұлжымас құдай сөзін өзара үйлесімді, әрі тығыз байланысты, бір-бірімен үздіксіз бірлікте қарастырып, ой тастап кетті. Мысалы, Әбу Наср Мұхаммад әл-Фарабидің бір ғана «Китаб алмусика ал кабир» немесе «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегінің өзі тұтас тұжырымдама ретінде философия және ғылыми шығармашылықпен байланысты деп айтқан. Бұл трактаттың құрылымында ғылымның жіктелуін де, таным тақырыбында және т.б ұлы ойшыл үйлесімді тұрғыда қарастырған. Қазіргі кезде мұны жаратылыстану және гуманитарлық білімнің бірінғай тілінің пайда болуы деп айтамыз. Осындай түрлі ғылымдардың үйлесімділігін табуды қазіргі кезде синергетикалық тәсіл деп батыс ғалымдарының жетістігі деп жүрміз. Сонымен қатар табиғаттың әмбебап заңдарың айқындайтын түрлі пәндерді біріктіруші жаратылыстанудың жаңа эволюциялық, синергетикалық парадигмасы қалыптасып жатыр деген ұстаным да бар. Ал соңғы кезде француз математигі Рене Том және ресей математигі В.И. Арнольд өзін-өзі құрылудың көптеген үдерісін сипаттауға бейімделген апат теориясының математикалық аппаратын шығарса, шығыс данышпаны әл-Фараби жоғарыда аталған «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегінде музыка теориясының математикалық аппаратын ғана жетілдіріп ғана

қоймай соның негізінде физиканың акустика, механика мәселелері бойынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, таралуы, резонанс т.б бойынша көптеген соны пікірлер айтқан. Мұның барлығы шын мәнінде әл-Фарабидің пайымдаулары мен зерттеулерінде жасаған тұжырымдары синергетика теориясының пайда болуын алдын ала болжап қойған тәрізді.

Жалпы шығыс ғұламасының шығармашылығында көрініс тапқан ойлары, оның түрлі саладағы жетістіктері көптеген ғылыми ізденістерге тірек нүкте, бұлақ болып отыр және болашақта да өзінің жалғасын тауып жатады. Шығыстың ұлы ғұламасының ойларына үнделген сайын оның қаншалықты күрделі тақырыптарды жан-жақты терең зерделейтіндігіне көз жеткіземіз. Осы ретте бүгінгі таңда барлығымызға әйгілі әл-Фараби Аристотельдің күрделі еңбектерін алғашқылардың бірі болып батысқа танытты, олардың көп нәрсеге көзін ашты. Антик энциклопедиялық ойшылдың шығармашылығын талдай келіп, оның алғаш кез келген ғалымның философиялық және ғылыми идеяларын түсіну үшін «тоғыз заттың» қатарында философиядан танымы бар адамның басында болуы тиіс жағдайды білу, осы жөнінде түсініктің болуы, оның өмір сүру тәсілін білу қажеттілігін айтады. Осы факторлардың бәрі ғылымнан тыстай да көрінеді. Бірақ, ойшыл ғалым бұларды ерекше атап көрсетіп, сол арқылы сезімдік және басқа өмірлік жағдайлардың шындыққа қол жеткізу ісіне міндетті түрде әсер ететінін дәлелдейді.

Өзінің ойын нақтылай келе әл-Фараби ұлы Аристотель ілімін жеткізетін адамның жай-күйі әлгінде айтқанымыздай болуы тиіс. Яғни, ол өз табиғатының, ең алдымен жанының сезімталдық қасиеттерін рақатқұмарлыққа ғана емес, тек қана шындыққа, тағы да шындыққа – бағыттауға тиіс дейді. [2, 12 б]. Мұнда бір қарағанда екі түрлі құбылыс – шындық пен «сезімтал жанның қасиеттері» тікелей байланыстырылып отыр. Ал соңғысы бәрінен де көркем, әрі осы түрінде де философиялық және ғылыми шығармашылыққа шүбәсіз әсерін тигізеді.

Шынтуайтына келгенде, адам онтогенезінде эмоционалдық дауыс ырғағын түсіну сөзді түсінуден көп бұрын пайда болған.

Бұл туралы ежелгі ведалық жазуларда айтылды: рухани сананы ояту үшін трансцендентті дыбыстарды тыңдау және айту қажет. Дыбыстың сананы өзгерту қабілеті ежелден-ақ мойындалған. Фрэнсис Бэкон, рухқа кез келген өзге сезімнен гөрі есту қабілеті тезірек әсер ететінін атап көрсетті.

Алайда, қарапайым материалдық дыбыстар рухани сананы оята алмайды, деген де пайымдаулар бар. Бұл үшін рухани дыбыстық вибрацияларды тыңдау керек. Сондықтан да әлемдік діндер түгелдей дерлік «Құдай Сөзімен» медитация жасауды ұсынады.

Нейрофизиологиялық зерттеулер, таза дыбыстар адамның миына белгілі бір түрде, мидың доминантты емес оң жақ жартышарында жасушалық белсенділікті оң жақ жартышарды ынталандыра, мысалы, белгілі бір жиілігі бар дыбыстар көмегімен, белсендендіре отырып, сананың ахуалында өзгерістер тууы мүмкін екендігін көрсетті. Бұдан соң түйсік пен тұтас қабылдау қосылады да, бұл ахуалдар кәдуілгі қабылдаулардан ерекшеленеді.

Өнердегі мұндай құбылыстың психоаналитикалық түсіндірілімін Ницше «лириктің Мені болмыстың тұңғиығынан үн қатады» деп түсіндіреді [3, 485 б.]. Яғни, неміс ойшылының пікірінше дионистік суреткер Алғы Жаратушымен оның қайғысы, қарама-қайшылығымен бірігіп кетіп сол Алғы Жаратушының бейнесін музыка сияқты шығарады. Алайда, сонсоң бұл музыка оған ол үшін түстің апполондық әсерінен символдық түс көруде көзалдыңа келеді. Бұрынғы, музыкадағы әу бастағы бейнелер мен ұғымдардан ажыраған қайғының бейнесі иллюзия арқылы шешімін табады да, енді жеке ұқсастық-үйлесіммен немесе үлгімен өзінің екінші бейнесін табады.

Материалдық немесе рухани саладағы жағдайдың парадоксальдығы – қарапайым суреткер, кәдуілгі құбылыстар мен дүние-әлемнің мәндік үдерістері арасына күтпеген жерден байланыс орната алады. Және бұл түйсіктік деңгейде, бейсана түрде жүреді, «нұрға бөлену» тетігін ол толығымен түсіндіріп бере алмайтын жағдайлар да болады. Шығармашылық жаңа жасалымдарға санадан тыс үдерістердің әсері күрделі және барлығы түсінікті болып бітпеген жолдан өтеді.

Мұндай үдеріс Шиллердің поэтикалық шығармашылық қарекеті туралы айтқандарымен үндес: «Алғашында сезім-түйсік маған нақты да анық бір зат болып келмейді; бұл кейін пайда болады. Жаныңның әлдебір әуезді ахуалы бәрін бастап береді де содан кейін поэтикалық идея келеді» [4, 181 б.]. Бұған қосарымыз көркем шығарманың дүниеге келуі – шығармашылық булығудың, адам өзінен күштірек, ақылдырақ, сұлуырақ болған кездегі ақылдың кернеулі ахуалының нәтижесі. Сондықтан да әрбір ұлы суретшінің көркемдік санасы оның ерік-жігеріне ғана байланысты емес, бұл «жаратушы күштің» құдыретінің де салдары. Демек ұлы әл-Фарабидің ойына сай екі түрлі құбылыс – шындық пен «сезімтал жанның қасиеттері» үйлесім тапқандықтан пайда болатын дүние.

Мүмкін біздің әлемді де өзінің шеберханасы гравитациялық коллапсынан әлдеқашан өткен және бейболмыстық Нөлде жоғалған суретші жасаған болар. Көп жайт оның биологиялық жағынан бізге ұқсас болғанын айтады – антроптық ұстанымның мәні де, генезисі де осы ұқсастықпен түсіндіріледі. Ол демиург болып кездейсоқ шықты – бейсана қарекет жасады. Мүмкін, «Үлкен Жарылыс» оның экстазының спонтанды салдары болды, оның серпінділігі сыни шектен шығып кеткені соншалық, ол космогенезді тудырған себеп болды. Ал, мұндай құбылыстың ғылыми түсіндірілуі жағынан А.Кестлердің «Шығармашылық акт» атты жұмысы кеңінен танымал. Оның негізін түзетін идеяларының бірі – «адам тіршілігінің таптаурын және трагикалық қырлары туралы таным. Таптаурын дегенде Кестлер «күнделікті тіршілік қырларын, ал, трагикалықта – тұлғаның өзін дағдарыстар кезінде көрсетуін түсінеді» [5, 206 б.]. Әдетте күнделікті тіршілік кешетін адам трагикалық деңгейге сирек болатын экстремальды жағдайларда көтеріледі. Өмірдің таптаурын және трагикалық қырлары арасынан Кестлер, шығармашылық үдерістің мәнін іздейді және өз пікірінше, оны табады. Ол мән өміркешудің әртүрлі қырының үйлесімсіздігі ұлғая бастағанда және оларды үйлестіру қажеттілігі туғанда пайда болады, – дейді ол. Кестлердің бұл ойлары да әл-Фарабидін шындық пен «сезімтал жанның қасиеттерін» үйлестіргеніне сай келетіндей.

Әл-Фарабидің ойларын әрі қарай қарастырайық. Мұнымен қоса саналы жан күшін, оның еркі тек қана шындыққа бағытталатындай етіп жақсарту лазым. әл-Фарабидің айтуынша Аристотельге еліктеу, оған деген сүйіспеншілік – ешқашан оны ақиқаттың өзі деп ұғып, жеккөрушіліктің нысанасына айналдырған кезде, оны жоққа шығару тілегін шақыратындай дәрежеге жетпеуі керек [2, 13 б].

Неткен терең ой! Біріншіден «ақылды жан» деген түсінік абстрактілі-логикалық шындыққа сезімдік факторлардың әсер ету жолдарын, жаңаша іздеу тәсілдерін қамтиды. Осыдан ұлы шығыс ойшылы (әл-қуат алмутехайла) адамның дүниені танып-білу қуаты деп, бұл мәселеге ерекше мән берген. Әсіресе таным үдерісіндегі адамның орнына деген көзқарасы қазіргі ноосфералық білім туралы тұжырымдамада өзінің көрінісін тауып отыр. Бұл жаңа парадигмалық өлшемде пайда болған тұжырымдама бойынша да табиғат пен әлемнің үйлесімді негізгі құрамы адам болып табылады. Және адам феноменін түсіну үшін ғылымның жетістіктері адам туралы діндік ілімдермен бірігу керек деп санайды. Ноосфералық білім тұжырымдаманың негізінде өмірдің мәдени шығармашылық, антропосфералық және биосфералық бастауы тұр. Мұндай білімнің мақсаты адамның біртұтас ноосфералық санасын қалыптастыру. Ал, ол болса тұтас бірдей биологиялық ойлау, бірдей биологиялық-этикалық тәрбие әдісі және экологиялық дүниетаным деген үштіктен тұрады. Осы тұжырымдама әл-Фарабидің көзқарастарымен үндесіп жатқанын, әсіресе, ұлы ғұлама таным үдерісінің рационалистік және иррационалистік жақтарын жан-жақты зерделеп, соның нәтижесінде шығарған тұжырымдарын ой елегінен өткізгенде айқын көрінеді.

Адам шындыққа тек өзінің ақылы және жан қасиеттері арқылы жете алады дейді ұлы ойшыл. Өйткені оның ұстанымы бойынша, адам ақыл арқылы ғана адам бола алады. Осы ретте Әл-Фараби интеллектуалдық қабілетке ерекше мән беріп, интеллект туралы идеяларын білдіргенде, оның келесі түрлерін көрсетеді. Атап айтсақ, олар: әлеуетті, өзекті, әрекетті және адал еңбекпен табылған интеллект.

Әл-Фараби әлеуетті интеллект деп адамның қандай да бір когнитивтік әрекетке деген қабілеті мен дайындығын жатқызады. Мұндай жағдайда адамның ақылы зат туралы ойды қабылдау мүмкіншілігіне ие болады. Ғұлама ойшылдың сөзімен айтқанда, бұл «жанның бар болған заттардың мәні менформасын материядан абстракциялау қабілетінің бірі» [2, 42 б]. Өзекті интеллекті ол формаларды ұғынуға қабілеті бар таза форма дейді. Әрекетті интеллект – ол форма туралы білімнің негізінде басқа да рухани формалар мен Құдайды ұғынады. Демек, оны Құдайлық ақылдың өкілі деуге болады. Адал еңбекпен табылған интеллект деп таным субъектінің объективті түсініктердің мәні мен мазмұнын ұғып, оны өзінің біліміне айналдырғанды айтады. Мұнда Әл-Фарабидің ағартушылық көзқарасы бойынша, адам білім арқылы ұдайы өзінің интеллектуалдық қабілетін дамытып отырып шындыққа жетеді. Сонымен қатар әрбір тарихи кезеңдегі ғұламар ойының мәнін түсіне отырып, өздерінің өнегелік қасиеттерімен қатар сезімдік жан қасиеттерін де артыра алады.

Әрбір нәрсенің мәнін түсіну үшін ең алдымен ақыл, парасат болу керек десе де, сезімдік танымды жоққа шығармайды. Өйткені, ұлы шығыс данышпаны ғылым мен мораль, ақиқат пен ізгілік деген мәңгі мәселелердің арақатынасы туралы идеяларын алға тартады. Атап айтсақ, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» деген еңбегінде қайрымды қалада (мемлекетте) ғылым мен мораль үзіліссіз бір-бірімен байланыста екендігінің көрінісін ойшыл «теориялық ізгілік», «ойшылдық ізгілік», «практикалық ізгілік» категориялары арқылы көрсетеді. Ұлы ойшылдың айтуынша «ойшылдық ізгілік» өз бетімен «практикалық ізгіліксіз» іске аспайды. Әсіресе, оның көрінісі қазіргі кезде ерекше орын алып тұр. Көптеген ғалымдардың идеялары түрлі себептермен іске аспай жатады немесе керісінше қандай да бір «білімдардың» «асыл» идеяларының нәтижесінде жасалған істер қайран қазақ жеріне, оны мекендеген адамдарына зиянын тигізіп тұрады. Өкінішке орай барлығымыз сондай «данышпан идеяларға» және іс-әрекеттерге күәгер бола тұрып тосқауыл қоя алмаймыз. Ал, шынтуайтына келгенде әрбір істің негізінде құндылық, мәндік негіз болып, ол

адамның рухани детерминантының жинағы ретінде алға шығу керек. Нағыз идеяға жан жүрегіңмен сенім артқанда ол іске асады. Мысалы, әл-Фараби «жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» – дейді. [2, 42 б]. Шығыс ойшылының бұл сөздерінен жүрекке шешуші мән беріп, таным үдерісі адам жанына тән тума қасиет деп санайтынын көреміз. Өйткені, адамның жаны өз тереңінде адамның жүрегі қалайтын және өзінің нағыз адами мәнінде адамның өзі толық көрінетін әлдебір асылды жасырады. Адамның құпия асыл мәні дегеніміздің өзі – онтологиялық рухани негіздің тап өзі: адамның ақиқаты.

Ал екіншіден, әл-Фараби табиғи, «махаббат пен жеккөрушілік» өзін-өзі басып-жаншуға айналуынан сақтандырады. Бұдан толықтай ғалым да ғылым да арыла алмайды, әрі мұның керегі де жоқ. Өйткені, онда ғылымның өзіне келеңсіз әсер етуі мүмкін, себебі «саналы жансыз» ғылымның дамуы тиімсіз болып табылар еді. Үшіншіден ұлы ғалым «шындық» пен «ақиқат» деген – өзара ұқсас екі ұғымды текке қолданып отырған жоқ. Біздің заманымызда зерттеушілер көркемдік шындық пен ғылыми ақиқаттың арақатысы мәселелерін неғұрлым кең қарастыруда, бұл жалпытанымдық мәдениеттану тұрғысынан көп үміт артқызады. Әсіресе, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін тану үшін, яғни ұзақ уақытқа тұсауланып келген нәрсенің бәріне тиімді болмақ.

Әдебиеттер:

1. Гегель. Лекции по истории философии. Соч.Т.1.М-Л. 1935.С.104

2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттары. - Алматы: Ғылым баспасы, 1975. – 430 б.

3. Ницше Ф.Так говорил Заратустра; К генеалогии морали; Рождение трагедии, или Эллинство и пессимизм: Сборник / Пер.с нем.; Худ.обл. М.В.Драко. – Мн.: ООО Попурри, 1997. – 624 с.

4. Гете И. В. Шиллер Ф. Переписка: В 2-х т. – М.: Искусство, 1988. – Т.2. – С.181.

5. Кестлер А. Акт творчества. Художественное творчество // Сборник. – Л.: Наука, 1982. – С.206.

Әлжан Қуаныш Ұзақбайұлы,
ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, кандидат философских наук, доцент;

Мямешева Галия Хамзеевна,
доцент КНУ, кандидат философских наук

АЛЬ-ФАРАБИ: ПУТЬ К СЧАСТЬЮ И ЗНАНИЯ

Счастье – это цель, к которой стремится каждый человек, ибо оно является неким совершенством.
…Знание не станет добродетелью, если им не пользоваться при необходимости с тем чтобы вещи стали познанными.
аль-Фараби

В последнее время создаются Институты по исследованию счастья, считаются рейтинги счастливых стран и счастливых детей, пытаются разгадать секрет счастья западных и восточных стран. Самое удивительное, что «переоткрываются» те истины, которые знал еще аль-Фараби.

Мы знаем, что Абу Наср Мухаммед ибн Мухаммед ибн Тархан ибн Узлак аль-Фараби ат-Турки (870-950) (на Западе известен как Альфарабиус) – величина мирового масштаба, философ, ученый-энциклопедист, Второй Учитель (после Аристотеля) – имел широкий круг научных интересов: астрономия, логика, теория музыки, математика, социология, этика, медицина, психология, философия, право. Стремясь познать мир, удовлетворить свои культурные запросы, аль-Фараби покинул родные места. Он побывал в Бухаре, Мерве, Багдаде, Хорране, Каире, Дамаске, Александрии [1, с. 23].

Оказывается, аль-Фараби не сразу выбрал путь ученого. Сохранившиеся источники свидетельствуют, что до увлечения науками он был судьей, но в дальнейшем оставил эту должность и посвятил себя поискам истины и преподавательской деятельности. Найти свое призвание помог счастливый случай-Встреча с трактатами Аристотеля, которая перевернула всю его дальнейшую жизнь [2, с.137].

Этот эпизод из жизни аль-Фараби, как нам представляется, для подрастающего поколения является яркой иллюстрацией того, что великие люди в годы юности также искали свой путь в жизни, приобщались к сокровищницам знаний и мудрости, у них были свои Учителя. Учителя в режиме онлайн и Учителя - авторы трактатов. Например, по прибытии в Багдад аль-Фараби учился у наиболее известного и популярного мыслителя во всем Арабском халифате, философа – наставника Абу-Бишра Матта бен-Йуниса, крупного комментатора логического наследия Аристотеля. Затем в Харране постигал особые приемы логики у известного во всем мусульманском мире, мыслителя-христианина Йуханны бен-Хайлана. После этого занимался самостоятельно и тщательно изучал труды Аристотеля. Фраза, написанная аль-Фараби на копии аристотелевского трактата «О душе», такова: «Я прочел этот трактат двести раз». «Детальное комментирование всех трудов античных авторов требовало буквального знания и запоминания текста. Ясно, что в этой фразе содержится призыв к постоянному, многократному возвращению к одним и тем же источникам, и в этом, по-видимому, состоит один из важнейших принципов обучения философии того времени» [3, с. 8]. Современной молодежи нужны Учителя, Менторы с большой буквы, которые объяснят логику происходящего, помогут с формулировкой смысло-жизненных вопросов и с ответами на них, расскажут о подлинных ценностях, будут верить и мотивировать их на успех, рост. Настоящий Учитель будет живым воплощением своих знаний и принципов. Это будет история живого человека, преодолевшего падения и неудачи и достигшего успехов на пути призвания. Учителей может быть много, а для этого молодежь участвуют в онлайн-марафонах, путешествиях, форумах, семинарах, конференциях [4, сс. 75-80].

Американский исследователь Стивен Фредерик Старр [5, сс. 191-192] называет аль-Фараби абсолютным и бескомпромиссным приверженцем разума, первым логиком и «отцом исламского неоплатонизма, классиком средневековой восточной и западной мысли, чьи идеи повлияли на работы Фомы Аквинского, Маймонида, Данте и И. Канта». Кроме того, С.Ф. Старр отмечает, что аль-Фараби был « странствующим ученым», хотя ставит под некоторое сомнение тюркское происхождение на том основании, что в годы

его жизни Фараб населяли согдийцы(иранцы), а тюрки, по его мнению, пришли на эти земли позже. Однако нет ли в определении «странствующий» номадической нотки?

Как отмечают Е. Шамис и Е. Никонов [4, сс. 30-31], у современной молодежи – поколения миллениалов – очень популярен лайфстайл(стиль жизни) – «цифровые номады»(digital nomads), которые могут перемещаться по всему миру, работать из любой точки, у них нет пока своего дома, куда хотелось бы возвращаться. Основной язык общения у них английский, объединяющий всех, хотя при отсутствии хорошего английского спасает Гугл и Яндекс. Так и напрашиваются параллели между арабским и английскими языками, объединяющими народы Арабского Халифата и всего мира.

Цифровым номадам, на наш взгляд, будет более близок и понятен аль-Фараби как номад Арабского Халифата, нежели известный старшему поколению « Второй Учитель» и « Аристотель Востока». Арабский халифат с культурой Мусульманского Ренессанса, с нашей точки зрения, был бы интересен современной молодежи своими ценностными установками на универсализм и синтез культур, рационализм и культ знания, веротерпимость и свободомыслие, идеологический плюрализм, которые очень похожи на их собственные ценности. Молодежь стремится к свободе и независимости, ее характеризует желание быть счастливой, оптимизм, толерантность и равноправие. Она очень эмоционально открытая, прозрачная и прямолинейная, предпочитает работать осмысленно, ратует за баланс работы и жизни, гармонизацию разных сфер жизни, любит гибкий график работы [6, сс. 57-58].

«Известно, что аль-Фараби до приезда в Багдад владел тюркским языком и некоторыми другими, но не знал арабского. Надо отметить, что он много времени уделял изучению языков и в этом достиг поразительных результатов в конце жизни он владел более чем семьюдесятью языками .Живя в Багдаде, аль-Фараби в короткий срок в совершенстве овладел арабским языком и начал заниматься различными науками, прежде всего логикой».

«В Багдаде аль-Фараби основательно пополняет свои знания входит в контакт с видными учеными и довольно быстро становится самым авторитетным среди них благодаря эрудиции, силе мысли и величию характера». Ортодоксальные богословы не при-

нимали его рационализм и реформаторские идеи по достижению счастья при земной жизни, и он уехал из Багдада [3, сс. 8-9].

Как «человек мирового уровня», аль-Фараби смог синтезировать и сблизить передовые достижения арабской, персидской, греческой, индийской, тюркской культур; внес вклад в науку логики, учение о бытии и разуме, теорию познания и методологию науки, науку политики и этики, в теорию музыки, является реформатором науки и педагогики [1, с. 24]. Очень приятно, когда по заслугам оценивают достижения аль-Фараби и зарубежные ученые, подчеркивая не только « множество научных областей», в которые он внес значительный вклад, но и методику, созданную для каждой области. Основным инструментом, ключом в мир знаний для аль-Фараби была логика, которая воспринималась как точный метод, ведущий к истине [5, сс. 194-195].

Как известно, философская деятельность аль-Фараби многогранна, он написал от 80 до 130 работ, трактаты его могут быть как 2-3 страницы, так и содержать многие тома. В « Книге букв» аль-Фараби полно, ясно и четко выражает свое отношение по проблеме взаимоотношений философии и религии [3, с.109]. К.Х. Таджикова отмечает, что аль-Фараби ставит религию в зависимость от философии. Философия – «не служанка теологии», а как «адекватное постижение мира «первее», чем религия». Религия лишь образно – символическое выражение философии [7, с. 39].

Любой трактат аль-Фараби представляет собой синтез философского, теоретического видения мыслителя с практическими задачами своего времени. Философские размышления аль-Фараби являются предпосылкой, основаниями для решения практических проблем бытия человека и общества. Как уже отмечалось ранее, аль-Фараби стремился сделать счастливыми людей на земле, а не на том свете. «Аль-Фараби стремился постичь конструкцию мира систематически. Начало выглядит вполне традиционно – это аллах. Середина – это иерархия бытия. Человек – это индивид, постигающий мир и действующий в нем. Конец – достижение подлинного счастья». Но, поскольку Аллах у аль-Фараби – отдаленная первопричина мира, « Даритель Форм», то все догматы превращаются в аллегории,и человеческая нравственность становится свободной от загробной жизни и вообще от каких-либо внешних сил. Аль-Фараби выступает за полноту земного бытия, «за полноту земной жизни»[3, сс. 98-99].

В трактате «О достижении счастья» он строит свою гражданскую философию из представления о гражданском животном (политическом животном Аристотеля). На вопрос: «К чему должен стремиться человек?», существует лишь один ответ: «К счастью». Счастье есть некое совершенство и благо. Счастье становится высшей категорией этики. Так, у аль-Фараби смыкаются и гармонизируются космология и этика, общефилософские конструкции и практика. Однако без философии, как постижения общей гармонии мира и красоты его устройства, не может быть подлинного счастья [8, сс. 48-49], [9, сс. 3-4]. Чтобы оправдать свое предназначение, человеку нужно пройти трудный путь самоусовершенствования. Человек сам избирает свой путь, на котором отрицательное и положительное то соединяются, то разъединяются. Условия достижения счастья могут быть как положительные, так и отрицательные, то есть самоусовершенствованию способствует и похвала, и порицание. Может быть, он имел в виду то, что потом сказал Ф.Ницше: « Что не убивает меня, делает меня сильнее»? Факторы, обусловливающие самоусовершенствование, проявляются как активное взаимодействие физических, нравственных и умственных способностей человека.

Для достижения счастья необходимы не только добрая воля, свободный выбор, но и совершение прекрасных действий на постоянной основе на протяжении всей жизни человека. Непостоянные прекрасные действия, осуществленные по принуждению и случайно, не приводят, а удаляют человека от счастья. Процесс совершенствования нрава подобен, согласно аль-Фараби, совершенствованию тела. Совершенство тела – это здоровье. Если здоровье есть, его надо хранить, если нет – содействовать приобретению. Так же как и телесное здоровье, так и душевное здоровье, связано с соблюдением меры. Хороший нрав- это душевное здоровье, плохой нрав – душевная болезнь. В действиях, поступках всегда должна быть мера, середина между крайностями [8, сс. 50-52], [9, сс. 6-17]. Молодому поколению, стремящемуся к саморазвитию, успеху и счастью в жизни, следовало бы прислушаться к мудрости великого и успешного человека не только своего времени, но актуального во все времена, ибо мудрость его в пространстве «вненаходимости» (М. Бахтин). В словах о трудностях пути самоусо-

вершенствования содержатся, на наш взгляд, будущие кантовские идеи о моральных и легальных поступках.

Хотя человеческое счастье выступает абсолютной ценностью и пределом всех стремлений и мечтаний человека, понимание счастья у всех людей разное. Чтобы люди были счастливы, необходимо знание о подлинном счастье. Счастье – это не награда, не пряник за правильные действия и отсутствие неправильных, порочных действий, не проценты в загробной жизни за праведность и благочестие. Счастье – это самодовлеющая добродетель, сама по себе благо, не требующая и не нуждающаяся в дополнительном вознаграждении. «Истинная награда добродетели есть сама добродетель», добродетель самодостаточна и самоценна [3, сс. 96-97]. Здесь уже слышны, с нашей точки зрения, нотки будущего категорического закона И. Канта.

«Достижению человеком красоты и счастья, умения жить в гармонии с мировым целым», по мнению аль-Фараби, нужно учиться. Для человека характерны 2 типа благ (добродетелей): разумные, то есть мудрость, сообразительность и острота ума, и дианоэтические, то есть справедливость, умеренность, щедрость, храбрость. Оба типа добродетелей (благ) не являются врожденными, может быть лишь задаток, предрасположенность. Нет людей добродетельных и порочных от рождения, совершенный нрав формируется в результате привычки к прекрасным действиям. Привычка, по аль-Фараби, важный фактор формирующий нрав человека. Например, привычка «делать добро» [3, с. 98], [10, сс. 277-321].

Современная нейронаука подтверждает эту истину. Повторения (репетиции) являются самым мощным и единственным способом совершенствования навыков, поскольку работают на основе механизма миелинации. При электрической активности мозга, во время активных действий, упражнений миелиновый слой растет, подобно изоленте, покрывающей электрические провода. Чем больше времени потрачено на упражнения, тем толще миелиновый слой. Миелин «наматывается», но не «разматывается», поскольку миелинация однонаправленный процесс. Привычки трудно поддаются изменению, потому что группа нейронов, отвечающих за навык прочно «заизолирована», только болезнь или старость могут ее разрушить [11, сс. 11-112].

Для счастья необходимо не только совершенствование теоретического познания, но забота о насущных нуждах человека. Мир

вещей состоит из двух групп: неизменные и поддающиеся преобразованию и изменению. Для того чтобы преобразовывать и изменять вещи мира нужно обладать профессиональной (искусной) силой, являющейся частью разумной силы. На основе ее человек овладевает профессиями и включается в жизнь общества. Человек должен постоянно совершенствовать свои навыки. Для этого он должен 1) постоянно повышать мастерство в избранном им искусстве и 2) чтобы быть сведущим и искусным в работе, совершенным и превосходным в деле заниматься этим делом непрерывно [8, с. 54].

Только счастье в одиночку невозможно, достижение совершенства отдельным человеком гарантировано лишь вместе с другими, если человек входит в объединение, где есть принцип разделения труда, взаимопомощь и духовное общение. Но даже, если человек входит в объединение, путь к достижению счастья долгий и трудный. Чтобы общество стало добродетельным, личное совершенство людей должно достичь определенного уровня [12, с.144].

В «Трактате о взглядах жителей добродетельного города», он отмечал, что, достижение счастья невозможно без его философского, теоретического обоснования. «Поскольку мы достигаем счастья только тогда, когда нам присуще прекрасное, а прекрасное присуще нам только благодаря искусству философии, то из этого необходимо следует, что именно благодаря философии мы достигаем счастья» [3, с. 97].Для постижения философии требуется и хороший нрав, и сила ума, формируемая посредством логики. Аль-Фараби создал учение о «добродетельном городе», которым руководит мудрый правитель. Стоит заметить, что « добродетельный город» аль-Фараби – это не воплощение мечты в реальность, а идеал, должное, а не сущее [12, с. 144].

Аль-Фараби делил все города на два больших типа: добродетельный и невежественный. Добродетельный – это идеал, невежественные – реальность, которую можно изменить посредством просвещения, образования под руководством мудрого правителя. Основой добродетельного города является знание, а главными ценностями – счастье, добро, справедливость, красота и взаимопомощь в достижении счастья, причем счастье не индивидуальный, а коллективный феномен. И это истинное понимание и о мире, и о счастье. «Добродетельный город подобен совершенному здоро-

вому телу, все органы которого помогают друг другу, с тем, чтобы сохранить жизнь живого существа и сделать ее наиболее полной». Основой же невежественных городов является незнание, отсутствие знания о подлинном, а не иллюзорном счастье.

Ценности у невежественных городов разные: в городе необходимости – ценности «выживания» (первый уровень пирамиды А. Маслоу), в городе обмена – зажиточность и богатство, в городе низости и несчастья – все виды наслаждений, в честолюбивом городе – почитание и восхищение, властолюбивом (самом низком) городе – покорение других и радость победы, в сластолюбивом-свободная игра страстей. Теоретической основой добродетельного города является идеальное государство Платона, однако это не простая калька, копия с Платона, кроме общности концепций, есть и существенные различия. Если в идеальном обществе Платона, структурированном по общественному разделению труда, способностью совершенства наделяются по статусу (максимальный у правителей-философов, минимальный – у создателей материальных благ), то у аль-Фараби нет резкого неравенства у людей, их объединяют общие цели – достижения счастья через самосовершенствование независимо от статуса [3, сс. 91-92].

Идея уподобления государства человеческому организму встретится в истории мысли неоднократно, например, у сторонников структурно-функционального подхода в социологии, начиная с Герберта Спенсера (XIX век). Как утверждает С.Ф. Старр [5, сс. 195-198], аль-Фараби не имел возможность изучить « Политику» Аристотеля, тем не менее, он руководствуется этикой Аристотеля. Может быть, он не составил дорожную карту по построению добродетельного города, однако концептуальные основы такого города заложил, причем они ориентированы на практику, на реализацию в земной жизни человека. На наш взгляд, требования, предъявляемые к правителю добродетельным городом, весьма конкретны: «должен обладать всеми добродетелями: здоровьем, проницательным умом, совестью, знаниями и ласковым обращением со своими подданными». А «линейку» для замера этих качеств, с нашей точки зрения, до сих пор не изобрели, если не считать разные форматы ЕНТ, ЕГ, IQ, EQ, « алгебру совести» В. Лефевра.

Таким образом, счастье, согласно аль-Фараби, это высшее совершенство, высшее благо, которое существует только ради самого

себя и проявляется как мировая гармония в жизни людей. Счастье основано на знании и может быть только совместным, коллективным, в объединении людей. Искусству быть счастливым можно и нужно учиться. Препятствиями на пути к счастью аль-Фараби называет незнание о подлинном счастье, незнание философии, отсутствие настойчивости и усердия в достижении счастья. Своим учением и светом своей жизни, своей харизмой освещает путь и аналоговому, и цифровому поколениям, выступая Духовным Учителем, Наставником, Ментором.

Литература:

1. Касымжанов А.Х. Портреты. Штрихи к истории Степи. – Алматы, 1995.

2. Мусский И.А.Сто великих мыслителей. – М.: Вече, 2000-688с.

3. Касымжанов А.Х. Абу Наср Аль-Фараби. – Алматы, Центр «аль-Фараби» при Казахском Государственном Университете им.аль-Фараби. 1997, 126 с.

4. Шамис Евгения, Никонов Евгений. В семье не без Миллениума. Что делать поколению(1985-2002 г.р.) , которое меняет мир. – М.: Synergy book, 2019. – 184 с.

5. Старр Стивен Фредерик Утраченное Просвещение: Золотой век Центральной Азии от арабского завоевания до времен Тамерлана. – М.: Альина Паблишер, 2017. – 574 с.

6. Мямешева Г.Х. Цифровое поколение и молодежная политика//Сборник научных трудов международной научно-практической конференции «Н. Назарбаев:будущее начинается сегодня». I том. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2019. – С.53-58.

7. Аль-Фараби, Абу Наср. Книга букв / Пер., примечания и вводная статья К.Х. Таджиковой. – Алматы, Казак Университеты, 2005. – 220 с.

8. Касымжанов А.Х. Великий мыслитель Востока. – Алма-Ата: Казахстан, 1975, 56 с.

9. Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад.Указание пути к счастью // Аль-Фараби, ‘Абу Наср Мухаммад. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата.: Наука, 1973. – С. 1-44.

10. Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад. О достижении счастья // Аль-Фараби, ‘Абу Наср Мухаммад. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата.: Наука, 1973. – С. 275-349.

11. Койл Д.Талантливые подонки.52 способа разбудить в себе гения. – М., 2017, – 128 с.

12. Гафуров Б.Г. Касымжанов А.Х. Аль-Фараби в истории культуры – М.: Наука, 1975. – 181 с.

Раев Дәулетбек Сәдуақасұлы,
Абылай хан атындағы халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті,
философия ғылымдарының докторы, профессор

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ: ҚОҒАМНЫҢ ЭТИКА-АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі таңда әлеуметтік қатынастағы адами мінез, моральдық кеңістік, әдеп мәселесі қоғамдағы «моральдық күмбез» ретінде ең маңызды басқару ресурстарының біріне айналды. Бүгінгі техногендік өркениет заманында жеке тұлғаның әлеуметтік мінезі, адамның әдебтік әлеуеті, адамдардың эмоционалдық интеллекті – қоғамның стратегиялық тұрғыдағы маңызды қуат көзі, қоғамның бар болуының әлеуеттік ресурсы, өмір сүру континуумы десек болады. Сондықтан, аталмыш мақалада қоғадағы әлеуметтік мінездің қалыптасуының онтогендік тамырларына теориялық-әдіснамалық, философиялық концептуалдық тұрғыда талдау жасалынады.

Осы тұрғыдан алғанда мақаланың міндетіне: 1) қазақ топырағынан шыққан Шығыс ғұламасының еңбектеріндегі әлеуметтік кеңістіктің адами болмысын ашу; 2) жалпы адамзатына тән мінездің антропоцентристік табиғатын айқындауды жатқызуға болады.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастарын зерттеу бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда кемел қоғамды қалыптастыру жағдайында зор маңызға ие болып отыр. Қоғамның пайда болуы мен дамуын ғылыми тұрғыдан қарастыра отырып, ұлы ойшылдың көтереген көптеген әлеуметтік философиялық концепцияларының өзегінде арқау болып тұрған мәселе, біздің пікірімізше – адамдардың моральдық болмысына негізделген әлеуметтік мінез феноменін қарастыратын платформасы. Мәселен Ж. Алтаевтың: «Оның ойлары барлығынан бұрын адам туралы және оның мәселелеріне қатысты басты сұрақтарды пайымдауға негізделді» [1, 94 б.], – деген ой тұжырымы соны нұсқап тұр. Шындығында да оның «бақыт» категориясы интегралдық тұрғыда қазіргі қоғамдағы адамдардың өзара қарым-қатынастарындағы адамгершілікті, мейірімді мінез көрсету мәселесіне келіп тоғысатынын әрі оның өзектілігін айқындай түсуде.

Мәселенің өзектілігіне себеп болған басты фактор – бүгінгі қоғамдағы «моральдық мәңгүрттік» тенденцияның қалыптасуы десек артық айтпағандық. Осы ойымызды Қали Сәрсенбайдң, бүгінгі адамдардың мінезін сиапттай келіп: «Қолдан жасалған қайраткерлер, орташа таланттар көбейген заман. Әрине, ондай қайраткерлердің мінезі де қолдан жасалынады, кісілік, кішілік қасиеті де аз болады. Уәде бергіш, алдампаз. Екі сөйлейді. Одан кейін жұртқа қайдан сүйкімі болсын» [2], – деген көзқарасы растай түседі.

Осы ретте жуырда ған болып өткен мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті мәлімдемесіне сілтеме жасауға болады. Онда мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Д. Сәкеновтің төрағалығымен Алматы қаласы Әдеп жөніндегі кеңсінің отырысында бағынысты мемлекеттік қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар жасалғаны үшін орган басшыларының жаупкершілігін арттыру, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін күшейту өзекті мәселелер қатарында аталады [3]. Міне бұл бүгінгі қоғамдағы әр азаматтың әлеуметтік мінезіндегі моральдық тенденцияларды білдіріп, біздің зерттеу объектіміздің өзектілігін білдірсе керек. Егер де әл-Фарабидің қоғамды жіктеу ұстанымына сүйенетін болсақ, онда нақ қазіргі қоғамды «надан қауымдастыққа» жатқызуға әбден тура келеді. Демек, бүгінгі адам «әдепсіз әдеттер агрегатына» айналуда десек қателеспейміз. Осыдан келіп өмірдің барлық қыры түгелдей таза күйінде натуралдық-прагматистік сипатта бола бермейтін, сонымен бірге тылсым қуатқа ие болатын рухани-этикалық сипат алатынын ескеру қажет. Сондықтан ол өзінің терең антропогендік этикасофиялық мәселе болатынын дәлелдей түседі.

Бұдан мәселенің прагматистік көкейкесті дәрежесін анықтауда мынадай терориялық проблемалардың астарына үңілуді қажет етеді. Біріншіден, әр адамның мінезі кең мағынада әлеуметтік феномен болатынына зер салу. Екіншіден, адам мінезінің әлі құпиясы ашыла қоймаған рухани-моральдық трансцендент универсум болатынына баса көңіл аудару. Үшіншіден, кез-келген қоғамның даму қарқыны мен жетілу дәрежесі адам мінезіне тәуелді құбылыс болуының онтогендік тұстарына талдау жасау қажеттілігі. Әлихан

Бөкейхановтың: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден» [4, 8 б.], – дегені соны растай түседі. Бүгінгі қоғам мен мемлекеттің билік жүйесі осы мәселелер жөнінде ойлануы керек. Демек, қазіргі қоғам үшін адамның моральдық сапасы, оның рухани-құндылықтық әлеуеті басымдық мәртебеде болуы қымбат болып отырғанын мойындауымыз керек. **Бауыржан Момышұлының:** «Адамның әр қаракетінен оның жан дүниесінің сыры аңғарылады» [4,125 б.], – дегенінің мәнісі сонда болар.

Біз мақалада қоғамның «антропологиялық онтогенезі» деген концептіні негізгі теориялық ұстаным ретінде негізге алып, оның онто-соиогендік тамырына үңілгенді жөн санаймыз.

Біріншіден, философия тарихының ежелгі көне дәуірінен бастап қоғамның рухани даму мәселесі адамтану мәселесімен байланыстырыла қарастырылып, оның моральдық-интеллектуалдық жетілуіне тәуелдендірілгеніне адамзат тарихы куә. Әл-Фарабидің теориялық-рухани мұрасындағы бақыт феноменінің – адам туралы білімнің ең негізгі ұғымдар қатарына жатқызылғаны сондықтан болар. Осының өзінде мәселеге қатысты теориялық принциптің тегі жатқаны анық. Демек, Адам – кез-келген қоғам атаулыны түсіну мен түсіндірудің кілті болмақ. Осының өзі қоғаның этикалық тегін іздеу оның онто-антропологиялық тамырына үңілу деген сияқты рухани контекске әкелетіні ақиқат. Белгілі француз тарихшысы Фишердің «Тарихты жасайтын да, жазатын да адам» деп айтқанындай, кез-келген адамзат қоғамын, ондағы әлеуметтік қатынасты құрайтын да, бүлдіретін де, түзейтін де сол «Адам» дейтін жаратылыс болатыны дау туғызбайды. Бұл сайып келгенде қоғамдағы қатынас атаулының адамнан басталып, адаммен аяқталатынын, яғни қоғамның антропоцентристік мәнін білдірмек. Олай болса қоғамдық қатынас адамдар арасындағы қатынастың нәтижесі немесе қоғамдағы қатынас әлеумет қатынасының табиғатына тәуелді. Осы ретте Эйзенштейннің: «Табиғаттағы адам мен адамдағы Табиғат диалектикасынан басқа диалектика жоқ...» [5, 14 б.], – дегенінің мәнісі зор екенін айтқымыз келеді. Демек, қоғамдық қатынас диалектикасы адамдардың өзара әлеуметтік қатынас диалектикасының көрінісі дейтін аксиоматика жүйесі туындайтыны байқалады.

Ал осы диалектикалық принципке сүйенетін болсақ, әлеуметтік қатынасты құрайтын жекелеген адамдардың өзара қатынас

жүйесінің өзі болмыстық тұрғыдан алғанда адамдардың мінездік әрекеттерінің диалектикасынан тұратыны объективті құбылыс. Сондықтан қоғамдағы мінез әлеумет мінезіне, ал соңғысы жеке адам мінезіне тәуелді болып шығады. Алаш қайраткері Мұстафа Шоқай бірде: «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да» [4, 81 б.], – десе, енді бірде: «Жаман халық деген жоқ, жаман адамдар бар; адамгершілігі мол мемлекет деген болмайды, адамгершілігі мол адамдар болады» [4, 84 б.], – деп жиі айтқан екен. Демек, дүние дидары оны жасаушы жеке адамдардың ой-өрісіне, іс-әрекетіне көп байланысты», – дегені соның кепілі. Реми Хесс те осы ойды: «Адам – табиғаты тұрғысынан қоғамдық жануар. Сол себепті оның өмірдегі мінез-құлқын зерттейтін негізгі ғылым саясат болуы тиіс. Мораль да осы салаға кіреді» [6, 16 б.], – деп жалғастырады. Міне осының бәрі қоғамдық құбылыстардың бәрінің әрі антропцентристік, әрі моральдық сипат алатынын дәлелдей түседі.

Екіншіден, адамның мінезіне, оның моральдық болмысына, әдепке байланысты мәселе өзінің мәңгілік, шексіз проблема болатыны анық. Демек адам болатын жерде әдеп, мораль мәселесі таусылмақ емес. Неге бұлай дейтін болсақ, ол адамның өз табиғатына байланысты болып шығады. Өйткені, адам жаратылысынан «бейкәміл құбылыс» дейтін аксиомалық таным қалыптасқанын ғылым біледі. Бұл аксиоманы әл-Фарабидің: «Бірінші Тұлға (Алла – Д.С.) – барлық жан біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. ...Оның тіршілігі кәміл және болмысында басқаның бәрінен озық, Одан кәміл жетілген ешнәрсе жоқ...», – десе, ал адмның бейкәміл табиғатының себебін оған «...алдамшы тіршілік кемелділікке жетуге кедергі болады» [7, 42, 119 бб.] – деген ой-тұжырымдарымен дәлелдеуге болады. Осыдан мұсылман дініндегі «кәміл адам» концепциясы қалыптасқанын, Ж. Баласағұнның «бақытты адам» тұғырнамасы, әл-Фараби іліміндегі «бақытты қоғам» идеясы, Абай мұраларындағы «толық адам» концепті осыған байланысты болғанын түсіну қиын емес. Ежелгі грек ойшылы Аристотельдің де «адам – жартыкеш жаратылыс» деуі де сондықтан болар. Олай болса, адам аяқталмаған, үнемі жетіліу, даму үстінде болатын жаратылыс. Осыдан бұл мәселе жалпы ейкумендік феномен-процесс болып қала береді дейтін ақиқат келіп шығады.

Үшіншіден, адам мінезі өзінің таза руханилық, құпиялылық, трансценденттік табиғатымен ерекшеленеді. Бұл мәселені әл-Фараби де мойындайды. Мәселен, ол «Әрекеттен туатын рахаттың ...басқа біреулері біз үшін ...анағұрлым құпиялау болады», – дей келіп, олардың «құпиялары табиғи болып табылатынын» да [8, 136 б.], – атап көрсетеді. Осы бір ойын Фараби енді бірде былайша көрсете білді: «...Пәлендей түрде көзге көрінген табиғи жандардың тіршілігі қазіргі уақытта байқалып отырған қалыптан басқаша, ендеше, олардың қазіргі кездегі тіршілігі олар үшін табиғи нәрсе емес, қайта олар үшін табиғи сипат алып отырған нәрсеге қарама-қарсы» [7, 119 б.]. Осы ойдың діни тұжырымдық жалғасын Шәкәрім Құдайбердіұлының: «Адамдар саған таңырқап жатса, оған масаттанып мақтанба. Себебі, олар сенің Алла жарыққа шығарған жақсы жақтарыңды ғана көріп жатыр. Ал олар Алла жасырған жаман жақтарыңнан хабарсыз болғанына шүкір де» [9], – деп айтқанынан да анық көреміз. Шәкәрімнің көз жеткізіп мойындағаны – Алла кемшілікті жасырушы Ұлы күш. Бүгінгі XXI ғасыр зиялы қауымын тыңдайтын болсақ та, «Адам баласы – Ұлы Жаратушының құдіретімен келген жұмбағы мен сыры қалың құбылыс. Құбылыс сырына қанша сүңгіп, тереңіне қанша бойласаң да, шеті мен шегіне жету мүмкін емес» [10], – деген пікір айтылады. Бұлар да өте орынды, өйткені жалпы адамзатына тән шындығы солай және солай бола бермек. Олай болса, қазақ халқының «мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» дейтін ұстанымына сүйенетін болсақ, Адам – жаратылысынан өзіне өзі және басқаға да танылa бермейтін, ішкі рухани әлемі өзіне де, өзгеге де құпия болып қала беретін «метафизика», трансцендент әлем болатыны ақиқат. Жоғарыда аталған ғұлама ойшылдардың да ілімдерінде айтылған адам, оның мінезі мен әрекеттеріне қатысты саналуан идеялардың, пікірлер мен көзқарастардың, ойтұжырымдар мен болжамдардың бүгінге дейін айтылуы бұл мәселенің түпкі сырының ашылмауында деп білеміз. Сократтың адамның өзін-өзі тану мәселесін сонау антика заманында көтеруінің сыры осында болар.

Төртіншіден, адамдағы табиғи-болмыстық дуализм антропологиялық мәңгілік қасиет деуге болады. Осы ойға дәйекті Фарабидің ілімінен табуға болады. Мәселен, ол: «Адам табиғи жандардың бірі, ал оның қазіргі кездегі тіршілігі табиғи тіршілік емес. ...Адам өзінің жаратылысына сәйкес келетін істі істемей, өзінің жараты-

лысына лайықсыз істі істейді» [7, 119 б.], – деп айтса, енді бірде осы ойын нақтылай келіп, адам өзінің «қарама-қарсылығымен бірге бола алатынын» және «адам» деген сөз осының екеуіне де ортақ есім ретінде қолданылады» [7, 123 б.], – деп жазады. Бұл көзқарастан біз мұндай құбылыс адам табиғатына тән қасиет деген тұжырым жасауға мүмкіндік аламыз. Оған онтостық негіз – адамның әрі тәни, әрі рухани жаратылыс болуы. Бұл да Фарабидің этикалық антропологиясында мойындалып, «...жаман әдет жанның тәнмен қосылуынан келіп шығады...» [7, 120 б.], – деген оймен көрініс табады. Осыған сәйкес адамның қажеттілігі екіге жарылады: тәни және рухани қажеттілік. Бұлар адам қалауының бағыттарын анықтап отырады, осыдан адамзатының горизонтальдық әрі вертикалдық тіршілік кеңістігі құралады. Әл-Фараби бақытты адамның жетілуі деген ойды анықтай келіп, «жетілу дегеннің өзі ...адамның қалауы» [8, 124 б.], – дейді және адам талпынатын қалаудың саны көп болатынына сілтеме жасайды. Ал олар адамның мінездік әрекетінің траекториясын көрсетеді. Мәселен, Абай өзінің жетінші қара сөзінде: «...Бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсек, жесек, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік. ...Көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [11, 103 б.], – деп келтіреді. Сайып келгенде бұлардың барлығы адамның табиғатына тән онтостық қасиеттер жүйесін құрайтыны анық.

Бесіншіден, жоғарыдағыдан туындайтын, ең бастысы – адам болмысынада болатын оң және теріс мінездердің табиғи егіз құбылыс болуы. Бұл көзқарастың аксиомалық құзырын әл-Фарабидің ілімінен көруге болады. Мәселен, ол: «...Дүниеде мүмкін емес нәрсе жоқ. ...Біздің пікірімізше, мүмкін емес нәрсенің мүмкін болып шығуы да ықтимал болар еді» [7, 123 б.], – деп жазады. Демек, Фараби «зат атаулының субстанцияларында қарама-қарсы тіршіліктердің ...субстанциялары ...болу мүмкіндігі баса айтылады» [7, 123 б.], – деген ойды қозғайды. Шариғат бойынша, пенденің бір басында жақсы да, жаман да қасиеттер болады [12, Бақара сүресі, 117-аят], теолог-дінтанушы Б. Сағындықұлының айтуынша, «адамның бойында 999 жақсы қасиеттің 999 жаман

сыңары бар» [13, 29 б.]. Ал теоретик моралистерді тыңдайтын болсақ, адамзаты «ізгілік пен зұлымдық арасындағы алаңда» өмір сүреді. Адамзатының өмірі – «жақсылық пен жамандық» арасындағы күрес алаңы болатын көрінеді [14, 227 б.]. К. Ясперс оны әлемдік «құпия» деп атаған. Осы ретте Абайды тыңдасақ, жиырма сегізінші қара сөзінде: «...Жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, ләкин қылдырған құдай емес... деп, нанып, ұқсақ болар» [11, 126 б.], – деген тұжырымды оқимыз. Бұдан түйетініміз оны жасайтын адамның өзі әрі олар адамның табиғи болмысына тән онтогендік қасиеттер. Мұндағы басты онтогендік моральдық актор – нәпсі. Өйткені ол оң іске де, теріс әрекетке жетелейді.

Алтыншыдан, егер осы мәселеге рухани-онтогендік тұрғыдан келетін болсақ, бұған негіз болатын себептің бірі – адам табиғатындағы жаратылысынан берілетін еркіндік. Мәселен Қайтаөрлеу дәуірінің гуманисі Эразм Роттердамский: «Еркін ерік – ізгі мен зұлым істерді анықтаушы түп негіз», – деген екен. Мұстафа Шоқай: «...еркіндік пен азаттыққа талпыну – табиғаттың болмай қоймайтын заңы тәріздес нәрсе» [4, 81 б.], – деп көрсетеді. Олай болса, ерік – мінез бастамасы. Мәселен, әл-Фарабиді зерттеуші ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғ.Құрманғалиева егер адам өз қалауына сәйкес әрекет ететін болса, онда ол еркін адам болғаны деген көзқарасты білдіреді [15, 29 б.]. Ал әл-Фараби: «Егер ...әрекеттер оның өзінің ықтиярына және өз еркімен таңдауына негізделетін болса, ол бақытқа жетеді жетеді» [8, 126 б.], – деп жазады. Теориялық принциптерге сүйенетін болсақ, әрине бұған негіз болатын себеп – адамның төрт қасиетке ие болуы: **ақыл, рух, нәпсі, көңіл**.

Жоғарыдағыларды жинақтай келе біз жалпы әлеуметтік мінез антропоцентристік табиғатқа ие және ол шексіз өзгеріп отыратын рухани феномен деген қорытындыға келеміз. Міне осыған сүйене отырып, әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық трактаттарының басты арқауы – адамгершілікке бағытталған оң моральдық ұстанымдар болғанын негіздеуге болады. Бұл да мәселенің мәңгі этика-антропологиялық құбылыс болатынын дәлелдей түспек. Міне сондықтан қоғамның рухани болмысын зерттеуде оның моральдық-антропологиялық негізі мен теориясына сітеме жасайтын, дәлірек айтқанда жеке тұлғаны, оның жеке даралығы мен мінез болмысы әлеуетін мойындайтын ғұламалардың ұтқыр

тәжірибесі мен идеялық тұғырнамаларының маңызы арта түспек. Әл-Фарабидің адам болмысы жөніндегі пікірінің ізгілікті мінегзге тоғысуы соның дәлелі. Бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс болатыны сондықтан.

Әдебиеттер:

1. Алтаев Ж. және басқалар. Фарабитану: оқу құралы / Ж.Алтаев, Ә.Құранбек, Л.Асқар [және т.б.]; жалпы ред. басқ. Ж.Алтаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 140 б.

2. Қали Сәрсенбай Мінез мектебі // Almaty Akshamy №118 (5781), 03.10.2019.

3. Басты мақсат – мемлекеттік қызмет заңнамасы мен әдеп нормаларын сақтау // Almaty Akshamy №27 (5846), 05.03.2020.

4. Ұлт рухы: қанатты сөздер / Е. Зәңгіров. – Алматы: «Arna-b», 2015. – 160 б.

5. Жил Делез. Кино-1. Бейне-қозғалыс. Т.1. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 260 б.

6. Реми Хесс Философияның ең таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 360 б.

7. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат//Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. – Астана: «Логос – Астана» ЖШС, 2007. – 296 б.

8. Бақыт жолын сілтеу // Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. – Астана: «Логос – Астана» ЖШС, 2007. – 296 б.

9. Шәкәрім. «Көңілдер ұмытпасын десең, көркем мінезді бол» // Almaty Akshamy №55 (5874), 14.05.2020.

10. Оразалиева Э. Әулетіміздің қазынасы // Almaty Akshamy №136 (5799), 14.11.2019.

11. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. Т.2. Аудармалар мен қара сөздер. – 200 б.

12. Құран кәрім. – Алматы: Жазушы, 1991. 578 б. Бақара сүресі, 117-аят.

13. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 269 б.

14. Диденко Б. Этическая антропология (Видизм). – М.: ООО «ФЭРИ – В», 2003. – 560 с.

15. Идеалы ал-Фараби и гуманитарное развитие совпеменного Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. З.К.Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 232 с.

Нұрмұратов Серік Есентайұлы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор;

Қасабекова Еңлік Құралғазығызы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты докторанты

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАСЫМДЫЛЫҚТАР

Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани мұрасын заманауи тұрғыдан байыптағанда оның түркілік ділі мен бойына жинақталған ата-бабасынан берілген қадыр-қасиеттердің әлеуетін анық байқаймыз. Ғұламаның араб жеріндегі ұзақ жылдар бойғы философиялық шығармашылығына, оның жеке басының даралылығына, дарынына объективті және шынайы тұрғыдан әділ баға берілуі тиіс. Ол өзінің «Әлеуметтік-этикалық трактаттарында» адам мен қоғам ізгі мақсаттарға жету үшін ізгілікті игіліктерге, шынайы құндылықтарға арқа сүйеуі қажеттілігін баяндайды, ғылыми тұрғыдан ұйғарымдайды [1, 333б]. Жалпы түркілік ділдің танымдық және әрекеттік басымдылығын білдіретін этикалық ұстанымдарды сараптау барысында ойшылдың этикалық жүйесінде аксиологиялық ұғымдардың жетекші рөл атқаратынын байқаймыз. Осыған орай кемелденудің, жетілудің адам тұлғасына қатысты тетігін байыптау тұстарында «ықтиярлылық» ұғымының маңыздылығы айқындала түседі. Шынайы ықтиярлылықпен қадам жасау – шын мәнінде адам еркіндігінің ғажап көрінісі, ол тұлғалық жасампаздықтың, шығармашылықтың қайнар бастауы. Ықтиярлылық шектелген жерде негізінен табиғи инстинктер ауқымының логикасы ғана жұмыс істей алады, адам белгілі бір догмаланған идеологияның, игерілмеген, сараптаудан өткізілмеген идеяның шылауында болады, сөйтіп, өзіне о баста берілген ерекше мәндік болмысынан алыстай түседі. Әл-Фарабидің философиялық антропологиясы осы мағынадағы түсініктерге қарай бағытталған интенциясымен, векторымен қазіргі заманауи кезең үшін құнды.

Түркі руханияты – ғасырлар бойы қордаланған әлемді рухани игерудің өзіндік рухани тәжірибесі. Оның ерекше дүниеге қатынас сипатында қалыптасуына және оның тұтастанған жүйе реінде көрініс беруіне негізі болған дүниетанымдық әмбебаптардың, рухани құндылықтардың қатарына еркіндік пен әділеттілікке деген түркілік менталитеттің ұмтылысын (интенциясын), бейімділігін, тіпті жақындығын жатқызамыз. Осы этикалық-аксиологиялық іргетас, сипаттама жалпы түркілік рухани болмыстың қабырғасын қалады, оның тарихында талай ойшылдардың дүниеге келуіне арқау болды. Жалпы түркілік философияның ерекшелігі осы түркілік бірегейлену кодын мықты ұстай білуінде екенін айта кету керек. Түркі руханилығы Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылығы арқылы исламдық іліммен астаса отырып көне антикалық рухани мұраға назар аударады. Сондықтан осындай рухани мағынадағы күрделі қатынастар ауқымында әруақытта өзгеше мағынадағы туындылар келетіні тарихтан белгілі.

Бұл ізденістердің нәтижесі адамзат мәдениетіне өзіндік қайталанбас қолтаңбасы бар тұлғалық жасампаздықтың, даралылықтың үлгісін сыйлады. Исламдық Ортағасырларда өмір сүрген Әбу Насыр әл-Фарабидің дүниетанымы және оның белсенді шығармашылықпен айналысқан кезеңінде ширыға түседі. Бұл тарихи кезең мұсылмандық білім беру мен ағартушылықтың гүлденуімен сипатталады. Сонымен қатар мутазализм, фалсафа, калам, әдеп сияқты атақты рухани бағыттардың пайда болуымен де байланысты. Әбу Насыр әл-Фараби әрбір ғылымның пәнінің мәнін ашуда логиканың өте маңыздылығы бар екенін есерткенін біз әр уақытта есте ұстауымыз қажет.

Адамзат тарихында үздіксіз сабақтасып жатқан тарихи процестегі ұлы тұлғалардың атқарған қызметі мен ұшан-теңіз еңбегі шын мәнінде мәдени-дүниетанымдық тұрғыдан алғанда қауымдастық үшін үлкен секірісті, пәрменді өзгерісті білдіреді. Ол сонымен қатар әлеуметтік кеңістік пен уақыт терең мағына мен мәнге толғанын көрсетеді. Ал, енді келесі келген соған ұқсас тарихи тұлға үшін нағыз рухани үлгі болады. Құндылықтарды өзіне жақын қабылдайтын адам және оны іс жүзінде практикада қолданатын кісі үнемі рухани даму жолында болады. Ал, адамның мәдени болмысы бұл әлемде, әсіресе, саналы тарихта айқын көрініс

беріп отырады (осындай құбылысты гуманитарлық ғылымда «хронотоп» деп атайды) және ол өзінің сол тарихи кезеңге тән ғана ерекше бейнесі мен типін ғана емес, ол сонымен қатар біршама кең мағынада қамтылған болашаққа да тән қасиеттерді, кейбір әрекеттерді, өзіндік үлгілерді жаңаша түрде таныта бастайды.

Адамның әлеуметтік кеңістік пен уақыттағы орын алуы, сол кезеңнің ғана құндылықтарын мойындауымен шектелмейді. Кез келген жетілу мен даму жолына түскен адам тарихта қордаланған және болашақта болуға тиіс ықтималдылықтағы рухани құндылықтарды игеруге ұмтылады. Сөйтіп, ол өзінің іс-әрекеті арқылы әмбебап-адамдық қызметтерді атқару жолында болады, яғни тарихи процесті біріктіре, тұтастандыра түседі. Сонымен мәдени әмбебап идеялар қатарына жататын жалпыадамзаттық құндылықтар әрбір ұлттық мәдениетте өзінше ерекше формада көрініс береді. Ал, оларды тасымалдаушы, паш етуші рөлді атқарушылар жеке тұлғалар болуы мүмкін, бірақ оның ұғымдық сипат алатын кездері, үлкен қауымдастықтарда мойындалатын кездері де болады. Сондықтан тарихты жасайтын да, өркендететін де, сақтайтын да «халық» деген қанатты сөз бар. Өйткені, қарапайым адал тіршілігімен қайырымды қоғамды құруға ат салысып жүрген қоғам мүшесінің жалпы халықтық, халықаралық бірлікті нығайтудағы рөлін төмендетуге болмайды. Қоғамдық ортаның үйлесімділігі сол қоғамда өмір сүретін барлық адамдардың дүниетанымымен, өмір сүру тәсілімен байланысты. Тарихи тәжірибе көп нәрсеге үйретеді, адамның тағдыры басқалардың да тағдырымен астасып жататындығын дәлелдейді. Сондықтан халқымыздың ұлттық болмысында тарихи қордаланған құндылықтар жүйесін толықтай игеру, оны түсіну, түсіндіре білу, көмескі тұстарын ғылыми зерттеу гуманитарлық мағынадағы маңызды іс болып табылады.

Ал, енді осындай талдаулардың бір қырын орта ғасырларда өзінің белгілі бір даму биігіне жеткен араб философиясынан, яғни мұсылмандық философиядан іздегеніміз дұрыс сияқты. Өйткені, халқымыз дүниетанымдық әмбебаптылықты, субстанциялық негіздерді өзінің тарихи кеңістігіндегі этномәдени болмысымен қатар мұсылмандық көзқарастан, ілімнен да іздеген (ал, еуропалық менталитет білім мен ғылымды көбінесе өмір сүрудің,

тіршілік етудің құралы, тәсілі, тетігі, механизмі, немесе адами әлеуметтенудің көмекшісі деп қабылдаған). Жалпы араб тіліндегі философияның қалыптасуына өзінің қомақты үлесін қосқан түркілік ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылығы адам мәселесіне, адам болмысының сан түрлі қырларына арналады деуге болады. Адам ойшыл үшін үнемі әлемді тану жолындағы, ізденіс жолындағы ғылым мен білімді іздейтін белсенді және еркін субъект. Ғұламаның көптеген еңбектері тікелей және жанама түрінде адамның зияткерлік қабілеттерін дамытудың тетіктерін айқындауға бағытталған. Ол барлық білімнің ортасына, орталығына философияны қояды. Ал басқа ғылымдар философияға көмекші болуға тиісті ойды тұжырымдайды, осы идея оның барлық трактаттарының өзегі ретінде бойлай жүріп отырады, Мәселен, ғұламаның «Азаматтық саясат», «Әріп кітабы», «Бақытқы жету жайлы», «Субстанция туралы сөз», «Заңдар жайлы кітап», «Логиканың қысқартылған үлкен кітабы», «Философияны меңгеруге дайындық», «Музыка туралы үлкен кітабы», «Физика негіздері», «Ғылымдарды жіктелуі жайлы сөз», «Ғылымдардың шығу тегі туралы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері», «Теология», «Аналитика» және т.б. сол сияқты көптеген құнды еңбектері адам мен қоғам болмысының, жаратылыстанудың сан түрлі саласының көптеген мәселелерін зерттеу нысаны ретінде көтереді. Дегенмен, барлық ғылыми деректер адамды жетілдіруге, қоғамды үйлесімдендіруге тиіс екенін дәйектеп отырғанын да байқаймыз. Платоннан гөрі Аристотельдің философиясына ойшылдың тұжырымдарының көбірек ұқсайтын жері адамның өмірдегі практикалық қимылдарының маңыздылығын жоққа шығармай, керісінше, оған барынша мән мен мағына беруге тырысуы жатады. Ойшылдың білім беру мәселесіне де зор мән бере отырып, білімнің әмбебап тұтастықта, яғни энциклопедиялық формада жинақталуына көбірек мәртебе береді және зерделі адамның барлық қабілеттерінің синтезі ретінде бағалайды. Сонымен ортағасырлық түркілік оқымысты Аристотельдің логикасы мен гуманитарлық саланың көптеген қырларын ашуға талпынған шығармаларын тереңдей игеруге үлкен еңбек сіңіреді. Мәселен, оның «Метафизика», «Никомақтық этика», «Риторика», «Поэти-

ка», «Птоломейдің «Альмагасіне» және т.б. бірнеше еңбектерге түсіндірмелер береді. Сонымен Антика әлемінің мол рухани мұрасы барлық қисынға сай Еуропаның ауқымында қалып қоймауы тиіс болатын. Осы заңдылық философиялық танымның табиғатына да, кез келген ғылымның даму жолына да сәйкес келеді. Себебі, екеуі де Ғаламдағы объективті ақиқаттың негіздерін іздейді, әлемді етене игеруге ұмтылады. Ал осындай ақиқатқа қарай ұмтылыс адамзатты ұлтына, діниіне, өркениеттік ерекшеліктеріне қарамастан рационалистік деңгейде біріктіреді, жақындастырады. Өркениет аралық сұхбатты орнатушы рухани құдірет философия мен ғылым. Оның үстіне философия білім мен сенімнің терең тұңғиығын түсіну үшін қажет деп түсініледі. Әрине, сонымен қатар өнердің осыған ұқсас қасиеттері айқындалып, оның маңызы да биікке көтерілгенін байқауға болады. Шығыстық рухани мәдениетке кезінде ауадай қажет болған осындай құбылыстардың жиынтығын игерген **әл-**Фарабидің ізгі қызметін бағалаудың өзі игілікті істердің қатарына жатады. Батыс пен Шығысты жақындатуға тырысқан, адам өмірінің қайшылықтарын жеңуге тырысқан кез келген ғұлама «әрқашан жасампаздық, шығармашыл жолда болды» деуге болады және олардың адамзаттың болашағы үшін ізгілікті іс атқарғанына да күмән келтіруге болмайды. Әл-Фарабидің іздеген идеалды әлемі негізінен қалаларда болуы мүмкін деген ойтұжырымның орнығуына себеп болған жағдай ортағасырлық араб жерінде қалалар кішігірім мемлекеттердей болды. Оның жекелеген қалалар туралы айтқан ойлары өзінің зерттеушілер үшін нағыз әдістемелік бағдар, аксиологиялық іргетас болуға тиіс еді. Сондықтан ғұламаның пайымдауларына сын көзбен қараған зерттеуші негізгі талдау бағдарынан айырылып қалмауы тиіс, оның кең ауқымды даналығын қамти алатындай деңгейге көтерілуі шарт, яғни кез келген теория өзінің ауқымын ары қарай дамытып, әлемге танылa түсуі қажет, онсыз шектелген кеңістік пен уақыттағы ғана мағынасы бар, үзіктелген, дискретті тұжырымдар сипатында қалады.

Әл-Фарабидің барлық ғылымдар саласындағы шығармашылықтан туындаған жасампаз еңбегінің тұтастанған жүйесін – «перипатетизм мен жаңа платоншылдықты бір жерде синтездеген шығармашылықтың біріккен жиынтығы» ғана деген

тұжырымдармен шектеп тастап, бағалауға болмайды. Себебі, ұлы ғұламаның өзіндік философиялық рефлексиясы ортағасырлық ерекше ділдің, қоғамдық болмыстың, тарихи сананың сипаттарын кеңінен қамтыған. Сонымен қатар, ойшыл алдағы болашақ қоғамдағы кеңістіктерде әлеуметтік проблемалардың туындауы мүмкіндігі жөніндегі пікірлерін білдіреді. «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздерінде», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген қоғамдағы этикалық мәселелер жөніндегі трактаттарында әл-Фараби өз заманында сирек кездесетін, замандастары електен өткізбеген ойларды айтады, тіршілік пен ой-пікірдің тарихи негіздерін қайта қалыптастыру тұрғысынан алғанда аса маңызды қағидалар ұсынады; мұнда адами белсенді қызметтер қалыптастырған және дамытқан қоғамның тегі туралы, мемлекеттік құрылыс жайлы, қоғамдық тіршіліктің түрлі формалары, адамның этикалық және басқа мінез-құлық ережелері туралы баяндалады [2, 36 б]. Ойшыл мемлекетті дана адамның басқарғанын қалайды, кезінде Платон атап өткен «Мемлекеттерді философтар басқару керек» деген қағиданы араб елінде жандандырып, әрбір халифтің, сұлтанның, патшаның философ деңгейіне көтерілгенін, қоғам соны мақсат етуге тиісті екендігін ортаға салады. Бұл қисынға келетін ойдың түкпірінде «әлеуметтік дүниедегі әлеуметтік әділеттіліктің кілті ел басқарушысында» екендігіне меңзегенінде болып тұр. Қоғамды басқарушы билеушінің басты қасиеттерінің бірі ретінде әділеттілік екендігін баса көрсетеді. Ал, енді қоғамдағы әділеттіліктің өзі не екенін мемлекеттің жетекшісі жете түсіну керек. Жалпы білімділік пен надандықтың, қайырымдылық пен зұлымдықтың аражігін ақыл арқылы жіктей алатын, қоғам үшін пайдасы мен зиянын тигізетін нәрселерді аңғаратын жанды әділеттілікке жақын адам екендігі көрсетіледі. Халық пен билеуші топтың ортақ мақсаты болу керектігін ойшыл өзінің елді басқару туралы саяси философиясында жетекші идея етеді. Сондықтан билеуші нағыз философ болған жағдайда осы топтасу жүзеге асатынына сенеді.

Дегенмен, қайырымды дана патшадан зорырақ келетін құбылысты ойшыл қоғамдағы ағартушылық пен өнегелі тәрбиенің белең алуынан іздейді. Жалпы ағартушылықтың қоғам үшін маңыздылығын айтпаған тарихта данагөй ойшылдар жоқтың

қасы. Әл-Фараби өзінің шығармаларында жердегі адамдардың бәрі қосылып болашақта ұлы қоғамды құрайтынын айтады және соған барынша сенеді. Бір қарағанда ойшылдың тұжырымдары утопиялық мағынадағы көрінетін идеялар сияқты. Дегенмен, бұл мақсаттың өзіндік логикалық сипаттамасы, гуманитарлық жіктемелері де бар. Сөйтіп, ғұлама қоғамдық жүйені жіктей отырып олардың орташа қоғам, кіші қоғамға бөлінетіндігін, әр қайсысының өзіндік ерекшелігі бар екеніне тоқталады. Әсіресе, ол қоғамдағы құндылықтар әлемін (шынайы, немесе жалған) негізінен қалалардан, қазіргі заманның терминологиясымен айтсақ үлкен мегаполистерден іздейді. Мәселен, ғұламаның қайырымдылық идеясын өзектендірген мынандай тұжырымдары кездеседі: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық - қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ»[3, 36б]. Қайырымдылықты, шынайы адами қарым-қатынастардағы ізгілікті үнқатысуларды өзектендіріп, алға шығару - бұл қазіргі заманның тілімен айтқанда «қоғамды гуманитарландыру мәселесі» деп аталатын әлеуметтік дүниенің өзекті проблемасы болып табылады. Кез келген қоғам осы қатынастар жүйесіне оралып соқпай өркениеттене алмайды.

Шыныменде қайырымдылықты, ізгілікті бұл дүниеде ұмытқан жанның өзегін тек өзімшілдіктің сыңаржақты келбеті ғана толтыратыны белгілі. Ал өзімшілдік өзінің абсолюттенген сипатында көрініс беретін болса, онда ол адамды пендешіліктің, рухани мешеуліктің құрсауына түсіретін мықты қақпан екені анық, нәпсінің құлы болу деген ұғым осыдан туындайды. Адамның өмірге келуінде, сонымен қатар оның Жер бетіндегі белгілі бір кеңістікте, тіптен, белгілі тарихи дәуірде жан иесі, зерде иесі ретінде тіршілік етуінде сыры терең қисынмен, өзіндік қажеттілікпен анықталатын үлкен маңыздылық жатыр және дөп басып сырын айқара ашып беру де қиын екені белгілі. Әркімнің әлемге «кірпіш болып қаланатын», өзінің лайықты орнын таба алатын шағы да, реті де

болады. Тек сол құбылыстардың ақырын, ерекше қасиеттердің түптамырын, философиялық мәнін әркім де өз бойынан дұрыстап іздеуі және оны табуы үлкен міндет. Ойшыл өз замандастарына да, ғасырлардан кейін келетін кейінгі жас ұрпаққа да өзінің өмір бойы қордалаған даналық үлгілерін, терең ойлы кеңестерін ерекше риясыздықпен, шын ниетімен ұсынып отырғанын байқаймыз. Өзінен кейін мұрагер болып тікелей ұрпақ бұл дүниеге қалмаса да, әл-Фараби дәуіріне, тіліне, діліне қарамай адамзаттың барлығы өзінің зияткерлік өркендеуінде қолданатындай даналықтың рухани қоймасының есігін айқара ашып қалдырады.

Шығыстың ортағасырлық ғұлама философтарының қатарына жататын Әбу Насыр әл-Фараби өз заманында адам дүниетанымы үшін этикалық ұғымдардың, түсініктердің және негіздердің маңыздылығын атап кеткен еді. Ол өзінің шығармашылығында «Ақылға салатын адам, - деп жазады Шығыстың ойшылы, - [логика бойынша] этикалық қайырымдылығы бар болғандықтан ізгілікті болуы керек, сөйтіп, өз бойына біткен қайырымдылықтың көмегімен өз мақсатының дұрыстығын дәлелдейтін, бұл мақсатқа бастайтын істің дұрыстығын өзінің тамаша пайымдауы арқылы дәлелдейтін болуы керек» [4, 226 б]. Яғни адамның қайырымдылығы іске асырылғанда ғана ол руханилыққа толы дұрыс істер мен қадамдар жасайды, болашағы бар оңды пайымдауларға қол жеткізеді деген ойтұжырымдарды түйіндейді. Пайымдауларды жақсылап жеткізуі үшін тілдің, яғни ойлы сөздің мағынасын атап көрсетеді. Тілдің айырмашылығы арқылы мінез-құлықтың айырмашылығын да аңғаруға болатындығын ескертеді. Мінезді өзгертпей ізгілікті қоғамды қалыптастырудың қиын екендігін де ескертеді [1, 418б]. Осындай терең этикалық мазмұн мен түсініктер ортағасырлық ойшылдар арасындағы әлеуметтік философияда орнығып, ол рухани сабақтастықпен түркі әлемінде жалғасын тауып отырған. Сөздің құдіреті мен қадірі жөнінде пайымдаулар кейінгі замандардағы ақын-жыраулар мен би-шешендердің шығармашылығында жиі кездеседі. Осының өзі Фараби ілімінің жалпы тарихи үрдісте жасампаз өміршеңдігін, әлеуметтік практикаға әрқашанда әмбебап сипатта қажет болғандығын, адамзат тарихының үздіксіз сабақтастығын білдіретін жалпы тарихқа қызмет ете алатындай рухани қауқары мен адамгершіл қуаты барлығын білдіреді.

В политической практике управление имиджем включается в предварительно разработанную программу действий, в той или иной мере, связанную с выборами. Для составления такой программы осуществляется изучение контингента, «целевой аудитории» имиджа. Это осуществляется с помощью социологических и социально-психологических методов изучения представлений, мнений и других проявлений массового сознания, проведения экспертных опросов, фокус-групп и др., а также наблюдения. С помощью этих методов «вычисляется» идеальный образ для данной аудитории [4].

Следующий важный компонент сбора необходимой информации – составление психологического портрета личности политика, для актуализации наилучших их черт или затушевывания негативных. Наиболее распространенными методами исследования личности политических лидеров является: контент-анализ их текстов, анализ личных документов и биографии, составление психологических профилей, интервью, опросники, проективные методики и т.п.

Далее необходимо определить, к какому типу лидерства относится данный политик, и какие архетипы задействуются. На этой основе строится стратегия подачи (презентации) и самоподачи (самопрезентации) имиджа политического лидера, т.е. определяется тот миф, на котором будет строиться политическая кампания. Для актуализации определенного архетипа необходимо, чтобы конкретный кандидат предъявил такие черты, которые позволили бы его идентифицировать с одним из архетипов. Биография и сама логика поведения политика должна быть подана через призму архетипа.

В современной политической имиджелогии выделяются следующие архетипные образы: «мудреца», «воина-защитника» («доброго молодца»), «доброго царя-кормильца», «слуги народа» («борца за справедливость»), «сказочного богатыря-батыра», «аскета», «святого» и т.д. В этом контексте метафорически можно использовать и черты, и образы «идеального правителя» у аль-Фараби.

При формировании имиджа обычно делается акцент на сильных сторонах политического лидера (характеристики, отвечающие требованиям электората) и нивелировке недостатков (характеристики, не отвечающие требованиям электората).

В литературе существуют различные модели технологии формирования имиджа. Одной из таких моделей является «Формирование имиджа с опорой на «идеальный образ» кандидата». Данная психологическая технология базируется на углубленном изучении социальных ожиданий масс.

Проблема стоит буквально так: лидера, с какими качествами и характеристиками они хотели бы видеть во главе страны? С помощью социологических опросов и специальных социально-психологических исследований выявляются желаемые качества и черты неперсонифицированного лидера, то есть определяется так называемый «идеальный образ». Желательно выявить как можно больше черт, чтобы этот образ отражал важнейшие характеристики «идеала» как реально существующего человека: пол, возраст, образование, особенности интеллекта, нравственные качества, направленность личности, ценностные ориентации и многое другое. Далее подбирается кандидат, который в целом больше других напоминает или походит на этот идеал.

Затем методом парных сравнений с помощью экспертных оценок определяется степень совпадения его личностных качеств с характеристиками «идеального образа». Это и есть основа имиджа. После этого начинается конкретная работа: какие-то качества с помощью специальных тренингов развиваются, какие-то таковыми должны восприниматься за счет рекомендованных форм поведения и общения, «вычисляются» необходимые действия, акции, которые должны были быть присущи действиям выявленного идеала. Деятельность, поступки, суждения и оценки данного кандидата широко освещаются в СМИ, в результате избиратели начинают осознавать – «Это он!», «Именно такой нам сейчас и нужен!», «Про такого мы говорили!». С помощью различных обратных связей производится коррекция имиджа.

Выводы:

Первый. Учение об идеальном правителе как философе-пророке, о политическом руководителе (в современной политологической лексикологии) является одним из основополагающих в политической философии аль-Фараби.

Второй. Характеристика качеств, которыми должен обладать правитель, указывает на рационалистичную обоснованность выдвигаемых философом требований.

Третий. Современные концепции о политическом лидере в более или менее обновленной форме выдвигают те же требования к политическим лидерам, добавляя требования, продиктованные современными реалиями.

Четвертый. Для современного политического лидера создание своего положительного имиджа является первоочередной задачей. Технологии и механизмы формирования имиджа должны использоваться системно, включая имиджевую легенду, внешний вид, речь, невербальные характеристики, поступки и перфомансы политического лидера.

Предложения и Рекомендации

1. В глазах электората президент РК Касым-Жомарт Токаев может ассоциироваться с другим поколением политиков, и казаться совершенно иным. Не только в Казахстане, но и в мире может задать высокие стандарты политической честности, принципиальности и справедливости. Для этого необходимо выработать свой, демократический (неповторимый) стиль общения не только с простыми людьми, но и с чиновничеством. В частности, выражать готовность к постоянному диалогу с людьми, активно используя преимущества «прямой линии». На мероприятиях, с участием премьер-министра и министров казахстанского правительства, необходимо демонстрировать умение разговаривать, как равный с равными, а не как начальник-руководитель с подчиненными.

2. При формировании имиджа лидера следует использовать различные технологии: вербальную, визуальную, PR, «черный

PR», репутационную, контекстную и другие, но основной упор необходимо делать на визуальную и PR-технологии. Актуализация визуальной технологии связана с повышением роли внешних характеристик в жизни – на данном этапе для большинства избирателей важна внешняя привлекательность кандидатов, поэтому имиджмейкеры с помощью этой технологии стараются сформировать внешне привлекательный образ. Главная цель лидера – привлечь избирателей, а сделать это можно, лишь находясь постоянно на виду (в газетах, журналах, на телевидении, в социальных сетях и т. д.).

3. Особое внимание необходимо уделить визуализации образа президента и освещению его выигрышных личных качеств в средствах массовой информации (с помощью фотосессий и пресс-мероприятий): он образован, интеллигентен, не курит, не пьёт, активно занимается спортом (конкретно, настольным теннисом), и т.д.

4. Следует масштабировать такие выигрышные имиджевые ходы, как например, пресечение президентом страны неуместной административной ретивости.

Литература:

1. Аль-Фараби. Афоризмы государственного деятеля // Избранные трактаты. Алматы, 1994.

2. Аль-Фараби. Философские трактаты. Алма-Ата, 1970.

3. См.: Мусульманская философия: антология / Т.К. Ибрагим, Н.В. Ефремова – Казань: Издательство ДУМ РТ, 2009. – 669 с.; См.: Юсубов Ж.К. Философия нравственного совершенствования Абу Насра аль-Фараби / Ж.К. Юсубов, Н.А. Джураева. – Молодой ученый. – 2013. - № 4 (51). – URL: https://moluch.ru/archive/51/6487/.

4. Brend Analytics. Статистика социальных сетей [Электронный ресурс] URL: https://br-analytics.ru/statistics/author; Федорченко С.Н. Современные технологии политического менеджмента: учеб. Пособие / С.Н. Федорченко. – М.: ИНФРА-М, 2016; Политическая имиджелогия: учебн. пособие/ под ред. А.А. Дергача, Е.Б. Перелыгиной и др. - М.: Аспект-пресс, 2006. - 400 с.

Коянбаева Гульнара Ромсеитовна,
ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, кандидат философских наук;

Заурбекова Лазира Расылхановна,
кандидат философских наук, ассоциированный профессор

ПРОБЛЕМА ЛИДЕРА И ЛИДЕРСТВА В ФИЛОСОФИИ АЛЬ-ФАРАБИ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Лидеры всегда были важнейшей составной частью любого социума, определяя его успехи и поражения. Фактом социальной жизни является взаимосвязь качества лидеров с решением большинства насущных проблем данного общества. Эта проблема вызывала огромный интерес на протяжении всей эволюции философской мысли разных цивилизаций. Начиная с конфуцианской модели элиты и толпы, с утверждением определяющей роли «благородных мужей», по природным качествам предопределенных к властной деятельности по управлению невежественной толпы до современных идеологов авторитаризма, обществоведы пытались разгадать сущность лидерства, его основные характеристики, с тем чтобы дать обществу в руки инструмент по выращиванию лидеров, способных решать его проблемы.

Сегодняшнее состояние лидерства, особенно в сфере политики, демонстрирует, что данный поиск не потерял своей актуальности. Приход к на вершину политической власти, определяющей судьбы стран и народов, людей по своим личным качествам, не отвечающим требованиям современности, вызывает определенные сомнения в их возможности выработки стратегий развития человечества. Проблема обостряется в том числе и потому, что человечество оказалось сейчас на распутье в выборе как ценностно-идеологической, так и финансово-экономической парадигм. Система, основанная на безудержной экспансии и развития потребительства, наносит существенный удар не только по экономической сфере жизни, но и по духовно-идеологической, поставив людей перед жестким выбором между телом и духом. И если долгое время эта проблема решалась в человеческом сообществе,

по крайней мере идеологически, как выбор в пользу духа, то современность, проецируемая в средствах массовой информации, демонстрирует, что выбор склоняется к телу, миру материального. Бесконечные призывы к успеху в конкурентной среде критериально обосновывают его именно материальными факторами. Саморазвитие и самосовершенствование, провозглашенные великими мыслителями целью человеческого бытия, сведены к формированию skills-компетенций, способствующих достижению сугубо прагматических целей. Системы образования, скованные клиентоориентированностью и необходимостью капитализации, все больше склоняются к отказу от социогуманитарного контекста знаний, переводу процесса обучения на узко – профессиональный контент, лишая молодежь возможности системного видения, сводя все к необходимости выработки конкурентоспособный навыков.

В такой системе остро ощущается необходимость разработки идеологического контента, способного перебороть ее, представив жизнеспособную модель трансформации социума, социальных институтов с позиции духа. Это снова возвращает нас к философии, идеям мыслителей, представившим свои варианты понимания смыслов и коннотаций человеческой жизни. Для большинства из них выбор всегда определен в пользу духовного, способного транслировать в мир лучшее в человеке. Выбор истинного жизненного пути, говорит аль-Фараби, как этому учили древнегреческие мудрецы и философы Сократ, Платон и Аристотель, заключается не в том, чтобы следовать внешним, эмпирическим, повседневным целям человеческого существования, которые как раз таки и ставят целью достижение богатства, удовольствия и т.д. в их эмпирическом измерении, а в том, чтобы следовать самодовлеющему и самодостаточному бытию, не требующему для своего осуществления внешних по отношению к нему условий, где эмпирическая жизнь и ее ценности – лишь средство и определенное условие, но не самоцель /192кирабаев/. Для решения этой задачи общество нуждается в лидерах, новой элите духа, способной на ответственные решения, не идущий на поводу популизма и собственного эгоизма, исходящей из понимания общего блага, как бы трудно оно не было определяемым.

Проблема лидерства имеет длительную историю исследования в истории философии. Она интересовала всех философов от

Конфуция до Макиавелли, от Ницше до Вбера и Маркса и др. При всех различиях мировоззренческого толка, философы сходились в признании значимости роли лидеров в истории эволюции человечества. Вклад философов в проблему лидерства заключается в том, что они внесли в нее ценностную составляющую, рассматривая модель лидерства как наличие специфических качеств, определяющих способность к осуществлению данной деятельности.

Так, одной из наиболее ранних и интересных является «теория черт», «харизматическая теория», определяющее лидерство как нечто снизошедшее до человека, предопределенное набором определенных черт и качеств или психологическими характеристиками, позволяющими личности стать рупором общественного интереса и вести за собой толпу, не способную ориентироваться в своих желаниях и намерениях. Разные сторонники этой теории предлагали соответствующие критериальные параметры, должные соответствовать этой харизме, но к единой конфигурации так и не было создано.

Для Конфуция, Платона, Аристотеля идея лидера, добродетельного правителя исходила из прирожденности лидерских качеств, необходимости появления людей по определению способных вести и воспитывать в силу наличия знаний правильного поведения. «По идеи Платона, у идеального государя власть включает в себя «как разумение, так и рассудительность». У Конфуция благородный правитель имеет много положительных качеств: «в доброте не расточителен; принуждая к труду, не вызывает гнева; в желании не алчен; в величии не горд; вызывая почтение, не жесток». Наиболее перспективная типология лидерства была выдвинута Лао-цзы, по мнению которого лучший вождь – тот, которого «народ не замечает», на втором месте – тот, которого «народ обожает», на третьем месте – тот, которого «народ боится» и на последнем – тот, кого «ненавидят».» [1]

Последовательную концепцию добродетельного правителя предложил и аль-Фараби, знаковая фигура для арабомусульманского и тюркского мира. Для Аль-Фараби лидер-человек способный донести до людей идею счастья и путей его достижения. Люди нуждаются в учителе и наставнике, понимающим их предназначение и способном увидеть правильный путь. Высшим наставником является глава Добродетельного города, ставящий перед собой цель – добиться ис-

тинного счастья (Блага) для всех членов общества. Государственный деятель – как лекарь человеческих душ. Врачу, лечащему тело человека, его физическую субстанцию, необходимо знать морфологию и физиологию тела; болезни, которые могут поражать организм и каждую из его частей, причины, вызывающие поражение тела и его органов и т.д. «Точно так же, – доказывает аль-Фараби, – государственному деятелю или правителю, который лечит души, необходимо знать всю душу, ее части, недостатки и пороки, поражающие ее и каждую из ее частей, откуда они происходят и от какого количества причин; необходимо знать те душевные состояния, при которых человек совершает добрые поступки, сколько их, как устранять недостатки у жителей городов, какими искусными приемами добиться укрепления /добродетелей/ в душах горожан и какими способами сохранять у них /эти добродетели/, дабы они не исчезли» [2].

Концепция философа ориентирована на создание образа правителя, отвечающего интересам всего общества. Это человек, уровень рациональности которого позволяет ему ориентироваться во всех проблемах. Его профессионализм обоснован знанием истин природы и человеческого существования. Именно знания являются базой ориентирования в мире и общественных процессов. Но самое важное, что это знание нравственно окрашено, целеполагание действий правителя определяется моральной составляющей. Только в этом случае деятельность правителя созидательна и обоснованна. Аморальность правителя гарантированно приводит общества к искаженной форме существования общества, что детерминирует неизбежный его крах и тяжелые последствия для граждан. Моральное долженствование становится определяющим принципом соответствия правителя задачам построения добродетельного общества

Естественно, что на фоне такого долженствования, философ предъявляет достаточно высокие требования к качествам правителя: это двенадцать прирожденных качеств.

1. Абсолютно совершенное здоровье, позволяющее с легкостью выполнять какое-либо действие.

2. Высокие интеллектуальные способности, «позволяющие отлично понимать и представлять себе все, что ему говорится, осмысливая сказанное в соответствии с тем, что имел в виду говорящий, и с тем, как обстоят дела сами по себе» [3].

3. Хорошая память.

4. Проницательный и прозорливый ум.

5. Выразительный слог и умение излагать с полной ясностью.

6. Любовь к обучению и познанию.

7. Воздержанность в еде, «употреблении напитков и совокуплении, от природы избегать игры и испытывать отвращение в возникающим из нее удовольствиям» [4].

8. Любовь к правде и ее поборникам.

9. Гордость души и сохранение чести, «его душа от природы должна быть выше всех низких дел и от природы же стремиться он должен к деяниям возвышенным, презирать дирхемы, динары и прочие атрибуты мирской жизни» [5].

10. Любовь к справедливости и ее поборникам.

11. Справедливость, но не упрямство.

12. Решительность при совершении того, что есть необходимость, смелость и отвага.[6]

Перечисленные качества могли бы найти должное место в концептуальной схеме soft-skills, ставшей популярной в современной системе образования. Образовательные программы высших учебных заведений нацелены в первую очередь на формирование навыков и компетенций, способных помочь молодому человеку сориентироваться в совокупности быстро изменяющихся форм общественного взаимодействия. Сейчас очень много говорится о том, что широкое, всестороннее внедрение информационных технологий приводит к существенным изменениям к требованиям в профессиональной деятельности. Многие вузовские специалисты и заинтересованные работодатели говорят о том, что образование не успевает за временем, излишне консервативно, уровень профессионализации низок и не соответствует требованиям времени. И одним из выходов вузы видят не столько формирование узкой специализации, которая может не быть востребованной к моменту окончания молодым человеком института, а формирование у него фундаментальных навыков и компетенций, дающих возможность быстрой адаптации к изменениям. В том числе и навыки лидерского плана, позволяющие овладеть организаторскими способностями. Управленческий менеджмент - наиболее востребованная в обществе составляющая. Менеджер, топ-менеджер – это лидеры,

формирующие стратегии развития страны, экономики и даже духовной сферы. Какими базовыми качествами они должны обладать? Если трансформировать в современный понятий ряд требования аль-Фараби, предъявляемые правителям добродетельного града мы получим следующее:

1. Здоровый образ жизни и ответственное отношение к своему психическому и физиологическому состоянию
2. Критическое мышление, позволяющее объективно оценивать проблемы
3. Развитие и организация памяти
4. Развитые интеллектуальные способности
5. Ораторское искусство
6. Информированность
7. Отказ от нездоровых привычек, разрушающих личностный потенциал
8. Объективность в работе с информацией и людьми
9. Чувство долга
10. Самокритичность и ответственность
11. Справедливость
12. Способность к принятию решений.

Можно с уверенностью утверждать, что набор компетенций добродетельного правителя аль-Фараби абсолютно коррелирует с требованиями, предъявляемыми современным лидерам.

Еще одна проблема, связанная с идеей правителя состоит в признание философом невозможности совмещения всех этих качеств в одном человеке, (что конечно очень желательно, но проблематично). Но правитель (лидер) должен обладать большей частью качеств, в противном случае он не способен на выполнение своих задач. В «Афоризмах государственного деятеля» (в 54 афоризме) аль-Фараби, говоря о правителях и главах городов, пишет об идеальном правителе следующее: «Он является первым главой и именно в нем сочетаются шесть условий: мудрость, совершенная рассудительность, /способность/ отлично убеждать, /способность/ отлично представлять в воображении, способность физически вести священную войну и то, что его тело не имеет ничего, мешающего ему заниматься делами, связанными со священной войной. Тот, кто в себе все это сочетает, является образцом, тем, кому сле-

дует подражать во всех поступках и действиях, к чьим словам и советам следует прислушиваться. Такой человек может управлять так, как он считает правильным и как желает» [7].

Но самое главное, подчеркивает Второй учитель, – это сохранять мудрость в руководстве, ибо при отсутствии такового, несмотря на другие положительные качества правителя или нескольких правителей, государство не будет стабильным и ему будет угрожать гибель. У того, констатирует аль-Фараби, кто обладает способностью быть умеренным в нравственности и в практических поступках, но при этом неосознанно или сознательно не стремится к выгоде государства, не обращает внимания на вред, наносимый обществу, осуществление этой способности следует отнести к порочному искусству управления государством . «Истинным правителем является тот, кто в искусстве, посредством которого он управляет городами, ставит целью и предметом стремления создание для себя и остальных горожан подлинного счастья, которое является пределом и целью искусства правления» [8].

Весь этот нравственный контент, выраженный философом в своей концепции сохраняет свою актуальность в современное время и может быть интерпретирован для решения проблем современного лидерства.

Литература:

1. /Клейменова Анна Евгеньевна. Историческое развитие изучения феномена лидерства http://analiculturolog.ru/journal/archive/item/1913-%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B5-%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%B2%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%B5-%D0%B8%D0%B7%D1%83%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F-%D1%84%D0%B5%D0%BD%D0%BE-2.html//

2.Аль-Фараби. Философские трактаты… С.317.

3. Там же … С.318.

4. Там же

5. Там же

6. Там же

7. Там же

8. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты… С.218.

Жандосова Шолпан Мүлікаманқызы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, PhD;

Айтуған Ақерке,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМИ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Білім беру – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі; қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты; мақсаты – қоғам мүшелерінің адамгершілік, интектуалды, мәдени дамуында және олардың денесінің дамуында, кәсіптік біліктілігінде жоғары деңгейге қол жеткізу болып табылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі; жүйеге келтірілген білім, іскерлік дағды және ойлау тәсілдері көлемін меңгеру процесі мен нәтижесі. Білімділіктің басты өлшемі – білімнің жүйелілігі, ойлаудың жүйелілігі мен логикалылығы.

Білім беру жүйесінің басты міндеттері – ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру оқыту мен өз бетінше іздену негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. Ең алғашқы ислами орта оқу орындары болған медреселердің араб жерінде емес, Түркістан өлкесінде пайда болғаны тарихтан белгілі. Мұның басты себебі тілдік фактордың әсері болып табылады. Мұсылмандықты қабылдаған түркі халықтары үшін ислам дінінің негіздерін үйрену, шариғат заңдылықтарын түсіну, зерттеу, тарату талпынысын араб тіліндегі Құран Кәрімді, Мұхаммед пайғамбар хадистерін, исламдық мәтіндерді игеру арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін болып табылатын [1].

Мұсылманның парызы саналатын іс-әрекеттер (бес уақыт намаз, ораза, қажылық) де белгілі бір дәрежеде араб тілді

мәтіндермен байланысты болды. Сондықтан ислам дінін игеру бірінші кезекте күрделі де көп салалы араб тілін жүйелеп, жіктеп, егжей-тегжейлі үйренуді талап етті.

Діни мәтіндердің мағыналық ерекшелігі мен көп қабаттылығы да араб тілін жетік игеруді міндеттеді. Осыған орай араб тілінің фонетикасын, морфологиясы мен синтаксисін арнайы пәндер арқылы игеру қажеттілігі туындады. Тіл игеруден кейінгі қиындық діни мәтіндер мен ілімдерді барлық қосымша пәндерімен қоса оқып-үйренумен байланысты болды. Бұл Құран ілімдері мен шариғат ғылымдарының екі үлкен сала ретінде қалыптасып, дербес оқытылуына негіз қалады. Осының барлығы араб тілі мен ислам дінінің негіздерін толығымен қамтып, жүйелендірген білім ордасы медреселердің қалыптасуына алып келді.

Орта ғасырларда бірыңғай рухани мәдени кеңістікте өмір сүрген Орталық Азияда медреселер жүйесі ерекше қарқынмен дамыды. Медреселер көбіне мешіттердің жанынан салынды. Бұхара, Самарқанд жерінде басталған медресе дәстүрі Баласағұн, Түркістан, Отырар, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Өзкент секілді Ұлы Жібек жолының бойында жатқан ірі мәдени орталықтарда жалғасын тапты. Ортағасырлық жазба мәліметтерде бір ғана Баласағұн қаласында 40 мешіт, 20 медресе болғаны айтылады.

Оқу-ағарту жұмысы Қазақстанда ерте заманнан басталған. Әсіресе, отырықшы аудандарда орта ғасырлардың өзінде-ақ (7-8 ғасырлар) көптеген мектептер мен медреселер (мұсылмандық бастауыш оқу орындары), діни білім беретін жоғары оқу орындары жұмыс істеген. Атақты Әбу Наср әл-Фараби Отырар медресесінде, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ахмед Иүгінеки, Қожа Ахмет Иасауи, т.б. ұлы ойшылдар діни медреселерде оқып, білім алған.

Қазақстан жеріндегі медреселер жүйесі бойымен Сыр бойындағы қалаларда ерекше өрістеді. Бұл Қожа Ахмет Яссауи негізін салған рухани ілім арқылы Түркістан қаласының түркі жұртының рухани астанасы деңгейіне көтерілуімен тікелей байланысты болды. Сырдың төменгі ағысымен Арал теңізіне дейін, Үстірт арқылы Батыс Қазақстан өлкесіне дейін тараған медреселер мәдениеті Қазан хандығы тұсында татар жұртына да кеңінен тарады. Қазақ жеріндегі дін ғұламаларының Орта Азияның

басқа да қалаларымен, Иран өлкесі мен араб жеріндегі іргелі ғылым орталықтарымен таныс болғаны, Йасауи хикметтерінде айтылғандай, «Қорасан, Шам, Иракқа сапар шегіп», ілім алмасып, тәжірибе жаңғыртып, рухани байланыста дамығаны белгілі. Осы орнықты әрі жан-жақты діни білім жүйесінің қазақ даласында Әбу Насыр әл-Фараби кезеңінен қалыптасып, үзіліссіз жалғасып келе жатқан біртұтас рухани ілімдер, орныққан көзқарастар жүйесінің қалыптасуына шешуші әсер еткені анық. Саналы ғұмырын араб жерінде өткізгенімен әл-Фараби түркі топырағының түлегі, сол топырақта дүниеге келген ілімдердің дамытушысы болып табылады. Атақты Отырар кітапханасы орнаған өңірде туып-өскен ғалымның барлық рухани және дүнияуи ілімдердің бастауынан туған өлкесінде сусындағаны, негізгі көзқарастарын өз отанында қалыптастырғаны анық [2].

Қазақ даласының перзенті – Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.) ғұлама ғалым, мәдениет қайраткері, ғалым-энциклопедист, ойшыл, философ. Әл-Фараби – ислам философиясының негізін салған зерттеуші, тарихта екінші ұстаз немесе шығыс Аристотелі деген атпен танылған. Мұндай қолпаштау мен мойындауға әл-Фараби көзі тірісінде-ақ қол жеткізді, ол логика мен философия аясында таңқаларлық жетістіктерге жеткен, Аристотельге дейін және кейін бұл салаларда дәл осындай ғылыми табыстарға жеткен әл-Фараби ғана еді. Ол «Поэзия өнері хақында», «Қайырымды қала туралы трактат», «Бақытқа жету», «Фәлсәфәнің дінге қатынасы» және т.б. ғылыми шығармаларды артынан қалдырды. Ал «Ғылымдарды жіктеу туралы сөз» кітабы ғылым энциклопедиясы атағына ие болды. Бұл туынды X-XII ғасырларда латын және грек тілдерінде аударылып жарық көрді. Фараби музыка ғылымын зерттеумен де айналысқан, оның теорияс туралы жазбалар қалдырды. Ұстаз озық ойының арқасында ғылыми еңбектерінде түркі, араб, парсы, грек, үнді және басқа да мәдениеттерді тоғыстыра білді [3].

Ислам философиясының тарихына көз жүгіртетін болсақ, әл-Фараби рухани әлемінің қаншалықты биік жоғары деңгейде болғанына көз жеткіземіз. Философияда Фараби иждихад дәрежесіне көтерілді, сондықтан да ол фикх, қалам секілді ілімдер

бойынша өз ойын білдіріп қана қоймай, сол мәселелер бойынша лайықты шешім қабылдай алатын еді [4].

Туған топырақтан алған тәлімін араб, парсы мәдениетінің, ислам өркениетінің ақыл-ой қазынасымен ұштастырған энциклопедист ғалым «хикма иләһийа» – «иләһи хикмет», «тәңірлік даналық» ілімінің негізін салды. Бұл ілім өз кезегінде Әбу Насыр әл-Фарабидің даңқты отандасы – Жүсіп Баласағұн шығармашылығында «Құт әкелуші білім» («Құтты білік») деген атпен жалғасын тапты. Қос ғұламаның жерлес ізбасары Қожа Ахмет Яссауи бұл ілімді «хикмет ілімі» деген атпен дамытты. Бұл ілімнің негізгі қағидалары Яссауидің «Диуани хикмет», «Мират-ул қулуб», «Пақырнама», «Рисала-и дәр әдәби тариқат» еңбектерінде көрініс тапты.

Әдебиеттер:

1. Смирнов А.В. Мусульманская этика как система // Этическая мысль. – 2005. − № 6. – С. 51-75.

2. Sardar Z. Explorations in Islamic Science (Islamic Futures and Policy Studies). – London: Mansell, 1989. – 197 p.

3. Хайруллаев М. Фараби. Эпоха и учение. – Ташкент: Узбекистан, 1975. – 352 с.

4. Алтаев Ж.А. Әл-Фарабидің рухани әлемі // https://azan.kz/kz/maqalat/read/al-farabidin-ruhani-alemi-11200

Аталған мақала «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» BR05236488 ғылыми-зерттеу жобасы аясында дайындалған.

Ошақбаева Жазира Бейбітқызы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

X-XI ғасырларда түркі тайпаларының ой-өрісі, мәдениеті мен әдебиеті ерекше дамыды. Осы бір кезеңде Қазақстандағы мәдени даму аты жаһандық ғылымға танымал болған – Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайри, Ахмет Иасауи тағы басқа ойшыл ғұламалардың дүниеге келуімен байланысты болды. Түркі халықтарының орта ғасыр кезінде біржола араб жазуына көшуі өмірге көптеген ғылыми дүиелерді алып келді. Сонымен қатар бұл кез шығыс әлемінде суфизм ағымының әсері күшейіп, бірте-бірте қанатын жайып дами бастаған кезі еді. Бұл кезең Орта Азия мұсылмандары үшін де аса жауапты уақыт болатын.

Қазақ халқы өз алдына дербес тәуелсіз мемлекет болып, қоғамдық ой-сананы қайта құрып жатқан қазіргі жаһандану дәуірінде көненің көзіндей болып, бізге ғасырлар қойнауынан жеткен мұраларымызды өзара ықпалдастық пен тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырудың маңызы өте зор. Кез-келген халық әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы сол қоғамдағы тарихи жалғастықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Ал тарихи жалғастық дегеніміздің өзі, ең алдымен ақыл-парасат жалғастығы екені белгілі. Ақыл-парасат жалғастығының көрінісі әл-Фарабидің өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл ағартушылардың идеяларымен үндестік табуы болып табылады. Ғұламалардың негізгі идеяларының өзара түйісіп, бір-бірімен сабақтасатын тұсы адамшылық, адамгершілік және ізгілік принциптеріне негізделген. Бұл идеяларын Орхон-Енисей жазбаларынан да, Қорқыттың аңыздарынан да, кемеңгер әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М. Қашқари шығармаларының мазмұнынан да, олардан кейін өмір

сүрген шығыс ойшылдарының, ақын-жыраулардың, қазақтың ұлы ағартушыларының, алаш қайраткерлерінің еңбектерінен де табуға болады. Сондықтан әл-Фарабидің идеяларын кейінгі дәуірлердегі ойшылдардың көзқарастарымен сәйкестендіре, салыстыра қарастырғанда этикалық принциптерге назар аударуымыз орынды.

Мәселен, Әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық ой-тұжырымдары өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл қаламгерлердің шығармаларынан өзінің дәстүрлі жалғастығын тапты. Әл-Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуальды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фарабидің осы философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбаев зор білгірлікпен жалғастыра түскен сияқты. Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөздерін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады [1, 114 б.].

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді [2,289б.]. Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі осы философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші сөзінде» өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты.

Қазіргі кезде әл-Фарабидің мұраларына қызығушылық тек қана біздің елде емес, әлемдік деңгейде өте үлкен қызығушылық танытып отыр. Себебі ол кісінің жазған еңбектері әсіресе жаратылыстану ғылымдары саласы бойынша әлемдік өркениеттің, ғылымның, әлемдік философияның дамуына үлкен ықпалы болған. Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі орны бөлек, идея-

сы біртұтас ұлт тәуелсіздігіне ұштасқан Алаш қайраткерлері мен Әл-Фараби еңбектерінің рухани мықты байланысы көреміз. Алаш арыстары да, Әл-Фараби да бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын қоғамды білімді, сабырлы, ақылды адами қасиеттерді бағалауға қабілетті адамдар басқарғаны жөн деп ой түйген еді.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды, қала тұрғындарының көзқарастары» атты кітабында бірқатар қоғамдық-әлеуметтік, этикалық мәселелерді сөз етеді. Мұндағы қала деп отырғаны – мемлекет. Ғалым бұл шығармасында мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моральдық бейнесі, мұндай қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әрбір адамның бақытқа жетуі үшін бүкіл қоғам болып, бірігіп тіршілік етуі керектігі т. б. мәселелер жайындағы өз пікірін ортаға салады. Ол халық бақытты өмір сүру үшін елді жақсы әкім басқаруы керек деп түсінді. Ал, жақсы әкім – әділ, инабатты, мейірімді, жан-жақты білімді, жақсылыққа жаны құмар, жамандықтан жиіркенетін, батыл, жомарт, өнер мен әдебиетті сүйетін адам болуы тиіс деп әл-Фараби мемлекет басқаратын адамға осындай биік талаптар қояды. Сонымен, әл-Фараби болашақ қоғамда адамдардың емін-еркін, азат өмір сүретін, қоғам мүшелерінің бәрі тең, бірін-бірі құрметтейтін, бақытты қоғам ретінде суреттейді. Бүкілхалықтық бақытқа жетудің бірден-бір жолы ғылымды, білімді игеруде деп білді. Фараби ұлы гуманист ретінде феодалдық соғыстарға, ел-жұртты тонауға, тақ пен тәж үшін болған қантөгістерге, әділетсіздікке қарсы шықты, адамның еңбекке, білімге, бейбіт өмірге деген құқығын қорғауға әрекет жасады. Фараби Қайырымды қала тұрғындарының жақсы және игілікті өмір сүруі көбіне басқарушы билік саласына байланысты екенін, тек қайырымды билеушілер билеген халқы бар қалалар ғана бақытқа жете алатынын айтады.

Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі орны бөлек, идеясы біртұтас ұлт тәуелсіздігіне ұштасқан Алаш қайраткерлері мен Әл-Фараби еңбектерінің рухани мықты байланысы көрінеді. Алаш арыстары, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Әл-Фараби бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын қоғамды білімді, сабырлы, ақылды адами қасиеттерді бағалауға қабілетті адамдар басқарғаны жөн деп ой түйген еді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің алғашқы санында патша өкіметінің отарлық саясатын көрсете отырып, «Біздің

болашақ тағдырымыз не болмақшы? ...біздің алдымызда ең алдымен қазақ халқының тәуелсіз өмір сүру-сүрмеуі, болу-болмауы басты мәселе болып тұр. Өзіміздің дербестігімізді сақтап қалу үшін біз барлық күш-жігеріміз бен қуат-құралымызды оқу-ағарту мен жалпы мәдениетке ұмтылуымызға жұмсауымыз, ең алдымен, ана тілінде әдебиетті дамытуға күш салуымыз қажет. Мынаны естен ешқашан шығаруға болмас: тәуелсіз, дербес өмірге өзінің ана тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар халық қана таласа алады» [3, 4-5 бб.] – дей келіп, орыс және татар тілдерінде оқыған қазақтар қазақ тілін менсінбейтін болды, бүйте берсе қазақ тілімен қоштасып, қазақтың ұлт ретінде жойылып кету қаупі бар, сол үшін қазақ тілін өркендету қажет. Әр адам жеке басының ғана қамын ойламай, елінің, ұлтының қамын ойлауы керек, ұлтына жақсылық жасаған адамның аты ұрпақтан ұрпаққа тарайды дейді.

Ұлттық бірегейлік мәселесі ұлттың өміршеңдігінің кепілі болып табылатын табиғи құбылыс ретінде А. Байтұрсынұлының ғылыми ізденіс-терінен айқын көрініс тапты. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың сөз өнеріне айырықша көңіл бөліп, оның теориялық негізін, ғылыми аппаратын, әдіснамалық үрдісін қазақ тілінде зерттеп қалыптастыра бастады. Әл-Фарабидің философия, логика, тіл білімі, музыка т. б. ғылым салалары бойынша жазылған еңбектерін оқып білудің өзі ұлы ғалымның әдебиет теориясы мәселесіне арналған трактаттарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Әл-Фараби мен А. Байтұрсыновтың рухани, идеялық, адамгершілік қарым-қатынастарын терең зерттеу көкейтесті мәселе, екеуін біріктіретін өзекті желілер аз емес. Әл-Фараби де, А. Байтұрсынов та ұстаз-ағартушылар, олардың бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған.

Әл-Фараби мен А. Байтұрсыновтың педагогикалық жүйелерінде тәрбие мен тәлім, білім мәселелері бірін-бірі толықтырушы, ажырамас, диалекти-калық бірлікте және олар адамзат қауымдастығымен қабыстырыла қарастырылады. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі құрал ретінде мінез-құлық, мораль және ақыл-ой, интеллек-туалды тәрбие мәселелеріне

шешуші мән береді. «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде, олардың арқасында бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз» дейді ұлы ұстаз. Ал А. Байтұрсынов «Қазақ өкпесі» деген мақаласында қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген мәселелерге тоқталады. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты, деп ел мен елді, ұлт пен ұлтты байланыстыратын ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды. Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді.

Екі ойшылдың шығармашылығындағы сабақтастықты тіл мәселесінен де көреміз. Аристотельдің ізбасары ретінде әл-Фараби өз назарын тілдің философиялық жағына аударып, өзінің «Әріптер кітабында» жауап береді [4]. Тілдің пайда болуы мәселесі тілді зерттеудегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені әл-Фараби келісімді теорияны ұстанған Аристотель жолымен шешеді. Тілдің пайда болуын түсіндіргенде әл-Фараби тіл элементтері қалай қалыптасатынынан бастайды. Олардың эволюциясы мен толық жетілуі қарапайымнан күрделіге үдемелі түрде болады: әуелі адам ым мен ишара сияқты белгілерді пайдаланады, содан кейін ол әріп болатын, әріптен сөзге айналатын дыбыстарын пайдаланады. Тіл туралы ғылымды әл-Фараби екі бөлімге – лексикология және грамматика бөлімдеріне ажыратып қарастырады. Мұның біріншісі (лексикология) қайсыбір халықтың тіліндегі сөздерді еске сақтау және оның әрқайсысының мағынасын білумен шұғыл-данады. Тіл туралы ғылымның екінші бөлімін, яғни грамматиканы, әл-Фараби тілдегі сөздерді меңгеретін, бағындырып ұйыстыратын бөлім ретінде қарастырған.

Ахмет Байтұрсынов қазақша әліппе жасап, қазақ тіл білімінің негізгі терминдеріне анықтама берген, дыбыс жүйесін қалыптастырған, қазақ мектептерінің іргесін қалаған алғашқы адам. Оның қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдеріне анықтама беріп, дыбыс жүйесін (грамматикасын) қалыптастырып шығаруы бағаланбай қалмақ емес. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз оқу програмы жоқ... Хүкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қою, қазақша оқуды халыққа тарату – өз міндетіміз» [5], – деп қазіргі кездегі терең білім беру принциптерімен үндес тұжырым жасайды.

Білімді дамыту – ұлт қамы екендігін ол ерекше ескертеді. Ойшылдарымыздың шығармашылығына назар аударсақ, ұрпаққа қалдырып кеткен даналық ой-толғамдары әр түрлі сөзбен жеткізілсе де, айтар ой, көздеген мақсат бір болатын. Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысы аясындағы қоғам қайраткері ғана емес, кеңестік Қазақстанның алғашқы жылдарында жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтер атқарған адам. Ол өткен осындай күрделі жол оның қайраткерлік сан қырлы және саясаткерлік қызметін зерттеушілер үшін айтарлықтай қиыншылықтар тудырады. Солай болғанына қарамастан, Ахмет Байтұрсынұлы мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасамасын бірінші кезекте өзіне басты нысана етіп жалпы-ұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді таңдап алды да, оларды туған елінің мүдделеріне сай шешу үшін еңбектенді.

А. Байтұрсынұлы сол бір кездегі халқының мүшкіл халін көріп күйзеліп, оны өзге жұрттармен салыстырып, қараңғылықтан, надандықтан шығудың бірден-бір жолы – оқу, білім деп табады да, өзінің бар күш-жігерін осы жолға жұмсайды. Ахмет Байтұрсынұлының бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол – халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті. 1911 жылы Орынборда басылған «Маса» жинағы халықты өз тағдыры үшін күреске шақырған,

жұртшылықты шырт ұйқысынан оятқан дабылды топтама болатын. Ақын қалғыған халқын тым болмаса маса боп шағып оятайын, ойландырайын деген мақсат көздейді. Ол бұл жолда талай қаққы жеп, тауқымет шегерін де, тіпті өліп те кетерін білген. Бірақ біле тұра ол алған бетінен қайтпайды. «Ахаң өзінің қуатын халықтың зәру мәселелеріне, күнделікті қажеттіліктеріне арнап, сарп еткен қаламгер. Өлең-мақалалары да, ғылыми-зерттеу еңбектері де халық ағарту ісіне бірден бір қажетті, өнегелі жолдың басы болған дүниелер. Қазақ халқы үшін Ахмет жасаған әдеби дүниенің көркемдік-әлеуметтік таным әлемінің әсері ғаламат. Оның «Маса» мен «Қырық мысал» кітаптары шыққанда халайық қалай қуанышпен қарсы алғаны есімде» [6,142-б], – дейді Т. Шонанұлы.

Әл-Фарабидің әдебиетке қатысты шығармаларынан «Риторика туралы кітап», «Жазу өнері туралы кітап», «Өлең өнері қағидалары туралы трактат», «Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы кітап», «Ұйқас пен ырғақ туралы кітап» т.б. еңбектерін атап көрсетуге болады. Ғалымның «Поэзия өнерінің қағидалары» атты трактаты Аристотельдің «Поэзия өнері жайлы» еңбегін талдауға арналған туынды. Әл-Фараби бұл туындысында өзі «хакім» деп атаған Аристотельдің поэтика бойынша тұжырымдары мен ілімін түсіндіреді.

Поэтикалық шығармашылыққа қабілеттілік туралы айта келе, әл-Фараби ақындарды үш топқа бөледі. Біріншісі, теориялық тұрғыдан бұл өнер негіздері жайлы білімнен ада болғанымен, поэзияның немесе барлық жанрларына табиғи қабілеті барлар. Екінші топтағы ақындар, олар табиғи дарындарымен қатар, поэзия өнерінде де терең білгірлігімен сипатталады. Оларды «ойлаушылар» деп атауға тұрады. Үшіншісінде – шығармашылық төлтумалық пен өнер канондары туралы терең білім жоқ, алғашқы екі топтағы ақындарға еліктеушілер [7, 322 б.]. Фарабидің ойынша, нағыз көркемдік өнерді, білімді табиғи таланты зор ақындар туғызады. Оның үстіне «ғажап поэзия» жасау үшін ақын еркіндігі болу керек. Ақын өзі игерген, әбден меңгерген жетік формада (жанрда) жазса да, жақсы туынды бере алады. Ал әр түрлі әсер ықпалдарға байланысты немесе өзі әбден игермеген жолмен жазса, білгір ақынның өзі де жақсы нәтижеге жете алмайды. Өлең шығаруда ақынның білімділігі мен табиғи талантына қоса тәжірибелілігі де қажет деп, жазушының өз өнеріне кемелденуін ерекше бағалайды [8, 76].

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» шығармасын жазып, «Сөз өнері» атты бөлімінде сөз өнерінің адам санасының үш негізі: ақыл, қиял, көңіл зерттелмей, адам табиғаты жан-жақты танылып, оның ішкі жан дүниесіне тереңдей ену мүмкін емес дейді. Әдебиетті – сөз өнері арқылы адамды зерттейтін ғылым, яғни адамтану ғылымы деп алғаш рет ғылыми айналымға енгізген. «Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу. Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынұлы фольклорлық, әдеби текстерді талдап, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама береді.

Ойшылдар өздері өмір сүрген қоғамның идеологиясын терең түсініп, ұлттың ой-санасын ояту арқылы ғана ұлт бостандығын сақтап қалуға, сол арқылы халықты еркіндікке, тәуелсіздікке жеткізуге болатынын дәлелдеді. Кейінгі ұрпақтар үшін маңыздысы олардың шығармашылығындағы филосо-фияның гуманистік бағыты, ойшылдың адамға деген, оның мүмкіндіктері мен қабілеттеріне деген сенімі болды. Бабаларымыздың мұрасын жан-жақты зерттеп, бүкіл әлемге жаю келешек ұрпақ міндеті. Арада қаншама уақыттар өтіп жатса да пікір үндестігі мен ой ұқсастығы жалғасын тауып, қайран қалдыруда.

Әдебиеттер:

1. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы / Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жазушы, Т.2. 1986. – 200 б.

2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.

3. Дулатұлы Міржақып. Ахмет Байтұрсынұлы (өмірбаяндық очерктен үзінді). // Ана тілі, 1991, 24-қаңтар, 4-5 беттер.

4. Тәжікова К. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Әріптер кітабы» трактаты // Фарабитану. Жиырма томдық. – 16-т. –Астана: Аударма, 2006. – 227-229-б.

5. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы», Алматы: Ана тілі, 1992.– 448 б.

6. Телжан Шонанұлы «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» // Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. VI: –384 б.

7. Қасымжанов А. Поэтика, музыка және психология // Фарабитану. Жиырма томдық. – 16-т. – Астана: Аударма, 2006. – 440 б.

8. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.

Құсайынов Дәуренбек Өмірбекұлы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
философия ғылымдарының докторы, профессор;

Аюпова Зәуре Кәрімқызы
Қазақ ұлттық аграрлық университеті,
заң ғылымдарының докторы, профессор

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫН ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ФАРАБИТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ТРЕНДТЕРІ

Биылғы әлемдік деңгейде тойланып жатқан ұлы бабамыз Әбу Наср әл-Фарабидің 1150 жылдық торқалы тойы қазақ елінің, қазақ халқының әлемдік философияның дамуына қосқан зор үлесі бар екеніне дәлелдігін зиялы қауым жақсы түсінеді. Кеңес дәуірінде ислам философы деп аталып келген ұлы бабамызды қазақстандық философ – А.Х. Қасымжановтың бастауы мен ұйымдастырылған «Фарабитану орталығы» сол кезде әлемге әйгілі болған Алматы философиялық мектебінде Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының Философия Институтында дүниеге келді.

Ағын Хайруллович ағаның әріптестері мен шәкірттері Фараби мұраларын кеңінен зерттеп сол кездегі С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және экономика факультетінің студенттеріне әртүрлі арнайы курстар оқып, көптеген мағұлматтарды айқара ашты. Осы үрдістер Ұлттық Ғылым Академиясының Философия Саясаттану және Дінтану Институтында одан әрі жалғасып, бұл бөлімді М. Бурабаев одан кейін Ғ. Құрманғалиева басқарып фарабитануды әлемдік деңгейге жеткізді. Қазақ жастарының арасынан көптеген кәсіби деңгейі жоғары философ-ғылым докторлары мен кандидаттары дайындалды. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған ғылыми конференция ұлы бабамыздың көрсетіп кеткен даналық өсиеттері мен үлгілері, оның «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде [1] көрсеткен ізгі мемлекет құруды қалай жүзеге асыру керек екендігі туралы ойлары, мемлекет басқару, оны жүзеге асыру үшін тұлғада қандай қасиеттер болуы керек екендігі туралы ойлары қазіргі қоғамға

өте құнды мұра болып есептеледі, жалпы алғанда энциклопедист ғалымның бүгінгі өмірдің көптеген салаларына ауадай қажет ойлары көп. Сондықтан да ұлы бабамыздың шығармалары мен өмір үлгісі егемен еліміздің даму трендтерінде жан-жақты қолданбалы маңызға ие. Әсіресе, оның білім, тәрбие, ғылым сол арқылы имандылықты дамыту идеялары қәзіргі қазақ қоғамындағы рухани жаңғыру процессінің әрі қайнар бұлағы, әрі қозғаушы күші болып есептеледі. Осының барлығы қазақтың даналығында, ұлттық философиясында шоғырланған. Қазақ философиясы әлемдік философиялық ойдың даналық өрнектерін бойына сіңіре отырып, оны қазақ ұлтының тек қана өзіне тән бірегейлігімен толтырып қайталанбас философиялық жүйеге айналды.

Бұл туралы біз қазақ мәдениетінің көркем тұлғаларының бірі, халқымызға ұлы Абай мұраларын сыйлаған М. Әуезов былай деген: «Философия... – кең ақыл, терең қиял шығарған ғылым, адамның жанын тәрбиелейді, жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып, ақтылыққа сүирейді... Философия адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстаған шамшырақ» деп ұлы қайраткер қазақ мәдениетіндегі философияның орның, маңызын айқындап берген [2].

Қазірде еліміздің индустриальды-инновациялық дамуға аяқ басуы жоғарғы білімді бакалавр мамандар дайындауға жаңа талаптар қояды. Дәстүрлі қалыптасқан мамандар дайындаудың оқу бағдарламаларында философия базалық пән ретінде үш кредит көлемінде оқытылу үстінде жалпы елімізде соңғы екі-үш жылда оқу бағдарламалары жылда ауыстырылуда. Философия пәнінен оқу министрлігі бекіткен соңғы бағдарлама, философия пәнің оқытушылардың пікірінше эклектикалық сиптақа ие, бакалавр үшін тым күрделі, қазіргі жастардың философиялық ойлау деңгейімен санаспай жасалған деген пікірлер бар. Бұл бағдарлама магистрларға арналған ғылым философиясымен тарихы пәнінің деңгейінде жазылған. Осыған дейінгі философияның типтік бағдарламалары әлемдік мәдениеттің әртүрлі дәрежесіне байланысты философияның қалыптасуы саты-сатысымен көрсетілген еді. Ол әдістің ұтымды жері философия әлем халықтары мен елдерінің сана сезімінің жетістігі мен жемісі ретінде жақсы көрсетілетін.

Сондықтан да біз философияны бірден күрделі дәрежеде оқыту студенттерге философиялық білімнің алдында үрейту турдыртады деп ойлаймыз.

Біздің ойымызша, осы жаңа үрдістерді пайдаланып, тарих, қазақ тілі мен әдебиеті сияқты мамандарды дайындағанда «Қазақ философиясы» пәнің кіргізсе жөн болар еді. Ұлттық рухтың, даналықтың қайнар көзі болып есептелетін төл философиямызды гуманитарлық мамандар дайындауда дүниетаным қалыптастыратын базалық пән ретінде енгізу арқылы, жастардың санасына нақты әрі өздерінің жан дүниесіне жақын құндылықтарға тәрбиелеуге мүмкіндік алар едік. Ол шаралар ұлы дала еліндегі өткен тарихымызды және қазіргі кездегі рухани құбылыстарды нақты әрі жан-жақты игеруге әсерін тигізер еді. Сонымен қатар мемлекеттік идеологияның негізі болып есептелетін «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруға ең қол айлы құрал болар еді.

Бүгінде біздің отанымыз өз тәуелсіздігінің жариялағанына отыз жылдығын басына өткеріп, болашаққа нық аяқ басып келеді. Осы тарих үшін аз ғана уақыт ішінде біздің туған еліміз кемелденудің қандай сатысына көтерілді деген жауап іздейтіндей болсақ, Қазақстан дербес мемлекет атанып, ішкі және сыртқы саясатын басқа елдің нұсқауынсыз тәуелсіздік тұрғысында жүргізіп келгені айдан ашық шындық. Бұл, барлық әлемге дәлелденген тарихи факт. Ал, тәуелсіздіктің басты ұғымы – мемлекет. Себебі тәуелсіздік дегеніміздің өзі әрбір ұлттың немесе этностың ұлттық мемлекет құруға деген арман қиялынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындайтын дүниетаным. Осылай ой қорытытатын болсақ, біздің түсінігімізше, тәуелсіздіктің нақтылы саяси жетістігі, биігі – ұлттық мемлекет құру. Саяси билікке қол жеткізе алмаған халықтар тәуелсіздік туралы тек арман, қиял, утопиямен ғана қанағаттанады. Тәуелсіздікке қол жеткізген халық, ұлт өз мемлекетінің іргетасын құрудан бастап ұлттық сананы жаңа сапа биігіне көтеруге талпынады. Мемлекеттікке ие халықтың тәуелсіздік туралы философиясы, мемлекет философиясымен бірігіп кетуі де мүмкін. Бұл жиі кездесетін жағдай. Қазіргі қазақ елі, жаңа заманға сай қалыптасып жатқан Қазақстан мемлекеті осындай жағдайда өмір сүрудеміз, сондықтан да қазақ фило-

софиясын болашақты арнайы пән ретінде оқыту қажеттілік деп есептейміз.

Әрбір халықтың арманы болған тәуелсіздікке оның саяси жеңісі мемлекеттікке әр халық әр түрлі тарихи, мәдени, әлеуметтік жағдайларда қол жеткізбек. Біздің қазақ халқы үшін мемлекеттік идеясы тәуелсіздік идеясынан әлдеқайда бұрын келген [3]. Оның дәлелін біз тарихымыз туралы жазылған оқулықтардан айқын көреміз. Керей мен Жәнібек хандардан бастап Абылай ханға дейінгі Қазақ мемлекеттігінің тарихы ел есінен кетпеген. Яғни халқымыздың тәуелсіздікті аңсауы ешқашан да сарқылмаған. Соның рухани қуаты еліміздің тарихындағы ерекше кезең. 1991 жылдың 16-шы желтоқсанында қайта жаңғырып халқымыз өзінің саяси тәуелсіздігіне қол жеткізді. Қазақ елінің территориясында байлықтың барлығы бар. Біздің жеріміздің қойнауында Менделеев таблицасының барлық дерлік кездеседі. Жаһанданудың әсерінен болып жатқан біздің жердегі шикізатқа қызығушылықтың әсерінен шет елдерден технологиялар кең көлем келу үстінде. Әрине технологиялар елімізді өркениетке бастайды. Егер де технологияларды дамыта алмасақ, ғылым мен техниканы кеңінен өрбітпесек, біздің табиғи қалпымыз көп өзгеріске түспейді. Салт-дәстүрлеріміз сақталды деп қанша қуансақ та, өзге алдыңғы қатарлы ұлттар бізден озып бара жатқан түсіну қиын емес. Бұл мәселенің бірғана жағы, келесі жағынан қарайтын болсақ батыс мәдениетіне, олардан келген технологияларға еліктеу біздің ұлт болып сақталып қалуымызға тікелей қауіп төндіретінін естен шығармағанымыз жөн. Ойлы көзбенен қарайтын болсақ, қазіргі қоғамда қазақтардың қазақ еместерге айналып бара жатқанын көру қиын емес. Оны біз мемлекетіміздің күнделікті өмірінен жиі кездестіреміз. Атына заты сай қазақ мемлекеті болу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру қазіргі кездегі қазақ халқының ең өзекті мәселелерінің бірі, оның іргетасы қазақ философиясында. Қазақ философиясы- мемлекеттік идеологияның қайнар бастауы. Идеология жоқ мемлекет қәзіргі заманда тәуелсіз өмір сүре алмайды.

Еуропаға еліктеу, көрші Ресейге еліктеу қазіргі қазақ елінің бұқаралық ақпарат құралдарында, өнердің әр түрлі бағыттарында

жиі кездеседі. Біздің ойымызша, қазақ елінің мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру қазіргі Қазақстан халқымен, әсіресе, қазақ жастарының ой-санасын тәрбиелеуде жатқан сияқты. Сананы қалыптастырудың, тәрбиелеудің ең қолайлы құралы философиялық ойлауды қалыптастыру. Халқымыздың төл дүниетанымы ұлттық философияда жинақталған. Тәуелсіз елдің философиясы да тәуелсіз болуы қажет. Кеңес дәуірінде өмір сүрген біз – ой тәуелсіздігі не екенін өте жақсы білеміз және оны өз басымыздан өткердік. Ол кезде марксизмге монополия жасалып, басқа да философиялық ойлардың барлығына тыйым салынды. Әрине олардың барлығы біздің қуанышымызға қарай келмеске кетті. Қазақ философиясы кең өріс алып, жан-жақты дамып, унитарлы мемлекеттің мемлекет жасаушы халықының ой-өрісінің бітім болмысын айқара ашып көрсету үстінде. Қазақ мемлекеттігінің ең айқын көріністері ұлттық идеяның мәні мен маңызы қазақ философиясында көрініс табуда. Соңғы кездерде қалыптасқан мемлекеттің стратегиялық даму бағытын одан әрі қарай айқындау барысында Қазақстан тарихына деген ғылыми зерттеулерге сұраныстар үдей түсті. Осы бағытта қазақ тарихының әдіснамалық негізі қазақ философиясы екендігін еліміздің ғалымдары мойындап, қазақ философиясының гуманитарлық білімдерді тереңдете дамытудағы рөлін ерекше бағалау үстінде [4].

Біздің қазақ халқының философиясының түрлері көп, тарихтағы қалыптасу кезеңдері күрделі де сатылы. Мәдениеттегі халық философиясына деген көзқарастар да күрделі, құбылмалы. Бұдан туындайтын тоқтам: қазақ халқы философияның бір түрімен, бір орталығымен, бір мәдени ортасымен шектелуге болмайды. Байыбына барсақ, қазақ халқы философиясында жетістіктер мен олқылықтар оған деген көзқарастардың өтімділігі мен кем-кетіктері қатар өрбіді. Заман солай еді. Ұрпақтың үйірілуі оғаш та болса, қолайлы, оңай еді. Десек те, халық тарихына деген көне көзқарас түбірін жоя қойған жоқ. Көнекөз дәстүрлі түсінікті сақтады, оны мәңгілікпен үйлестірді. Содан көнекөз байырғы көсемдікті бүгінге жеткізді, көзқарасты болашаққа меңзеді, халықтың рухани мұрасын даналық дәрежесіне көтеріп, ұрпақтан ұрпаққа мирас етті.

Біздің қазақ халқының философиясы дегенде, алдымен оның даналыққа құштарлығын, ақиқатқа жетпек ұмтылысын еске аламыз, осы құндылықтарды түсінуге ықылас танытамыз. Бұл жерде негізінен көтерілетін мәселлелер түйіні төмендегідей:

- «о дүниемен тілдесу», дүниенің «арғы жағына үңілу», бар нәрсенің болмысын ұқпақ талпынысты түсіну мен түсіндіруді медет тұтамыз;

- адам болмысының жетілу жолдары мен жетілдіру кезеңдерін саралау, ақыл-ой деңгейінде топтау, топтастыру;

- адамнан тыс табиғат тылсымы мен әлем құпиясы туралы наным-сенімдерді білімді жүйесіне келтіру;

- адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын, ел мен ұрпақтың әдет-ғұрпы мен рәсім-салтын жинақтау, бағалау, әсіресе, қазақ философиясында адам болу мәселесі, адамдағы адамгершілікті жоғары ұстау ерекше биікке көтерілген. Басқаша айтсақ, қазақ халқы философиясының танымдық-құндылық маңызын ашып көрсету міндетін бетке ұстасақ, онда қазақтың наным-сенім әлемі, құндылықтар әлемі, менталъдық қабілеттер әлемі, білім әлемі оның тарихында қандай орын алды, олар қалай қалыптасты, қандай кезеңдерден өтті, қандай дәстүрлерді (не себептен) сақтап қалды деген сауалдар мұралық мақсаттың өзекті мәселелеріне айналады, тіпті олардың төңірегінде ой-пікірді шырата түсу – күн тәртібінен түспеуде. Өйткені адамгершіліктің, даналықтың, кісілік қасиеттердің қалыптасу нұсқалары мен үлгілерін сол халық шығармаларынан табамыз. Қазақ халқының философиясы, түптей келгенде, данышпандықтың дарындылығы мен даналығын образдап іріктейді, олардың бейнесі мен үлгісін өрнектей саралайды, шектелмей жинақтайды. Ол рухани шығармашылықтың түрлі саласы мен аясын, құндылықтары мен көріністерін қамтиды. Бұдан айтпағымыз, халықтық философияның аясы кең, заттық бағдары мен мүддесі шексіз. Оның негізі де, шешпек мәселесінің аумағы да айқын емес, шексіз. Қоғам дамыған сайын түрленіп, өзгеріп, бір сатыдан бір сатыға өтіп, көпқырлы қасиеттерін көрсетеді.

Туған халқымыздың ой-санасын анық көрсету үшін қазақ халқы философиясының объектісін, мақсат-міндеттерін анықтау абзал. Қазақ халқы философиясының объектісі дегеніміз – белгілі бір тарихи-әлеуметтік кеңістік пен уақытта өмір сүрген (сүретін)

адам мен адамзаттың жасампаз тәжірибесінің мәдени мұрасы, оларды ұрпақтан-ұрпаққа таратудың амал-тәсіл жиынтығы. Оның мақсаты: ұлыстар мен ұлттардың рухани қазынасын тұлғалық тірек ретінде таратудың тәсіл-тәжірибелерін жүйелеу. Осы әлеуметтік-рухани бағдардан туындайтын мына мәселелерді қазақ халқы философиясының міндеттеріне балауға болады. Олар: халықтың мәдени құндылықтарын адамның рухани өмірін жетілдірудің кепілдігі ретінде түйіндеу, мемлекетшілдік санаға бойлаған тұлғалар қалыптастыру;

- тұлғалар мен әлеуметтік қауымдастықтың әлеуетін түрлендіретін жолдарды саралап бағалау, ел азаматын рухани қауіпсіздігіміздің кепілдігі ретінде қарастыру және оларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу;

- халықтың өзіндік рухани-адамгершіл ерекшеліктерін сақтау, олардың тұтастығын қалыптастырудың өнегесін қолдау. Халықтық дәстүр-салт пен жасампаздықтың үдерісін үйлестірудің мүмкіндіктерін арттыру, ұлттық санамызда жиі кездесетін - малым жаным үшін, жаным арым үшін деген аса зор рухты ұрпақтарға тәрбиелеу;

- қазақ болмысының тірегі – тілдің, ділдің, діннің белсенділігін бір бағытта арттыру, олардың мәдени құндылықтарын сақтаудың, үйлестіру, табыстармен танысу, оны мемлекеттік бірегейліктің негізгі көріністері ретінде ерекше көрсету;

- ұлттың мәдени мәртебесі мен әлеуметтік белсенділігін көтермелеудің үлгілерін сабақтастыру арқылы өз тегін құрметтейтін және құрмет еткізетін халықтық мұраның маржандарын еске сақтау, сонымен есептесу.

Осы тұрғыдан алғанда қазақ халқы философиясын екі ұстанымнан: бір жағы, шығыс пен батыстың гуманитарлық және мәдени дәстүрлерінен, тіпті классикалық философияның басты ағымдарынан бөле-жара қарастыруға, бір жағы, халықтық танымның рухани деңгейінен тыс қарауға бола қоймас. Халықтық философияның келелі сүбесін – тарихи танымдағы гуманитарлық-мәдени дәстүрлер, алдымен фольклорлық жанр құрайды.

Қазақ халқы философиясы халықтың бақыты мен болашағын айшықтауға, мәдени молшылығын арттырып, оның тыныштығы

мен рухани деңгейін көтеруге ықпал ететін таусылмас күш. Халықтық философияның мәні үш бағытта – адам болу, ел-жұрт болу, ұрпаққа тәлім-тәрбиені ендіру қамқорлығымен бірге ашылады, олардың әлеуметтік дәрежесімен ықпалын арттырады. Әрқайсысы көпвекторлы, көпфакторлы, әрқалай құбылып жатқан жүйелі ағымдар болғандықтан, олардың философияның халықтық сипатына тигізер ықпалы сатылы және сабақтас.

Төл философиямыз қазақтың рухани келбетін қалыптастыруға, әлеуметтік мәртебесін көтермелеуге үлкен ұйтқылық жасады. Қазақ халқының философиясының қалыптасуы ел-жұрттық сананың жетілу жолына қатысты екені айғақ. Халық философиясы адамның өзіндік белсенділігі мен қорғаныс қабілетін сабақтастыратынын түптей келсек, оның рухани жетістігі күдік тудырмайды. Алуан пікірлер халық шығармашылығының кірісін, айналымын талқылағанда, оның маңызын сараламақ ізденістерден туындайды. Адамның туған жердегі өмірін келбеттеуде, атамекендегі бейнесін өрнектеуде, адам болмысының қазақи көрінісі мен қызметін сипаттауда шығармашылық айналымның әрқалай және оның кірісі бірдей айқын болмағаны рас.

Қазақтың халық философиясы – іргелі идея мен қолтаңбалы білімді, өмір салттағы нақты әдіс пен ұрпақтық, ұлыстық тәжірибені үйлестіруге, осы бағыттағы жасампаздықты қарқындатуға бағытталған. Халық философиясының ерекшелігіне кезеңімен, түр-түрімен көшелік.

Халық философиясының біртіндеп қалыптасуы, оның танымдық әлеуетіне және әлеуметтік құндылығына байланысты. Халық философиясының құндылығы:

- бітім-бірлігі бекінген елде, жетістігі мен жақсылығы орныққан жерде образды, жыраулы өнерге деген ынта-ықылас артады;

- талғамы мен таңдауын талабымен, арманымен үйлестірген ұрпақ пен тұлғада танымдық қабілет-қасиет жетіледі, зерделенеді;

- еңбекпен етене болған, өнерін өрген тұлға ой толғанысын көтермелейді;

- этномәдениеттегі тұрақты, тұтас, тура бағдарды жетілдіру - халықтың өзімен жақындасуға, өзін тануға үлкен қолдаушылық.

Қазақ халқының философиясы жоғарыда көрсетілген функцияларды атқара отырып, әлеуметтік қауымдастықтың ой-санасы, тарихи сезімі, танымдық талғамы мен толғауының арқауы ретінде көрініс табады. Ал арқау «өмірдің қыры мен сырын», дәстүр жалғасын құрайды. Мұндай биік рух қазақтың танымдық талғам-толғауының желісі мен жебесінен, оның әлді жан мен тән азығынан, халықтық шығармашыл өнегесінен қолдау тапты. Оның үстіне, халықтық философияны белгілі бір топтың, қауымдастықтың атынан «біздің» пайымдауымызша деп оқымай, бір тұлғаның болмысына топталып, «мен»-нің сұранысымен үйлестіріліп тоқылды. Халық философиясы – нақты көзқарастың құралы ғана емес, ойлану мен толғаныстың тұтас та, тұрақты арқауы.

Қорытындылай келе, қазіргі кезеңдегі қалыптасқан мемлекеттің алға қойып отырған стратегиялық бағыт-бағдарларын жүзеге асыру барысында, еліміздің жаңа мамандар дайындау ісінде, әлемдік философияда еркше орыны бар Абу Наср әл-Фараби бабамыздың мұраларын қәзіргі мемлекеттік билікті жетілдіру бағдарламаларына, білім беру бағдарламаларына, рухани жаңғыруға байланысты көптеген іс-шаралардың ішкі мазмұныңа кіргізсек, ұлттық философиямызды оқу бағдарламаларына кіргізсек қазақ мемлекетігінің бірегейлігін қалыптастыруда өте ұтымды іс болар еді. Себебі қазақ философиясы- ғұламалар айтып кеткендей, «ұлтымыздың ақыл-ойының қаймағы» баға жетпес асыл мұрасы.

Әдебиеттер:

1. Әл Фараби. Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары. https://egemen.kz/article/208908-al-farabi-izgilikti-qayyrymdy-qala-turghyndarynynh-kozqarastary.

2. М. Әуезов. Шығармалары. Философия жайынан. https://weekend.bugin.kz/2341-auezov-filosofiya-tynhyna-da-turen-salghan

3. Марданов Қ. Социально-философский анализ самоопределение нации в контексте трансформации современного общества.- Алматы, Ғылым, 2008.- 18 б.

4. Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. Алматы, «Қазақ университеті».- 2016.- 191 б.

Сейтахметова Наталья Львовна,
ҚР БҒМ Философия, саясаттану
және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері,
философия ғылымдарының докторы, профессор;
Құсайынов Дәуренбек Өмірбекұлы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті,
философия ғылымдарының докторы, профессор;
Нұров Мархабат Мешітбекұлы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
гуманитарлық ғылымдар магистрі;
Құттыбекқызы Гүлсая
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ИСЛАМТАНУ: ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Еліміздің дамып жетіліунің барысында қоғамда жүріп жатқан рухани жаңғыру процессі әлемдік философиядағы исламтану зерттеулерінің қазіргі қазақ елдің философиялық мұраларын дамытудағы ерекше маңызын көрсетіп отыр. Биыл Қазақстан Республикасы әлемдік деңгейде Абу Наср ал-Фарабидің 1150-жылдық мерей тойын атап өтуде. Ұлы бабамыз әлемдік философияда ислам философиясының іргетасын қалаған тұлғалардың бірі болып есептеледі. Осыған орай, ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғалымдар қосылып «Исламтану гуманитарлық ғылымның диалогтық жобасы ретінде: Қазақстан мен Францияның дискурсы мен праксисі» ғылыми-зерттеу жобасын орындады. Бұл мақалада отандық ғалымдар мен француз ойшылдарының қазіргі ислам философиясы мен исламтанудың зерттелу тарихы мен қазіргі жағдайы туралы пікіплері айтылған.

Исламтану – ислам және оның қағидаларын, тарихын, мәдениетін, мұсылман халықтарының құқықтары мен исламға қатысты қоғамдық-саяси ұйымдарға, діни-құқықтық жүйелерге, мектептерге байланысты өткені мен бүгінін оқытатын ғылыми білімдер жүйесі. Исламтану ғылым ретінде ислам туралы дерек-

терге, рухани құндылықтар мен оны ұстанушылардың бағыт-бағдарларына қызмет етеді. *Исламтанушы* мұсылмандық сенім-таным мәселелерімен, діни-саяси қозғалыстарды оқып-үйренумен шұғылданады. Мұсылмандық құқық, дәстүрлер, тұрмыс-тіршілік, мұсылман халықтарының материалдық және рухани мәдениетін зерттейді, мұсылман философиясының маманы болып саналады, исламның өркениеттік (институционалдық және құндылықтық) өлшемдеріне маманданады, егемен еліміздің рухани мұраларын жаңғыртуда бұл бағыт өте өзекті болып отыр [1, 58 б.].

Қазіргі Қазақстандағы ислам мәселесіне келер болсақ, Қазақстан мұсылмандары ұстанып отырған жол ол орташа жол яғни экстремизм, шектен шығушылықтан алыс бір жолды ұстанып отыр яғни Қазақстан мұсылмандары исламның басты бір құндылықтары болып саналатын ілім-білімді тарату жолын ұстанып отыр деп есептейміз. Ислам өркениетінде Қазақ топырағынан шыққан ғұлама ғалымдар, әскери басшылар және тіл мамандарының қалдырған іздері көп болса ал араб мәдениеті яғни ислам мәдениетінің әсері көшпенді қазақ халқының тарихына кезінде өшпес ерекше із қалдырды. Осы жерде біз әлемдік деңгейде аталып жатқан ислам философиясының көрнекті өкілі Абу Наср ал-Фарабидің 1150-жылдық мерей тойын атағымыз келеді. Универсал ғалым ислам философиясының қалыптасуына зор үлес қосты, әрі Еуропа өркениетіне латын тіліндегі грек философтарының еңбектерін перепатетизмнің әсері арқылы жеткізді. Сонымен қатар мысалы Мысыр тарихында орны ерекше тұлға Бейбарыс сұлтанның қазақ даласынан барғандығы белгілі. Ол туралы Мысырда төрт жарым мың бет өмірдерегі жазылыпты. Осыны қазақ тарихшылары зерттесе қазақ халқына қатысты көптеген деректер тауып алар едік. Ал Түркістандағы Хожа Ахмед Яссауи кесенесінде жазылған мәтіндерді зерттеп жүрген Түркиялық ғалым Метин Окардың айтуынша осы мәтіндерде араб жазулары мен араб сөздерінің көп ұшырасатындығы дәлелденген [2, 14 б.].

Ислам философиясы мен исламтану бір бүтіннің екі жағы, осы мақаланың екі полюсі-ислам философиясы және философиялық исламтану-тығыз қатынаста. Дегенмен, егер біз олардың қайсысына назар аударсақ, онда әр түрлі мәселеге барамыз. Бір жағынан, ислам философиясы бар екенін ескере отырып,

біз философиялық Исламтану бар ма және ол нені білдіретінін сұрай аламыз. Бір жағынан, біз философиялық исламтанудан бастап, мынадай сұрақ қоя аламыз: ол ислам философиясымен қандай қарым-қатынаста?

Екі жағынан да философиялық Исламтану тарихнама саласына жатады, өйткені исламды дін ретінде немесе философиялық тұрғыдан бір немесе бірнеше мәдени манифестацияларды зерттеу, яғни осы феноменнің рационалды мәніне немесе оның ақылға деген қатынасына ерекше көңіл бөле отырып көрсетеді.

Ислам философиясын, керісінше, ислам ортасындағы ұтымды күштің нәтижесі ретінде немесе жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес ислам туралы білім тармағы ретінде қарастыруға болады. Осы айырмашылықтардың бәрінде мен «ұтымды күш» деп атағанымды (бұл ұғым иджтихад араб терминіне сәйкес келеді) және «ислам» деген сын есімнің бар екенін, яғни мұсылман авторларымен немесе исламмен немесе мұсылмандар көпшілікті және/немесе исламдық саяси рөлді құрайтын аумақтарда немесе дәуірде өмір сүретін авторлармен арақатынасты көрсеткіміз келеді.

Бірінші жағдайда біз зерттеу объектісінен оның тарихнамасына көшеміз. Екіншісінде, ең алдымен, есте тарихнама, және бұл жағдайда біз туралы айтуға ислам философия емес, ол туралы зерттеулерде бұл мәселе қалай ашылғанын көрсетеміз. Одан әрі анық болғандай, бірінші қарастырғанда өткенге кең және терең қарауға болады; екіншісі соңғы жылдардағы жағдайларды қамтиды.

Біздің көзқарасымызша, бұл екі облыс – ислам философиясы мен философиялық исламтану – өткенде де, осы күнге дейін де мінсіз сәйкестікке келмеді. Біздің мақала осы екі саланың жағдайы мен өзара іс-қимылының даму кезеңдерін көрсетуге, содан кейін нәтижесінде бір тамаша теңестіруге ықпал ететін зерттеулердің бағыттарын белгілеуге арналған. Біз тек исламға деген осындай көзқарас бізге оның әралуандылығын түсінеміз деп ойлаймыз.

Зерттеу барысында алғашқы қадам жасап, әдіснаманы қарастырайық. «Шығыстан» шыққан кейбір тарихи деректерді, ең алдымен, исламнан тыс қалдыру мүмкін емес болса да, біз өз мақаламызда классикалық дәуірге жататын ғылыми тарихнама мен авторлардың көзқарастарымен шектесеміз. Басқа ғалымдар аталған мәселені басқа көзқараспен қарайды деп ойлаймыз.

Оливер Киманның анықтамасына сәйкес, ислам философиясы туралы біз Ислам мәдениетінің ішкі өнімі ретінде айтуға

тиіспіз және ол дінмен байланысты болуы немесе мұсылман авторларының қаламынан шығуы міндетті емес. Әрине, гректен шыққан философия – перипатетизм мен неоплатонизм – ислам философиясының көптеген ықтимал нұсқаларының бірі екені аян. Сонымен қатар, қасиетті жазумен, теософиямен, XV ғасырдың көрнекті өкілі Молла Садрамен байланысты суфийлік пайымдаулары бар. Бұл VI-XII ғасырлар соңында гректен шыққан фальсафа дағдарысынан кейін исламдық ойлауға өз өмір сүруге мүмкіндік беретін рационалдықтың әр түрлі көріністері болып табылады [3, 37 б.].

Батыста ислам философиясы ұзақ уақыт бойы грек ойын қайта өңдеу ретінде қарастырылды; қайта өңдеу, ол антикалық мәдениеттің саналы фальсификациясы деп саналды. Ол қандай да бір мағынада дінмен байланысты болғандықтан, арабтар-мұсылмандар грек ойының бұрмаланған аудармашылары болғанын айтты. Ислам философиясы туралы бұл түсінік осы саладағы ғылыми зерттеулерге ұзақ уақытқа өз әсерлерін тигізіп отырды XIX ғасырда Эрнест Ренан «семит халықтарының философияға жарамсыздығы» туралы өзінің қорлау идеясын айтты.

Бұл көзқарастың ақиқатсыздығына қарамастан, грек мұрасы тақырыбына ғылымда кейбір мұсылман ойшылдарын зерттеумен салыстырғанда артықшылық берілген.

Ал, ол өз кезегінде ислам дінін ұстанып, бұл платондық «Тимяның» мәтініне ие бола отырып, оны Халкидияның түсініктемесі бойынша зерттеу.

Сонымен қатар, «Аверроэс және аверроизм» кітабында Э. Ренан Ислам философиясын зерттеуде оң эволюция үлгілерін көрсетті. Ол ислам философиясы классикалық антикалық философтар емес, кейінгі грек авторларының күшті ықпалында болғанын көрсетті. Ал, ол өз кезегінде, ислам дінінде мұсылмандық рационалдылықтың жемісті дамуын байқады, бірақ оның назарынан кетіп қалмады да, оның құлдырауы мен ыдырауын байқаған жоқ.

Тек өткен ғасырдың екінші жартысында антикалық тарихнама «кейінгі грек ойшылдарын» қарастыра бастады, Сонда ғана Платон мен Аристотельдің комментаторларын бағалай бастады. Сонымен қатар, осы философиялық жұмыстардың араб тіліне аудармалары автономды ойдың барлық түпнұсқалығы бар шынайы дәстүрлерін

білдіреді, онда анық түсінбеушіліктер классикалық мәтіндерді екі рет берумен түсіндіруге болады: алдымен кеш грек ойшылдары, содан кейін Византия мәдениеті аясында тәрбиеленген сириялық аудармашылар – христиандар болды [3, 38 б.].

Фальсафаның зерттеушілері грек философиялық мұрасын араб тиліне аударған философтар- перипотетиктер деп аталады. Ал Ибн Сина және Ибн Рушд, ал-Кинди және ал-Фараби осы бағыттың көрнекті өкілдері. Олардың еңбектерінде мәтіндер негізіндегі түрлі аспектілер мұқият зерттелді және жарияланды. Мысалы, Аристотельге араб тілінде жазылған көптеген түсініктемелер алу, ол он жыл бойы батыс ойшылдарына тиесілі деп саналды, өйткені латын және еврей аудармаларында ең танымал болған еді [4, 170 б.].

Ал шығыс ғалымдары теориялық әзірлемелерді ислам тұрғысынан келісімге келтіреді, онда бірінші орында теология мен құқық – пәндері «философияға» тиесілі, бірақ Батыс тұрғысынан «ойға» жатқызған жөн. Осы тұрғыдан гректерге сүйенген фальсафалық ойдың тек бір қырын білдіреді. Біз Шығыстық көзқарас туралы айтқан кезде, осы анықтау туралы есте сақтау қажет. Біз жоғарыда айтылған О. Лимэнмен, дінмен байланысты немесе мұсылман авторларының періштесінен шыққан философия аса маңызды философия болып табылатындығынан қорқады. Сонымен қатар, дінмен байланыс оның ислам контекстінде философияның теориялық құндылығын арттыра алады.

Теологиялық және заң доктриналарының философиялық маңыздылығын атап өтейік, қазір кең танылған араб грамматикасы, сондай-ақ қасиетті жазудың логикалық құрылымы мен мазмұнын тамаша зерттеулер жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар нағыз философия болып табылады.

Ислам философиясының теориялық құндылығын, тіпті егер ол діни тақырыптармен байланысты болса да, дәл осы тақырыпқа байланысты болғандықтан да көрсетуге болады. Мұсылман дінінің объектілерін қорғауға аргументацияны зерттеуге ашық жүгінсек, біз, біздің ойымызша, ол антикамен салыстырғанда ислам ойының шынайы ерекшелігін көреміз. Біз дінмен бағытталған және шабыттанған философияның теориялық құндылығы туралы мәселені зерттеуді жалғастыруымыз керек деп сенеміз. Бұл мәселе діни философия бар ма, жоқ па, әлде исламға тиесілі ма деген сұраққа жауап іздеуді көрсетеміз [5, 117 б.].

Мысалы, фальсафаның дәстүрлі идеямен кездесетін қиындықтарды шешу үшін төлемсіз эманациялық теорияны кеңінен қолданғанын бәрі біледі. Олардың таңдауы, әрине, кемшіліктерден айырылған жоқ. Бірақ, ислам дінімен үйлестіру үшін құрандық идеяның терең мәнін түсіндіру үшін ақыр соңында төленбейтін таңдау жасалғанын анықтау жеткілікті.

Осы және басқа да таңдаудың өз ғылыми негіздемелері бар, және екеуі де өзінің тарихи жағдайларында бірдей сенімді болуы мүмкін. Бір жағынан, әл-Ғазали осы философиялық ілімдердің мазмұны мен терминдері өте алыс, ал кейде тіпті Қасиетті Құранға ешқандай қатысы жоқ екенін көрсетті, өйткені Жазу және Құдай бір – және өте жиі онымен қарама-қайшы келеді. Осы дилеммадан шығу шихизм, атап айтқандай, исмаилизмнің арқасында мүмкін болады. Олар философияға басқа көзқарасты көрсетеді және біздің зерттеулеріміздің жаңа жолдарын ұсынады. Бірнеше жылдан бері исмаилизмді зерттеуге елеулі үлес қосып келеді.

Қорыта келе, қазіргі Қазақстанда исламтану жаңа қарқынмен дами бастады, бұл бағыт батыс философтарының көптен бері зерттеп жүрген тақырыбы, яғни біз исламтану мәселелерін зерттеуді үдете тусуіміз керек, себебі қазақ мемлекеттігінің рухани іргетасы исламда жатқаны дау туғызбайды.

Әдебиеттер:

1. *Сейтахметова* Н.Л. Абу Наср аль-Фараби в контексте современного философского дискурса // Казахская цивилизация. – 2019. – № 3 (35). – С.58-65.

2. *Сейтахметова* Н.Л. «Диван-е-хикмет» Х.А. Ясави как тарикатное письмо // Наследие Ходжа Ахмеда Ясави и современная исламская культура. – Алматы, 2018. – С.14-18.

3. *Курмангалиева Г.К.* Восточный перипатетизм и средневековая христианская философия: исторический пример диалога культур // Адам әлемі. – Мир человека. – 2016. – № 2. – С.37-44.

4. *Коянбаева* Г.Р. Политическая парадигма исламской цивилизации // Шулембаевские чтения. Международная конференция, посвященная 80-летию профессора К.Ш. Шулембаева (Алматы, 2-4 марта 2017 г.): материалы. – Алматы: КазНПУ, 2017. – С.170-175.

5. *Нұрмұратов С.Е.* Ұлттық тәуелсіздік және қазақ философиясы // Оқу құралы. – Алматы: ФжСИ, 2017. – 265 б.

Аймухамбетов Тимур Талгатович;
заместитель заведующего кафедрой религиоведения
Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилёва;

Шағырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы,
старший научный сотрудник Институт философии,
политологии и религиоведения КН МОН РК, PhD

АЛЬ-ФАРАБИ И ЕГО НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ В МЕДИЦИНЕ: ВЗГЛЯД МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ

Абу Наср ибн Аль-Фараби – его научные труды имеют широкое воплощение в следующих направлениях: философия, медицина, музыка, история, математика. Вопросы врачебного дела у него изложены в следующих научных трудах:

1. «О возражении Галену по поводу его разногласий с Аристотелем относительно органов человеческого тела»;
2. «Об органах человеческого тела»;
3. «Об органах тела животного, их функциях и потенциях»;
4. «Афоризмы государственного деятеля.

Выведенные идеи в выше описанных научных трудах соответствуют современным стандартам медицины – в качестве научного направления о причинах возникновения, лечения и предупреждения болезненных ощущений. Данные научные труды являются подтверждением о кооперации между его идеями в естественных и философских научных направлениях.

Он также выделяет предметы изучения следующих научных направлений – медицина и естествознание, выделяя различие в функциональном значении и целеполагании.

Аль-Фараби утверждал следующее: «Медицина изучает функции здоровья в человеческом теле и в каждом из его органов, ибо медицина – это искусство, опирающееся на истинные принципы, которые способствуют сохранению здоровья человеческого организма и каждого его органа» [1, с. 35].

В рамках своей научной деятельности Аль-Фараби также достиг немалых успехов, но особенно выделяются следующие научные достижения:

1. Выделил цель, задачи, функции врачебного дела в качестве практического искусства [2, с.34];

2. Научно доказал наличие ошибочных утверждений в научных трудах Галена [2, с.34];

3. Вывел причинно следственную связь с внешней средой при возникновении болезненных ощущений [2, с.34];

4. Акцентировал внимание на большем опыте и знаний врачевателя для использования различного рода приспособлений при лечении болезненных ощущений [2, с.34].

Во время изучения причинности болезненных ощущений и целеполагания врачебного дела оно основывается в контексте собственном видении в рамках философии о единстве бытия, в особенности о единении тела и его составных частей.

«Врач лечит каждый больной орган в отдельности, – пишет ученый, – только соотнося его со всем телом и органами, примыкающими к нему и связанными с ним, дабы лечить его таким образом, чтобы это принесло ему здоровье, из которого извлекают пользу все тело и органы, прилегающие к больному органу и связанные с ним» [3, с. 37].

По его мнению познание обоюдной причинной зависимости всех органов тела должно быть важнейшим принципом лечебного дела. Если врачеватель не соблюдает данного принципа, то деятельность только вредна.

Вышеописанные научные труды Аль-Фараби доказывают глубину его научного познания основ жизнедеятельности человеческого организма, как единой структуры. Аль-Фараби был великим учёным, познавшим основные знания своего времени и в рамках анализа своих трудов, он подходит, как теоретик и практик в одном лице [3, с.34-39].

Но при все многообразии научных трудов Аль-Фараби в различных сферах, не все его направления известны Казахстанскому обществу. Соответственно для анализа в данном вопросе, мы провели небольшое исследование среди студентов религиоведов Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилёва и Казахского Национального университета имени аль-Фараби об их осведомлённости по данному вопросу. В рамках проведенного опроса было опрошено 100 обучающихся на паритетной основе.



Диаграмма 1. По каким научным направлениям работал Аль-Фараби

По ответам на данный вопрос, видно, что обучающиеся религиоведы двух крупнейших университетов страны одинаково ознакомлены с трудами Аль-Фараби. При том, основной акцент в обоих случаях выпадает на его труды в рамках философского анализа и размышлений о политике. Немного меньше известны его поэтические труды и самый меньший раздел связан с медициной. При этом необходимо знать, что медицина у мусульман не являлся отдельным предметом в Средние Века исламского мира – она развивалась в синтезе с культурой [3, с.46].

При этом данное направление в исламском мире было показательным среди мирового сообщества, при том удивительно что основой данного направления являются труды античных учёных – таблица 1:

Таблица 1

Медицина в исламе также находились под сильным влиянием трудов следующих ученых: Гален и Гиппократ - отцы основатели врачебного дела. Античная литература по врачеванию не была использована в прямом контексте, они были переведены на арабский язык и были адаптированы под местные традиции путем добавления самостоятельных выводов и заключений. Ученые мусульмане имели обширные знания в подборке необходимой информации и размещения их для того, чтоб каждый желающий мог их легко прочитать. Сам факт того, что их ученые могли понять, прочитать и перевести не потеряв основного смысла тексты с различных языков эпохи античности. Тем самым ученые мусульмане смогли собрать богатое литературное собрание из трудов Греческих и Римских философов и учёных, превратив их письмена в энциклопедии и резюме.

Диаграмма 2. Какие научные труды Аль-Фараби вам более известны

Данная диаграмма подтверждает факт, что Аль-Фараби и его труды в контексте философской и политологической направленности более известны, чем его труды в медицине. Также это можно определить по следующим аспектам:

1. Анализ трудов Аль-Фараби в рамках философского и политологического направления есть обязательный элемент в процессе подготовки религиоведов ЕНУ имени Л.Н. Гумилёва и КазНУ имени аль-Фараби, соответственно более глубокий анализ относится уже к добровольному желанию обучающихся;

2. Данное направление в медицине более подробно изучают в медицинских учреждениях образования в контексте изучения социо-гуманитарных дисциплин.

Итогом анализа по данным двум вопросам, было определенно, что при всем активном анализе основных трудов Аль-Фараби студентами религиоведами, есть много направлений которые являются «белыми пятнами» для них в их коллекции научных достижений.

При этом это одно из важных достижения исламских ученых, которым современное мировое сообщество пользуется и поныне. Мусульманский мир эпохи Средних веков вывел множество великих ученых по врачеванию в историческом аспекте. Данные ученые добились больших результатов в следующих отраслях: хирургия, постройка новых лечебных учреждений, приобщение к женщин к медицинскому труду [1, с.115].

Среди всех этих учёных, одно из ведущих мест занимает Аль-Фараби. Его труды в разных разделах общества в общем и в разделе медицины в частности – большой пласт научных достижений, которые заложили основу для дальнейшего развития.

Литература:

1. Кейжу Д. Открытия, которые изменили мир: Как 10 величайших открытий в медицине спасли миллионы жизней и изменили наше видение мира. – 2011. – 28 с.

2. Аль–Фараби. Естественно–научные трактаты – М.: Наука, 1987. – 496 с.

3. Ходжсон М. История ислама: Исламская цивилизация от рождения до наших дней. 2012. – 1484 с

Жаңабаева Динара Мұхтарқызы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері, PhD

ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Өткен ғасырдан бері ұлттық бірегейліктің қалыптасуы мен тұрақтануы мәселесі әлеуметтік ғылымдардағы теориялық және эмпирикалық зерттеулердің негізгі тақырыптарының бірі болып келеді. Аталмыш мәселенің өзектілігі ұлттық мәдени, экономикалық және саяси шекараны бұзған жаһандану үдерістерінің жағдайында бұрынғыдан бетер өзектене түсті. Осы орайда қазіргі қазақстандық қоғамда ұлттық және мәдени бірегейлікті орнату маңызды мәселелердің қатарында болып отыр. Ғылыми мақала осы заманауи қазақстандық қоғамның даму сатысындағы ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау мәселесіне арналған. Тәуелсіз Қазақстанның даму барысында экономикалық, әлеуметтік саяси тұрақтылық, діни төзімділік, мемлекеттік қауіпсіздік біздің қоғам үшін маңызды құндылықтар ретінде болды. Ал этнос, әлеуметтік топтар, адам үшін ауқымды мәселе мәдени бірегейлік болып табылады себебі мәдениеттің әрбір субъекті өз әлеуетін өзге мәдениеттің субъектілерімен әлеуметтік және мәдени өзараықпалдастықты жүзеге асыруға тырысады. Бұл жерде олардың әрқайсысы мәдени жаңашылдықпен қатар өз мәдени дәстүрлерін, құндылықтарын сақтап, ары қарай дамытуға тырысады.

Көпұлтты құрамдағы қазақстандық қоғам аясында өз ұлттық бірегейлігіңді ұғыну өз діліңді, құндылықтар жүйесін қорғаудың тұрақты негізіне айналады. Соңғы кездері осындай тұрақты негізді табу көптеген индивидтер үшін өзекті болып келеді. Сондықтан да әлеуметтік бірегейлік, мәдени бірегейлік, ұлттық және діни бірегейлік үлгісін іздеп табудың әлеуметтік маңызы бар себебі әр жеке индивид өзінің «Менін» қорғау қажет екендігін, қоғамның сұранысына ие екендігін сездіреді. Ұлттық және мемлекеттік бірегейліктің біз үшін тарихи себептері де көп. Көптеген жылдар бойы біз бірыңғай мемлекеттік кеңістікте дамыдық, қазақ халқы

үшін өз мемлекеттілігіміз бен ұлттық бірегейлігімізге ие болып, оны сақтау ендігі тұста күрделі мәселелер санатында. Сондықтан да 90-шы жылдары жаңа мемлекеттің құрылуы жаңа мемлекеттік, ұлттық-және мәдени бірегейліктің қалыптасуының жаңа сатысына айналды. Кеңестік дәуірдегі қазақ халқы үшін ендігі тұста «қазақстандық» ұғымы өзектене түсті. Этностық, этномәдени және ұлттық мүдделер мемлекеттің маңызды мәселелеріне айналды, себебі қазақстандық қоғамның дамуы оған тікелей байланысты еді.

Қазақстанда мемлекеттік деңгейде тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін ұлт белгісіне, олардың сеніміне қарамастан қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру саясаты барынша белсенді жүргізіліп келе жатқандығы мәлім. Қазақстандық үлттық-мәдени бірегейлікті сақтау мәселесі еліміздің жаңа әлеуметтік шынайылыққа еніп, жаһанданудың ықпалы күшейе түсу салдарынан тұрады. Мәдени бірегейлік адамнық қоғамдық атрибуттарының белгісі ретінде индивид пен этностық топтардың, ұлттың бірігейлігіне әсер ететін құралдардың бірі. Осылайша ұлттық бірегейлік тарихи және мәдени дәстүрлері, ізгі құндылықтары, идеалдары, көзқарастары, ұлттық егемендігі бір мемлекеттегі азаматтардың бірегейлігі болып табылады. Ұлттық бірегейліктің негізгі белгілерін бірден-бір ұлттық дәстүр, ұлттық тәлім-тәрбие, дінге беріктік, тарихты мойындау мен оған деген құрмет анықтайды.

Қазірігі Қазақстанның жаңғыруы аясында қазақстандық ұлттық-бірегейлікті сақтау, ұлттық-мәдени ерекшелікті, жаһандану аясындағы өзіндік анықталуын, қазақстандық қоғамның дамуын болжау мәселесін қарастыру оның маңызды аспектілерінің бірі. Жаһандану жағдайында елдің әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялануы, халықаралық стандарттар мен құндылықтарға бағдарлануы қажет етіледі. Бір жағынан, қазақстандық қоғамда ұлттық-мәдени ерекшеліктер, дәстүршілдік пен қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өрши түсуі айқын көрініс табуда. Бұл мәселелерді шешу жаһанданудың объективті барысынан қашып құтыла алмайтынымызды мойындап, қазақстандық қоғамның ұлттық мәдени өзегін сақтай отырып, жаңа қоғамдық шынайылыққа өту қажеттілігінен тұрады. Ол үшін Қазақстанның рухани, білім, діни, қоғамдық-саяси, экономикалық, этномәдени саласындағы

ұлттық-мәдени әлеуетті нығайту факторларын егжей-тегжейлі анықтау керек.

Сонымен қатар, даму жолында қазақстандық қоғам мәдениеті мен дәстүрін модернизациялық және инновациялық үдерістермен үйлесімді біріктірген императивтерді ұсыну керек.

Қазіргі қоғам аясында ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау маңызы ерекше себебі бұл халықтың ұлттық-мәден өзегін, болмысын, философиясын анықтауға мүмкіндік береді. Осы орайда орыс жазушысы А. Сложеницынның «халықты жою үшін, оны тамырынан ажырату керек» [1] деп санаған пікірімен келісуге болады, себебі, өз мәдени бірегейлігіннен алшақта даму, жансыз дамумен тең. Осы себептен бұған деген Қазақстанның «рухани» жауабы ретінде көне ұстанымдардың, дәстүрдің еш кедергісіз жаңа инновациялық негізде, мәдени унификация мен мәдени ерекшеліктерді ескере отырып жүргізу стратегиясын айтуға болады. Осылайша әлеуметтанушы Мануэль Кастельстің «болашаққа ұмтылған өзіндік ерекшелік» [2]термині қазіргі таңда өзектілігін тапқан секілді.

Мәдени плюрализмді сақтай отырып, өркениеттік синтезге қол жеткізудің парадигмалық ұстанымы қауіп-қатер алдында тұрған адамзаттың үйлесімді бірлігі жолында ұлт пен мәдениеттің өзара сұхбатқа талпынып отырғандығын аңғартады. Сұхбатқа түсудің негізгі принциптерін орындап, сақтау маңызды стратегиялық міндет болып табылады және олардың шешімі түрлі деңгейдегі өзараықпалдастықтағы мәдениаралық коммуникация жағдайында ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтап қалу. Осылайша заманауи қоғамның шынайылығына кірігуге болады.

Саяси, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, мәдени-өркениеттік, тарихи аспектілер ұлттық-мәдение бірегейліктің ажырамас бөлігі, енді бұл тұста философияның рөлін анықтаған абзал. Себебі бұл бірегейліктің астарында қазақ халқының тарихына, дәстүрі мен мәдениетіне негізделген қазақы мазмұн жатыр. Бірегейлік ұғымы негізгі зерттеулерінің бірі болған американдық ғалым Эрик Эриксонның пікірінше, бірегейліктің қалыптасуы барысында шешуші рөлді адамның өзінің әлеуметтік ортасына деген қатынасы ойнайды. Бұл үдеріс барысында жеке сипаттамалар, әлеуметтік тәжірибенің сан түрлілігі, өзгелердің мойындауы,

олардың берген бағасы сол индивидтің өз әлеуметтік ортасындағы мәдени жинақтан алған мәдени құралдары арқылы дамиды, осылайша ол өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, ортаның өзге мүшелеріне теңеседі. Тұлғаның әлеуметтік-мәдени жағдайының өзгеруі бұрынғысын жоғалтып, өзге жаңа бірегейліктің қалыптасуына алып келеді. Ал кейде керісінше «өзін жоғалтып» терең тұлғалық қиындықтарға соқтырады» [3].

Қазақ халқы мың жылдаған тарихында өзіндік ұлттық діл мен мәдениетті қалыптастырды, ал мұндағы философиялық, тарихи, этнопсихологиялық негіздер ұлттық бірегейліктің қалыптасу іргесіне айналды. Сонымен қатар ұлттық бірегейліктің қалыптасу факторларының бірі тарихи жады деуге болады. Тарих қашан да тілмен қатар ұлттық бірегейлікті нығайту мен дамытудың маңызды саласы болған. Ол екеуі бір-бірінен ажырамас, өзара тығыз байланыстағы ұғымдар. Ұлттың өз тарихи дәуірін пайымдауы олардың санасы арқылы өтеді.

Профессор М. Орынбеков қазақ халқының ділінде индивидтің санасына ықпал ететін саналық пен бейсаналы, мифологиялық пен замануи кезеңнің генетикалық өзара байланысы бар, олар ғасырлар бойы сақталып, біздің этникалық санамызда тұрақтаған архетиптер болып табылады, оған «Жер-ана», «тайпа», «Кең дала», «Мен Қазақпын» деген ұғымдарды жатқызуға болатындығын атап өткен еді [4].

Қазақстанның басты ерекшелігі оның әлемдік геосаясаттағы этномәдени және тарихи құндылығы – дүниетанымдағы, философиядағы, жалпы қазақ халқының өміріндегі руханиадамгершілік дәстүр болып табылады. Этикалық құрамы қазақтың дәстүрлі мәдениетінің іргетасы саналады және бұл негіз әлі күнге дейін қоғам дамуындағы маңызды рөлін жоғалта қойған жоқ. Оның үстіне жаһандық дағдарыс аясында адамзат өмірінің өнегелік негізі болып табылатын дәл осы ерекшелік әлемдік қауымдастық деңгейінде өзектілікке ие болып отыр.

Қазақстандық философ С.Ю. Колчигиннің пікірінше, адам болмысының рухани қырына көңіл аударыла бастаған сәтте бірегейлік феноменінің тереңінен «Этикалық құндылықтар иерархиясы тұрғысынан мен кіммін?» деген сұрақ туындайды. Сонымен қатар, бүкіл қоғам мен этносқа қатысты да «Адамгершілік импе-

ративтер аясында біз кімбіз?» деген сұрақты да туындатады. Осы орайда көбіне дәстүр мен жаңаны, антоним секілді бір-біріне қарсы ұғым ретінде қойып жатады. Алайда олар мәні жағынан емес, тек хронологиялық тұрғыдан ғана антипод. Ескінің де, жаңаның да жақсы, жаман қырлары бар. Сондықтан ескінің уақыттан тыс, шынайы, рухани өзегін алып дәстүрді бұзбай жаңаның құрамына қосу керек.

Осы себептен де бірегейлік пен жаңғыру сырттай бірі-біріне қарсы мәселе сияқты көрінеді. Бірегейлік өзіңді сақтап қалу, ал модернизация жаңаруды болжамдайды. Бұл дегеніміз өз бойыңдағы «Менді» қалыптастырып, ары қарай өрбіту керек, сонда ғана «Мен» сақталып, жағымсыз қасиеттер ысырылып қалады.

Осы жағдайда ғана индивидтердің, топтар мен тұтас қоғамның қарым-қатынасындағы жағымсыз, шығармашылық бастамалар басым бола бастайды. Осындай жағдайда ғана рухани және дүниетанымдық тұрғысынан адамзатаралық қарым-қатынаста бірлік жүзеге асады [5].

Замануи әлемдегі ұлттық бірегейік мәселесі түбегейлі трансформацияны басынан өткеріп жатыр. Жалпыадамзаттық этика, жаһандық деңгейде ойлау және жаһандық бірегейлік қалыптасып келеді. Ғылыми еңбектерде ұлттық бірегейлікке деген көзқарас пен қазіргі жағдайдағы оның қажеттілігінің айырмашылықтары бар. Бірі, оны жаһандық бірегейліктің қалыптасуы барысындағы кедергі деп санайды, себебі ұлттық бірегейлік қазіргі әлемдегі мәдени жаңғыруға ықпал етпейді. Ал бірі, ұлттық бірегейліктің тұйықтығы мен консерватизмділігіне қарамастан, әлемді полимәдени қалпында сақтап қалуға тырысуды алға тартады. Осы мәселе төңірегінде пікірлер сан алуан, ұлттық бірегейлікке ненің кері әсер ететіндігін, оның қоғам дамуына пайдасын анықтауға қатысты бірыңғай жауап беру мүмкін емес, себебі әр халықтың өз дәстүрі мен мәдениетіне деген қажеттілік деңгейі де әртүрлі. Қазіргі жаңа заманда орын алып жатқан миграциялық толқынға байланысты Еуропаның негізгі халықтарының өзі ұлттық бірегейліктеріне назар аудара бастады. Өзге мәдениеттің ықпалы еуропалық мәдениеттің болмысы өзгерген іспетті, мигранттардың жаппай ағылуынан Еуропаның ұлттық келбеті өзгеріске ұшырады. Жаңа еуропалықтар байырғы халықтың мәдени құндылықтарын

қабылдап, бөлісуге асығар емес, керісінше өз ұлттық салттары мен дәстүрлерін сақтап қалуға тырысады. Адамның сана-сезімі қалыптаса салысымен бірегейлендіру мәселесі төңірегінде толғана бастайды, өзін өзгелерден ажыратып, кім екенін анықтау үстінде болады. Э. Фроммның пікірінше, бірегейлік – «бұл адамның легитимді жолмен өзінің Менін анықтауы» [5]. Индивидтің бойындағы бұл қажеттілік негізгісі болып табылады, өзін белгілі бір мәдениетпен бірегейлендіру адамның ділін, оның өмірлік құндылықтарын анықтайды. Оның үстіне, ұлттық бірегейлік – мәдени тәжірибені тасымалдаудағы маңызды құрал болып табылады. Осылайша, ұлттық бірегейлік арқылы индивид біріншіден, өзін өзгелермен салыстыру арқылы этникалық Менін анықтайды, екіншіден, этникалық қауымдастықтар өз мәдени дәстүрлерін, құндылықтары мен салттарын сақтап қалатындай мүмкіндіктері бар. Сондықтанда ұлттық мәдениеттің жоғалуы ауыр соққы ретінде қабылданады [6].

Қазіргі таңда жаһандануды қабылдамау себептерінің бірі ұлттық мәдениеттен бас тартқан жаңа жаһандық мәдениеттің орнап қалу қауіпі болып табылады. Бұл жағдайда индивид өзіне үйреншікті емес жаңа құндылықтар жүйесінің шеңберінде қалып қойып, оның дүниетанымы бұзылып, психологиялық ахуалына ықпал етіп, агрессия мен фрустрацияға ұшыратуы ықтимал. Түрлі мәдениеттердің тоғысуы аясында мәдени бірегейлік қашан да бірінші орынға шығады. Қауіп-қатердің алдында адамдарды біріктіруші құрал ретінде болды. Он сегізінші ғасырға дейін бұл мәселе тек жергілікті сипатта ғана болса, колониалды экспансия кезінен бастап ауқымды мәселеге алмасты. Колонистер жергілікті халықтарды еуропаландыруды аборигендерді мәдениетке үйрету, даму жолы ретінде қарастырды. Алайда қазіргі заманауи әлемде жаһанданудың қозғаушы күштері жеке мемлекеттер емес, трансұлттық корпорациялар, интернет, бұқаралық мәдениет және халықтың жаппай қоныс аударулары. Ал мигранттардың жаңа елге келіп, жергілікті халықтармен ассимиляцияланбай диаспора құруы нәтижесінде мәдениет белгілі бір территорияның аясында біртұтас емес, ұлттық өзегінен ажыраған шашыраңқы көрініс ретінде ғана болады. Мұның өзі ұлттарды бөліп, мәдени кеңістік ұғымын, жалпы бірегейлікті өзгеріске ұшыратады. Қазіргі таңда жаһандану белең

алған техноқұндылықтардың кеңістігін ұлғайта отырып, жаһандық мәдениетті қалыптастыра отырып, ұлттық мәселенің аясын тарылтып отыр. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер өз позицияларын жоғалтып, ал жаңа дүниелердің идентификацияға қажетті болып табылатын тамырлары жоқ. Алайда, ыдырау жағдайында ұлттық бірегейлік арқа сүйер тірек, өзіңді анықтайтын пана ретінде болады. Осылайша замануи әлемде қарама-қайшы

жағдай туындайды: жаһанданудың ықпалы күшейген сайын, ұлттық сана-сезім артады, ұлттық идеяға деген қоғамдық қызығушылық туындайды, өз мәдени дәстүріне оралып, нәтижесінде ұлттық бірегейлік арта түседі.

Әдебиеттер:

1. Кренов Н.А. Избранные работы по культурологии: Культура и империя. Москва : Согласие : Артём, 2014. – 528 с.

2. Кастельс М. Могущество самобытности. В кн.: Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология /Под ред. В.Л. Иноземцева. // М.: Academia, 1999. - С. 300

3. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / Пер. с англ.; общ.ред. и предисл. А.В. Толстых. – М., 1996.

4. Орынбеков, М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы / М. Орынбеков. - Алматы: Ғылым, 1996.

5. Колчигин С.Ю. Формирование казахстанской идентичности в контексте задач модернизации общественного сознания: книга 1. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2018. – 474 с.

6. Фромм Э. Революция надежды. СПб., 1999.

Тоқтарбекова Лаура Ниязбекқызы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері

ИСЛАМ ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Қазіргі заманғы зерттеулерге бойынша, бірегейлік – өзгермелі құрылым, ол өмір бойы дамып, дағдарыстарды жеңу арқылы өтеді, яғни сәтті немесе сәтсіз бағытта өзгеруі мүмкін. Ғалымдар бірегейліктің шығу тегін әлеуметтік деп санайды, өйткені ол адамдардың өзара әрекеттестігі нәтижесінде және қатынас тіл арқылы бірін-бірі түсінісу барысында қалыптасады, ал бірегейліктің өзгеруі әлеуметтік өзгерістермен байланысты.

Ұлттық бірегейлік терминінің өзі бірегейліктің әртүрлі үлгілерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде жеткізілетін әлеуметтік, мәдени, саяси идеялар мен құндылықтардың синтезіне негізделеді. Шетелдік әлеуметтанулық әдебиет-терде ұлттық бірегейліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде этникалық және діни бірегейлік болып табылады [1, с. 223-241]. Яғни ұлттық бірегейліктің негізін қалаушы мәдениет пен рухани құндылық. Отандық зерттеушілердің пікірінше, ұлттық бірегейлік тілдің, діннің, салт-дәстүрдің, өз этносының өкілдеріне деген сенімнің ортақтығы деп түсіндіріледі.

«Ұлттық бірегейліктің негізгі белгілері ұлттық дәстүр, ұлттық тәрбие, ата діннің таза күйінде сақталуы, тарих, тарихқа, тарихтағы ата-баба дініне деген құрмет, ұлт мәдениетінің әлеуметтік өрісіне айналған шешендік, ұлттық өнер түрлері, туысқандық дәстүр, тәртіп, тазалық, қоғамда, отбасында ұлттық құндылықтардың тегістей сақталуы, заман талабына сай бейімделу, білімді болу, ғылымның мемлекетке тигізер пайдасын ел болып бағалау, ұлттың дербес шаруашылығының болуы және оны уақыт талабына сай нығайта білу» [2]. Демек, ұлттық бірегейлікке белгілі бір аумаққа, құндылықтарға, белгілі бір этностарға байланысты рухани тәуелділік және т. б. жатады. «Ұлттық бірегейлік өзін-өзі тану мен ұлттық сәйкестендіру арасындағы күрделі әрі қарама-қайшы үрдісінің нәтижесі болып табылады. Өйткені «ұлт» және «ұлттық» ұғымдарының өзі әртүрлі мағынаға ие болғандықтан, түпкілікті нәтиже екі жақта сипатқа ие болуы мүмкін» [3]. Бұл пікірді ұлттық

бірегейлікті зерттеп жүрген отандық ғалым Р.Қ. Қадыржанов та қолдайды: «Қазақстанға өзінің ұлттық мемлекетін орнатып оны дамыту керек. Бұл үрдісте ұлттық бірегейлікті анықтау түбегейлі маңызды. Ұлттық мемлекет пен оның азаматтығының бар болуы өздігінен ұлттық бірейгелікті анықтап бермейді. Бұл жерде Қазақстан халқын анықтау мәселесі туралы сөз болып отыр, яғни, біз оларды «қазақтар» немесе «қазақстандықтар» ретінде анықтай аламыз ба, оның үстіне қазіргі таңда бұлар-ды идентификациялауда айтарлықтай қарама-қайшылықтар байқалады» [4, 86 б.] деген баға береді.

Яғни ұлттық бірегейлік – белгілі бір ұлтқа, елге, мәдени кеңістікке тән сезіммен байланысты адамның бірегейлігінің құрамдас бөлігі. Ұлттық бірегейлік азаматтық немесе ұлт ұғымдарына ұқсас емес, бірақ олар оған күшті әсер ететін факторлар болуы мүмкін. Ұлттық бірегейлік туа біткен ерекшелік емес, ол мәдениет ортақтығынан алынған ұғынудан шығады. «Жалпы алғанда, ұлт пен ұлттық бірегейлік ұғымдары өзара тығыз байланысты, олар бір-бірін бағамдайды. Ұлт адами қоғамдастық ретінде ортақ ұлттық бірегейлікті бөлісетін индивидтерден тұрады. Сонымен қатар, қабылдау стереотиптері мен зерттеу әдістері индивидтер ұлтын құрайтын сана-сезім ұлттық бірегейлік саналады» [5, 27 б.].

«Егер Қазақстанның ұлттық бірегейлігін анықтау үшін осы осы сұрақ қойылса, онда оған барлық азаматтар үшін ортақ жауап жоқ екені анықталады. Қазақстан азаматтарының бір бөлігі бұл сұраққа «біз – қазақпыз» деген жауап берсе, ал азаматтардың басқа бөлігі өзін қазақ деп танығысы келмейді және «Біз – қазақстандықпыз» деген жауап ұсынады. Демек, бүгінгі таңда Қазақстанда «біз кімбіз?» деген сұраққа қоғамның әртүрлі бөліктерінің жауабына байланысты екі ұлттық бірегейлік бар болғаны. Бірегейліктің бірін қазақ бірегейлігі деп анықтауға болады, өйткені ол «біз – қазақпыз» деген анықтамаға сүйенеді. Екінші бірегейлікті ұлттық бірегейлік деп айтуға болады, өйткені ол «біз – қазақстандықпыз» деген формуладан шығады» [6]. Бірақ «Біз қазақпыз» деп жауап берген респонденттерді ұлттық бірегейлікке, керісінше «Біз қазақстандықпыз» деп жауап бергендер азаматтық бірегейлік сезімі басым деп ойлаймыз.

Әрбір өркениеттің құндылықтарға қайшы келетін өзіндік ерекше құндылықтары болады. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттар мен мемлекеттер бір-бірімен жиі қақтығысуға мәжбүр, ал күшті әлсіздерді мұқатуға, жаныштауға деген ұмтылысы мен рахаттан бас тарта алмайды. Осындай артыс-тартыс, рухани құндылықтар емес материалдық құндылықтар алдыңғы орынға қойылған заманда қандай рухани құндылықтар басымдық береді екен деген сұрақ туындайды. Ұлттық бірегейліктегі ең бастысы мәселе – мәдени өлшем, өркениеттік кодтар, яғни құндылықтар. Оның үстіне құндылықтарды күшпен тану мүмкін емес. Өйткені құндылықтар ұлттық мәдени дамудың жемісі, нәтижесі. Ұлттық бірегейлікті анықтайтын құндылықтармен өзін бірегейлендіретін адамдардың бойында саналы түрде өмір сүреді. Мысалы, ең керемет деген заңды әлеумет дұрыс қабылдамаса, қоғамда ол заң мен тәртіп болмайтыны сияқты, егер адам бойында бірегейлікті анықтайтын ұлттық құндылықтар болмаса, сәйкесінше ұлттық бірегейлік те болмайды.

«Дәстүрлі құндылықтардың басым бөлігі ұлтына, дініне, жасына, жынысына қарамастан барша адамзатқа ортақ. Дегенмен әрбір қоғам мәдениетіне тән өзіндік құндылықтар кешені болады. Дәстүрлі қоғам өзгеріске ұшыраған жағдайда да дәстүрлі құндылықтар өз маңызын жоймайды» [7, 27 б.] – дейді қоғамға белгілі дінтанушы Айнұр Әбдірәсілқызы.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтында 2018-2020 жылдарға арналған «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» атты бағдарламалық жоба іске асырылуда. 2019 жылы тамыз айында осы жоба барысында Институт «BISAM – Central Asia» ақпарат бизнесі, социологиялық және маркетингтік зерттеулер Орталығымен бірлесіп әлеуметтанулық зерттеулер жүргізген болатын [8]. Осы әлеуметтік зерттеу нәтижелері негізінде, қазіргі қазақстандық қоғам үшін қандай құндылықтар басты орында? Ислам дәстүрінің қоғамға әсері қандай? деген сұрақтарға жауап іздейміз.

«Сіз нені бәрінен артық бағалайсыз, өміріңізде нені алдымен таңдайсыз, сіз үшін бірінші орында не тұрады?» деген сұраққа респонденттердің 63,4% жақсылықты басты құндылық ретінде

таңдаса, 53,2% жақындарға деген махаббат, ақиқат (40,4%) ұғымдары жоғары дәрежеде таңдалды. Ал дінге байланысты құндылықтарды «Құдайға махаббат», «сенім», «тәубе» ұғымдарын салыстырмалы түрде респонденттердің (15,8%, 7,0%, 6,8%) аздаған бөлігі таңдаған. Дегенмен, респонденттердің 1,6% бөлігі ғана атеизмді барлығынан артық көретінін және өздеріне маңызды екенін атап өткен.

Қазіргі кездегі «Қазіргі қазақстандық қоғамдағы діннің рөлінің өзгеруін қалай бағалайсыз?» деген сауалға респонденттердің 32,6% бөлігі дін ықпалының артуын оң нәтиже деп түсінсе, алайда респонденттердің 35,4% жауап беруге қиналған. Сондай-ақ респонденттердің ұлты мен ана тілі көрсеткіштер бөлінісі бойынша дінге деген көзқрастары көрініс табады. Орыстар басқа этникалық топтармен салыстырғанда діншілдігі аз дәрежеде сипатталады: діни қауымдамын, діни нормаларды сақтаймын деп – 7,6% орыстар, қазақтар 17,7% деп жауап берген. Сонымен бірге қазақтілділер мен орыстілді қазақтардың да бір-бірінен айырмашылығы бар. Орыстілді қазақтардың діни көзқарасы этникалық орыс респонденттерінің көзқарасымен ұқсас. Этникалық орыс топтарымен салыстырғанда, орыс тілді қазақтардың ішінде атеистер көбірек (22,4% қарсы 19,1%) және діни өмірге қатысы барларға қарағанда аз (5,3% қарсы 7,6%). Сонымен бірге, қазақтілді қазақтар тобы жоғары дәрежедегі діншілдігімен ерекшеленеді. Қазақтілді қазақтардың 20,5% діни өмірге қатысы барын көрсетеді.

«Сіз өзіңізді қандай діни қауымдастыққа жатқызасыз?» деген сауал нәтижесіне сүйенсек, дінді таңдауда жасы немесе тұрғылықты жері сияқты жағдайлар әсер етпейді. Респонденттердің 51,0% ислам дінін, 29,1% православие, қалған 19,9% басқа діни ағымдарды ұстанады екен.

Ал «Сіз балаларыңыздың ..... болғанын қалайсыз …?» сауалнама нәтижесіне сәйкес қазақстандықтар балаларына діни де, зайырлы да құндылықтарды үйретеді. 80,9% қазақстандықтар балаларын діни, зайырлы құндылықтарды бойына сіңіргенін қаласа, 28,2% балаларының діни өмірге қатысын қалайды, ал 51,5% балаларының дінді құрметтеп, діни өмірді жақтағанын құптайды. Яғни респонденттер балаларының атеист болғанын қаламайды, тек 16,5% респонденттер ғана балаларының діни көзқараста болмауын және дінге немқұрайлы қарағанын қажет деп таниды. Дәл

осы сұрақ ұлт және ана тіліне қатысы бойынша да анықталған. Орыстілді қазақтардың 62,4% баласының діни өмірге қызығып, құдайға сенгенін қаламаса, 22,2% орыстар мен 37,4% қазақтілді қазақтармен салыстырғанда тек орыстілді қазақтардың 12,8% ғана балаларының діни өмірге қатысқанын қалайды.

Жалпы, қазақстандықтардың діншілдік деңгейі мен сипаты жіктеу қиын, респонденттердің 80% құдайға сенетіндер, бірақ діни өмірге белсенді араласпайды. Сондай-ақ 80% аса респонденттер өздерін діни конфессиялармен байланыстырғанымен, бірақ олардың барлығы құдайға сене бермейді немесе діни дәстүрді сақтамайды. Діншілдіктің мұндай сипаты қазақстандықтар үшін қолайлы және көбісі осындай діни және зайырлы құндылықтарды балаларына қалдырғысы келеді. Сарапшылардың айтуынша мұндай діншілдік деңгейі зайырлы мемлекетке тән құбылыс.

«Сіздің ойыңызша, адамды шынайы діншіл адам ретінде не анықтайды?» сауалнамаы бойынша, дәстүрлерді қадағалау тек 13,4% респондент үшін ғана шынайы дін көрсеткіші саналса, шынайы діннің көрсеткіші діни жоралғыларды сақтау деп есептемейтін қазақстандықтардың құндылықтық мақсатымен байланысты. Қазақстандықтардың 44,3% үшін шынайы діннің көрсеткіші игі істер және 42,3% үшін – дін шынайылығы. Мұндай мақсаттар мұсылмандарға да, православтарға да тән сипат. 84,9% мұсылман және 90,1% православтар респонденттер шынайы дін мен игі істер адамды нағыз шынайы діншіл адам етеді деп есептейді.

Күнделікті өз дінінің нормаларын сақтау барлық діннің өмірінің басты құраушысы болып табылады. «Сіз күнделікті өмірде дінмен ескерілген нормаларды қадағалайсыз ба?» сауалнамаға сәйкес қазақстандықтардың арасында күнделікті діни нормаларды тұрақты түрде сақтайтындар 20,8% болса, респонденттердің 52,5% бөлігі дін белгілеген нормаларды керек кезде ғана сақтайды екен. Бұл Қазақстанда діни қауым институтының таралмағанын дәлелдейді, тіпті діни нормаларды сақтайтын респонденттердің өзі діни қауым болмайды. Респонденттердің біраз бөлігі (19,3%) өз дінінің белгілеген нормаларды сақтамайтынын айтады, 7,4% респонденттер ешбір дінді ұстанбайтынын жеткізген.

Қазіргі қазақстандық қоғам дамуындағы рухани-адамгершілік тәрбие үрдісінің орны мен рөлін қарастыруда, дәстүрлі түрде

тікелей рухани және адамгершілік ұстанымының негізі болып саналатын дінмен қатар, отбасы және отбасылық құндылықтар әсерінің маңызын атап көрсету қажет. Жекелеген жағдайларда рухани-адамгершілікті дүниетанымдық ұстанымдарға бағдар, әрбір отбасы мүшесінің діни сеніміне қарағанда, көбінесе ішкі отбасылық құндылықтарға байланысты болуы мүмкін. «Қандай отбасыларда рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына мүмкіндіктер мол?» сауал нәтижесі қазақ респонденттердің 39,6% дәстүрлі діни отбасыларда мүмкіндіктердің мол екендігін айтса, оған қарама-қайшы 29,5% бөлігі рухани-адамгершілік тәрбие әрбір отбасы мүшесінің діни сеніміне байланысты болмауы керек деп жауап берген. Орыстардың 36,6% рухани-адамгершілік құндылықтары отбасындағы діни қағидалармен байланысты емес деп шешкен. Сонымен қатар, қазақ, орыс және басқа ұлт өкілдерінің барлығы сенушілері де, сенбейтіндері де бар отбасында рухани және адамгершіліктік дүниетанымдардың мол болатындығына сенімсіз.

«Сізге, отбасыңызға, әріптестеріңізге, көршілеріңізге қандай құндылықтар мен қағидалар ең қолайлы?» сұрақ бойынша, күнделікті өмірде респонденттер көбінесе діни және зайырлы (76%), сонымен қатар тек зайырлылық қағидаларын (58%) басшылыққа алады екен.

«Сіздің отбасыңызда төменде көрсетілген мерекелердің қайсысы ең маңызды болып саналады?» сауалнаманы4 сандық өлшеу нәтижелері бойынша, қазақстандық отбасыларда жиі атап өтілетін мерекелер, Наурыз, Жаңа жыл және Құрбан айт мерекелері екен. Наурыз мейрамын өз отбасылары аясында қазақтардың 84%, орыстардың 30%, басқа этностық топтардың 60% атап өтсе, Жаңа жылды – қазақтар – 55%, орыстар 83%, басқа ұлт өкілдері 77% тойласа, Құрбан айт мерекесін қазақтардың 74%, орыстардың 4%, басқа этностардың 38% тұрақты атап өтіп үйренген. Тәуелсіздік күні қазақтардың 17%, орыстартың 7%, басқа этностардың 13% өз отбасыларымен тойлайтын мереке.

Респонденттердің діни конфессияларға тиесілігі бойынша үлестерін бөлу негізгі жиынтықтың көрсеткіштерімен тығыз байланысты. Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі Қазақстандағы ең ірі діни конфессиялардың өкілдері – ислам

(72%) және православие (19%) болып табылады. Респонденттердің азғантай бөлігі өзін өзге діни ағымдарға (буддизм, католицизм, протестантизм және т.б.) жатқызады. Сондай-ақ, респонденттердің 7% өзін ешқандай діни конфессияға қатысы жоқ деп санайды.

«Қазіргі уақытта Сіздің дінге көзқарасыңыз қандай?» деген сұрақ бойынша респонденттердің 67% дінге сенуші, бірақ діни өмірге қатыспайды, қауымдастықта тұрып және діни нормаларды ұстанатын дінге сенуші 14% құраған. Жалпы респонденттердің көпшілігі (81%) діннің қазақстандық қоғам өміріне жағымды әсер етеді деп санайды. Әр оныншы респондент бұл мәселеге бейтарап көзқараспен қарайды және діннің қазақстандықтардың өміріне ешқандай әсері жоқ деп ойлайды. Діннің қазіргі қазақстандықтардың өміріне теріс әсері бар деп респонденттердің 3% ғана көреді.

«Сіз қазақстандықтар арасында дін күн сайын танымал болып келеді деген тұжырымды қалай бағалайсыз?» деген сауалнама бойынша, қазіргі таңда діннің қазақстандықтар арасында күннен күні танымалдылығына байланысты респонденттер аса басымдықпен 86% қолдаса, 8% бөлігі жауап беруге қиналып, тек 6% бөлігі ғана дінге теріс баға берген екен.

Біз сауалнамалар қатарынан тек дінге, ислам дәстүріне қатысты бөліктерін теріп алдық. Осы әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне сараптама жасау нәтижесінде, біз ислам дінінің, мәдениетінің, жалпы діннің қазақстандық бірегейліктің қалыптасуына өзіндік үлесін қосатынына көз жеткіздік.

Респонденттердің басым бөлігі дәстүрлі қазақ мәдени ортасында өмір сүреді және өзін осы ортада еркін сезінеді, бұл олардың әлеуметтік өзара қарым-қатынасына, өмір салтына қатысты қалауына әсер етпейді. Мәдени құрылыс саясатының негізгі бағыты туралы қазақстандықтардың пікірінде айқын басымдық жоқ. Олар мәдени құрылыстың шешуші векторы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, сондай-ақ белгілі бір этникалық топтардың, ең алдымен, қазақтардың құндылықтарына бағытталған деп санайды.

Бірегейлік модельдерін (азаматтық, этникалық, діни) анықтауға қатысты басымдықтар жүйесі респонденттердің әлеуметтік-демографиялық айырмашылықтарына байланысты

ерекшеленеді. Сонымен, діндарлар арасында (қазақша сөйлейтін және орысша сөйлейтіндер) өздерін ең алдымен діни топтармен, ал екіншіден, тек этникалық топтармен бірегейлендіруге жақын екенін байқаймыз. Сондай-ақ біз сауалнамалар нәтижесінен, қазақстандықтардың ислам діні мен ислам дәстүрін қалыпты қазақстандық дәстүр ретінде қабылдайтынын да байқадық. Осы әлеуметтік зерттеу көрсеткіші бойынша біз қазақстандықтардың діні сенімі мен ұлттық бірегейлік, азаматтық бірегейлік сезімін қалыптастыруға ислам дәстүрінің бірден бір үлесі бар екеніне көз жеткіземіз.

Әдебиеттер:

1 Астафьева О.Н. Реструктуризация и демаркация коллективных идентичностей в условиях глобализации: будущее национальнокультурной идентичности // Вопросы социальной теории. – 2010. – Том 4. – С. 325.

2 Сәрсембин Ү. Ұлттық бірегейлік немесе қазақ қоғамында халықтың ұлттық бірегейлену дәстүрі қандай болған? // http://akikat.kazgazeta.kz/?p=8999

3 Мусаев И.М. Национальная идентичность и права человека URL: http://www.civisbook.ru/files/File/Musaev_naz.pdf стр2

4 Кадыржанов Р.К. Конструктивизм, примордиализм и определение национальной идентичности Казахстана // Аль-Фараби. – 2012. – № 4. – 120 б.

5 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.

6 Кадыржанов Р.К. Национальная идентичность Казахстана и этнокультурный символизм. http://mysl.kazgazeta.kz/?p=266

7 Әбдірәсілқызы А. Қазіргі діни ахуал жағдайындағы дәстүрлі рухани құндылықтар мен ішкі тұрақтылық мәселелері // Зайырлы мемлекет және жоғары руханият – болашағы біртұтас ұлт тұғырнамасы. Қазақстан дінтанушыларының V Форумының материалдары // Светское государство и высокая духовность – платформа Нации единого будущего. Материалы V Форума религиоведов Казахстана. – Астана, 2015 ж. – 194 б. – (қазақ, орыс тілдерінде).

8 Формирование казахстанской идентичности в контексте задач модернизации общественного сознания: отчет по научной программе (промежуточный) / РГКП ИФПР КН МОН РК: рук.: Бижанов А.Х., Нурмуратов С.Е. – Алматы, 2019. № ГР 0118РК01039. – Инв. №0219РК00910.

Алтайқызы Айкерім,
ҚР БҒМ ҒК ФСДИ дінтану бөлімінің
ғылыми қызметкері, PhD

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Әбу Насыр әл-Фарабидың ғылыми мұрасын зерттеу ежелгі заманнан бері, бірінші кезекте, мұсылмандық парадигма шеңберінде жүзеге асты. Мұсылмандық бағыттағы көптеген зерттеушілер оның философиялық көзқарастарын ислами деп бағалап, оны мұсылмандық философияның бастаушысы ретінде қабылдады, ал әл-Ғазали бастаған бірқатар ғалымдар оны діннен безген, күпірлік жолында деп санады [1]. Ал қазақстандық ғылымда әл-Фараби мұрасын зерттеу тарихын негізінен екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1) Кеңес дәуірі. Бұл уақытта зерттеу жұмыстары марксистік парадигма мен әдістеме аясында жүзеге асырылды. Әл-Фарабидің көзқарастары натуралистік пантеизм тұрғысынан қарастырылды, ол материлистік бағытта еді. 2) Тәуелсіздік жылдары. Одақ ыдыраганнан кейін, марксистік философия қайта қарастырылды. Әл-Фарабидің философиялық ойлары ислами деп бағаланды, сонымен қатар ғалым мұсылмандық философияның негізін қалаушы болып айқындалды [2]. Әл-Фарабидің ойлары бүгінгі күні де өзекті. Себебі Қазақстан нарықтық қатынастар жүйесіне ену жағдайында әлемдік қауымдастықта рухани және мәдени дамудың өзіндік жолын табуға талпыныс жасауда.

Әл-Фарабидің философиясы тұтастай гуманистік бағытта құрастырылған. Оның гуманизмі ымырасыз адамды тұлға ретінде абсолюттік құндылық деп мойындауға негізделген. Әл-Фарабидің пікірінше, адам ғаламның (дүниенің) орталық түсінігі болып табылады. Адам жан-жақты жетілуге ұмтылуы тиіс және кемелдікке жету үшін көп нәрсені үйреніп, көркем мінезге ие болуы қажет, өйткені адам рухани жан-дүниесімен және мінезінің жақсы қасиеттерімен бақытты бола алады.

Қазіргі таңда әл-Фарабидің ғылыми шығармашылығын оның діни ислами дүниетанымы арқылы жаңадан зерттеу мүмкіндігі туындап отыр. Оны өткен ғасырдағы сияқты материалист неме-

се теист деп қарастыру қажеттілігі жойылды, оның ең маңызды ойы: жалғыз Жаратушы Алланы түсіну жолы – ақыл-парасат, ғылым және философия. Әл-Фараби арқылы біз исламның толеранттық және демократиялық табиғатын түсіне аламыз, ислам философияның дамуына әсер еткенін ғалымның ғылыми еңбектерінен айқын көреміз.

Фараби философиясының жоғарғы мәні болып келесі зерттеу мәселелері табылады: болмыс пен тұрмыс; өмірдің мәні; бақыт; Қайырымдылық, Ақыл, Сұлулық және Махаббат қағидаларына сай келетін қоғамды құру мәселесі [3]. Ғалым адамның кемелдігі оның бақытты болуында деп санады. Бақытқа білім (Ilm) мен мінез-құлық (Sirah) арқылы жетуге болады. Ғұлама білім ұғымына барлық жанды мен жансыздың болмысы туралы білімді жатқызады. Ал бақытқа жеткізетін іс-әрекет деп қайырымды мінез-құлықты санайды.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық ілімінің негізгі бағыты «Қайырымды қала» ұғымымен байланысты, бұндай шаһарда «қайырымды дін» орнайды және оны данышпан философ басқарады деп есептелді. Оның ойынша, Қайырымды қаланың кез келген тұрғыны философ бола алмайды. Жалғыз ғана теориялық білімге деген бейімділік жеткіліксіз. Нағыз философ теориялық мейірімділікті игеру тұрғысынан басқа адамдардан асып түсіп қана қоймай, қайырымдылықты жүзеге асыруы тиіс, бұл жердегі қайырымдылық діни ұстанымдарды бұзбауды білдіреді, себебі олардың реттеуші табиғаты бар және қоғамада тәртіп пен руханилықты сақтауға әсер етеді.

Мұсылмандық шығыста ортағасырлық қоғамда діни дүниетанымның тарихи үстемдік ету ахуалын ескере отырып әл-Фараби нағыз философқа жоғарғы талаптар қояды. Шынайы данышпан діннің амалдары мен бейнелері арқылы қалың бұқараға философияның ақиқатын жеткізуге тырысуы тиіс, алайда философиялық білімді жария қылмау керек, себебі ол оның қасиеттері туралы хабардар емес адамдардың немесе оны дұрыс мақсатқа сай пайдалана алмайтын адамдардың қолына түсуі мүмкін.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала» жобасында адамның бақытқа жетуі тек өзара көмек пен ынтымақтастыққа негізделген

қоғамда ғана жүзеге асырылуы мүмкін деп санайды, ол адамның оқшауланыуымен нәтижеге жету мүмкін емес дейді. Бақытты болуға адамдар бірлесіп «келісіммен өмір сүруге» келгенде қол жеткізеді, ол дұрыс тәрбие, дұрыс басқару мен дұрыс көзқарастар арқылы келеді. Осы орайда туындайтын негізгі мәселе – бірлесіп өмір сүруде мүдделер мен қажеттіліктердің үйлесімділігіне қол жеткізуге әкелетін қоғам құру және оны одан әрі дамыту [4]. Өнегелі ортақ тұрмысқа қол жеткізу жалпыға бірдей қағидаларды білудің нәтижесінде мүмкін болады, себебі олардың негізінде адамдардың бірлескен тіршілігі құрылады; яғни жақсылық пен жамандықтың, әділдік пен әділетсіздіктің, адамгершіліктің не екенін білу. Сондықтанда адам үшін ең басты құндылық – білім болуы тиіс, оған сәйкес адам өзінің іс-әрекетін тиімді жүзеге асыра алады, зұлымдық пен әділетсіздікке жол бермейді, себебі олар адамның надандығы мен сауатсыздығынан туындайды.

Әл-Фарабидің негізгі «еңбектеріне «Бақытқа жету», «Поэзия өнері хақында», «Қайырымды қала туралы трактат», «Философияның дінге қатынасы» сияқты туындылар жатады. Әл-Фарабидің «Ғылымдарды жіктеу туралы сөз» атты еңбегі ортағасырлық ғылымның энциклопедиясы атанды. Аталмыш еңбек тіпті X-XII ғ.ғ. өзінде латын және грек тілдеріне аударылды. Сонымен қатар ғұлама музыка ғылымы мен оның теориясын құрастырды. Фарабидің ғылыми көзқарастары өз дәуірінен озық болды. Ойшыл ұстаз грек, парсы, үнді, араб және түркі мәдениеттерін өз шығармашылығында ұштастырып дамытты» [5]. Демек әл-Фарабидің философиялық көзқарасының негіздері бірқатар өркениеттермен үйлесімдік табады.

«Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары» атты еңбегінде «қайрат», «ақыл» және «жүрек» атты адам болмысындағы қасиеттерді талдай келе, ең маңыздысы жүрек деп көрсетеді. Ғалым екінші орында ми тұрады дейді, алайда ол маңызды болғанымен, бастысы жүрек деп көрсетеді. Демек әл-Фараби тұлғалық қасиеттердің ішіндегілердің ең маңыздысы адамгершілік пен руханилық екенін айғақтап отыр. Ақылы мен білімі жетілгендігіне қарамай өнегелік құндылықтары тар азамат игілік жолында қызмет ете алмайды. Әл-Фараби жүрек деп адамның ішкі дүниесі мен мінезін сипаттаса, ми деп оның ақылы

мен білімін қарастырып тұр» [6]. Ал мемлекеттің әлеуметтік құрылымын Фараби келесідей жіктейді: ең лайықты тұлғалар, шешендер, өлшеушілер, жауынгерлер, байлар. «Ең лайықты тұлғалар» тобына саналы, беделді адамдар – данышпандарды жатқызды. «Шешендер» деп дін қызметкерлерін санады, олар уағыз айтуда ерекше шебер болды, сонымен қатар олардың қатарында ақындар, музыканттар, жазушылар және т.б. болды. «Өлшеушілер» қатарына есепшілер, дәрігерлер, математиктер және басқалар енді. Әскерлік деңгейдегілерге қауіпсіздік мәселесімен айналасатын адамдар енді. Ал байлар болып саудагерлер, шаруашылық иелері саналды.

Қаланың тағы бір түрін әл-Фараби қайырымсыз, адасқан, теріс жолға түскен деп сипаттады. Өнегесіз қала нағыз бақыттың бұрмаланған түріне негізделген қоғамдық қатынастардың жүйесі ретінде бағаланады. Бұндай қауымдастықтың басшылары өздерін жоғарғы санаттағы адамдар деп санайды, алайда, шын мәнінде, олар мүлдем басқа деңгейде. Сондай-ақ әл-Фарабидің пікірінше, надан қаладан қайырымды қоғамға өтуі мүмкін ұжымдар бар, олардың бірі – Бағдат қаласы.

Қайырмды емес қаланың тұрғындары бақыттың не екенін білмейді, тіпті бақытты болуға талпынбайды. Бақыт пен мейірімділікті сезініп көрмеген, оған сенбейді де. Ал игілік деп дүниедегі материалдық құндылықтарды санайды – байлық, құмарлық, даңқ пен мансап. Надан қаланың халқы осы игіліктерді өмірлік ұстанымға айналдырады.

Әбу Насыр әл-Фараби «надан мемлекеттің» өзін алты түрге бөледі: ділгер қаласы (тәннің тіршілік етуіне қажетті дүниелермен ғана шектелуге тырысады), алыс-беріс қаласы (өмірдің мақсаты дәулет пен байлыққа жету деп біледі, сол үшін ғана бір-біріне көмектесуге тырысады), пасықтық пен бақытсыздың қаласы (сауық-сайранға құмар болады, сезімге құштар тұрғындар), даңғой қала (мадақ-мақтау үшін өмір сүреді), мансапшыл қала (өзгелерді өздеріне бағындыруға, ал өздері ешкімге де бағынбауға тырысады), құштар қала (әркім өз құштарлығын ешбір тежеусіз, өз қалауынша еркін істеу деп біліп, осыған ұмтылады) [7].

Қайырымсыз надан қоғамдардың әміршілері тұрғындарына ұқсас келеді. Олар жеке басының мүдделерін көздейді, барлық мақсаттары мен армандарын орындауға, құмарлықтарын

қанағаттандыруға ұмтылады. «Өнегесіз қала – сондай қала, оның көзқарастары ізгі көзқарастар санатына қосылады және ол бақытты, пейілі кең, құдіреті күшті Алланы, екінші жаратылысты, әрекетшіл парасатты, тегінде қайырымды қала тұрғындары білетін және солар сенетін дүниелердің бәрін хақ деп біледі. Бірақ бұл қала тұрғындарының іс-әрекеті құдды надан қала тұрғындарының іс-әрекеті сияқты» [7]. Бұл қалада менмендік пен жеке бастың мүдделері орын алады, ал бірлесіп өркениетті қоғам құру екінші орынға жылжиды.

Әл-Фарабидің ғылыми шығармашылығында ақиқат санаты бірінші орын алады. Дүниетаным субъективті шындық ретінде, адамның жан дүниесінің бір бөлігі ретінде оның «рухани табиғатын» қалыптастырады, болмыстың және танымның көптеген санаттарымен өзара байланысты. Мысалы – жақсылық, сұлулық, мейірімділік, қайырымдылық және басқалар. Алайда әл-Фараби «ақиқат» ұғымына ерекше көңіл бөледі.

Фарабидің көзқарасы әртүрлі мәдениеттердің тоғысуында қалыптасты. Қыпшақтар, қаңлылар, оғыздар, қарлұқтар, соғдылар, чигилдер, ягмалар – әртүрлі мәдениеттердің және дәстүрлердің, әртүрлі діни сенімдердің өкілдері, олар бір аймақта өмір сүрді, сонымен қатар әр халықтың өз қоғамына сай материалдық және рухани өміріне қатысты мүдделері болды. Бұл әралуандылық әл-Фарабидің дүниетанымында терең із қалдырды. Бір жағынан – рационалды логика және рационалды танымның тереңдегі негіздерін түсіну. Екінші жағынан, ұлы философ мистикалық рухымен және терең діндарлығымен ерекшеленді. Логика заңдары барлық ойлай алатын адамдар үшін бірдей, ар-намыс, мақтаныш, еркіндік, қуаныш, махаббат, достық, бақыт сезімдері. Сондықтан, адамдар қандай тілде сөйлемесе де, малшы болсын, басқа шаруашылық иесі болсын, қандай сенім өкілі болмасын, бір-бірін түсіне алады, тату-тәтті өмір сүре алады.

Әл-Фарабидің еңбегінде түрлі мәдени және этникалық топтардың әлеуметтік бағыттары да көрсетілген. Фарабидің адамға, әлеуметтік құрылымға, болмыстың мәні мен құндылықтарына, дін мен ғылымға, философия мен өнерге деген көзқарастарында өз дәуірінің барлық құбылыстарына сай жалпы адамзаттық гуманизм бар екендігін көруге болады. Сондықтан әл-Фарабидің

көзқарастары прогрессивті болды, ол әділетті қоғамдық тәртіпті құру мүмкіндігіне деген сеніммен байланысты болды, ондай қоғамда адамдар тән мен рух тұрғысынан салауатты, бақытты бола алады. Фарабидің пікірінше, кемелдікке ұмтылу қоғамның да, жеке адамның да басты белгісі болуы тиіс. Прогрессивтіліктің нәтижесі ретінде әл-Фарабидің көзқарастары ескішілдігіне байланысты соқыр сенміге айналған тарихи шектеулі, конъюнктуралық ұстанымдарға қарсы тұрды.

Әдебиетттер:

1) Al-Ghazali. Tahafut Al-Falasifah [Incoherence of the Philosophers]. – Lahore: The Pakistan Philosophical Congress, 1963. – 267 p.

2) Динoршоева З.М. Гражданская философия Аль-Фараби // https://www.dissercat.com/content/grazhdanskaya-filosofiya-al-farabi

3) Жумагалиева Г.Ф. Проблема разума и счастья философии аль-Фараби // http://www.rusnauka.com/18_EN_2009/Philosophia/44661.doc.htm

4) Общественно-политический идеал аль-Фараби и его актуализация для задач теоретического обоснования нового типа государства. Идеалы аль-Фараби и социогуманитарное развитие современного Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – С. 44

5) Досмаганбетова А.А., Жандосова Ш.М. Қазақ жеріндегі ерте Ортағасырлық білім және ғылым жүйесінің ерекшеліктері (ерте Ортағасырлық мектептер мен ғалымдар) // Адам әлемі. – 2017. − №2 (72). – 87-88 б.

6) Досмаганбетова А.А., Жандосова Ш.М. Діни білім берудің рухани және өнегелік мәні // Аль-Фараби. – 2018. - № 1 (61). – С. 146

7) Мырзатай А. Әл-Фараби. 6 түрлі надан қала // https://ruh.kz/kz/news/al-farabi-6-turli-nadan-qala/

Нусипова Гүлнар Игенбайқызы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері,
PhD докторанты

ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Қасиетті қазақ даласынан, қазақ топырағынан шыққан ұлы ғұламалардың бірі – жерлесіміз, ұлы ойшыл, энциклопедист, философ Әбу Насыр әл-Фараби еңбектері бүгінгі күні өте жоғары бағалануда. Оның білімге, ғылымға деген құштарлығы сол замандағы бейтаныс өлкелерге, мәдениет орталықтарына жол ашып, өзінің шынайы қабілетінің арқасында адамзаттың даналығын игеріп, бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өзінің еңбектерін кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырды.

Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең құндысын таңдап, өз заманының нағыз энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікірлері, данышпандық болжамдары әртүрлі ғылым салаларында көрініс тапты. Өзінің көптеген трактаттарында әртүрлі мәселелерді көтеріп, әсемдік, сұлулық, бақыт, қайырымдылық, білім категорияларының негізін дәлелдеді. Әл-Фарабидің гуманистік идеялары, ақыл-ой мен білімнің биік мәнді екенін әлемге дәріптеді. Ойшылдың ортағасырдағы көтерген мәселелері әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Фараби идеялары заманауи жастарды да ойлау өнеріне, адами іс-әрекеттің барлық саласында кемелдікке жетуге, сөзге, оның терең мәні мен мағынасына жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Бүгінгі таңда жастарды адамгершілікпен руханиқұндылықтарға тәрбиелеу, ең басты адами қасиеттердің бірі болғандықтан рухани бай адам ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуын тәрбиеден бастайды. Ж. Аймауытов өзінің «Тәрбие» деген мақаласында адамның хайуаннан айырмашылығын айта келіп, адам бойындағы жаман қылықтарды тәрбиенің жоқтығына әкеледі. «Хайуан жаратылыстан өзіне біткен бір сезімнің қуатымен өзіне лайық болған қылмыстан артық еш нәрсе істемейді. Адам жүгенсіз бетімен кетсе, адамдыққа

лайықсыз талай қылмысты істейді» – дейді [1, 132 б.], сондықтан надандықтан шығудың жолы – білім мен ғылым үйрену, бұл жолда халықтың болашағына жол ашады.

Әл-Фараби де «Адамзатқа ең алдымен тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп ұрпақ тәрбиесінің адам өмірінің үздіксіз процесі екенін көрсетеді. Ойшылдың логикасына сүйене отырып, ізгі қасиеттердің қалыптасуын қарастырсақ, жаңа туған сәбидің ақылы таза және потенциалдық күйде болады екен, адамның мұндай бастапқы күйін әл-Фараби табиғи деп атайды. Әрине, адамда генетикалық қабілеттері де болады, бірақ ол әртүрлі. Жаңа туған нәресте жақсы да, жаман да емес, ол соларға бейім ғана, өйткені, ол табиғатынан ізгілік пен зұлымдықты, әсемдік пен түрсіздікті ажырата алуға қабілетсіз. Есейе келе бала, үлкендердің белгілі бір істерін қайталап, өмірден алған тәжірибесімен оның бойында жақсы немесе жаман мінез қалыптасады. Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары өнерді үйренудің жолы сияқты. Мысалы, жазу өнеріне шебер жазғышқа тән әрекеттерді сол адамның орындап машықтануы арқылы жетеді. Басқа өнерлердің де келу жолы да дәл осылай. Жазуға шеберлік жазуға жетілген адамда ғана болады, ал жазуға жетілу адам оны тамаша етіп орындауға әдеттенгенде ғана болады.

Сондай-ақ, ең жақсы мінез – бірқалыпты мінез, дейді ойшыл, – адам белгілі бір мөлшерді, шаманы сақтамау, тән мен жан ауруларына әкеледі, тәннің де, жанның да саулығына мөлшерден аспағанда жетуге болады. Тәннің саулығына адам бірқалыпты тамақтану мен бірқалыпты еңбектену арқылы жетсе, жанның саулығына да бірқалыпты іс-әрекеттер арқылы жетеді. Тәннің жетілгендігі деннің сау болғаны, сондықтан адам күнделікті сақтанып, оны нығайтуға ұмтылуы қажет. Ал жаман мінез-құлық – рухани кесел, өйткені, көзсіз батырлық ерлікке ұқсас, ысырапшылық жомарттыққа ұқсас, әзілқойлық өткір тілдікке ұқсас, жарамсақтық доскерлікке ұқсас, өзін өзі кемсіту кішіпейілділікке ұқсас, көлгірсу адамдағы адалдыққа ұқсас болып көрінеді. Осы шеткеріліктердің ішінде жаратылысымыз бейімдірек тұратындардан сақтануымыз керек. Өйткені, адам күнделікті өмірде ізгі мен зұлымдықтың арасында таңдау жа-

сайды, яғни ізгіліктер мен зұлымдықтар адамның бойында жүре пайда болады. Оны дұрыс бағытта тәрбиелемесе басқа бағытта кетуі мүмкін. Бірақ, тәрбиеге көнбей, жөндеуге, түзетуге болмайтын адам болмайды, оны тек үйретуден, баулудан жалықпау керек. Жаман қылық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек, – [2, 325 б.] дейді ойшыл. Қазіргі кезде жастардың еңбектене отырып, салауатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтанып, спортпен шұғылдануына, жан саулығы мен тән саулығына үлкен көңіл бөлуіне ойшылдың бұл пікірі өте маңызды деуге болады. Сондықтан да ол ұрпақ тәрбиелеуде, дене тәрбиесі мен рухани-адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді.

Әл-Фарабидің тәрбиесіз білім – қауіпті деген пікірімен келісе отырып, тәрбиенің екі жағын қарастыруға болады. Оның бірі – ата-анасы, мектеп, қоршаған орта, қоғам өмірі болса, екінші жағы – өзін-өзі тәрбиелеп, дұрыс жолға түсіп, алға ұмтылу. Адамдардың көздеген мақсаттарына жетуі, оның өзіне ғана байланысты. Ол рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдірсе, айналадағы дүниені, ақиқатты танып біледі және тұлға ретінде қалыптасады. Қазіргі кезде елімізде ұсынылып жатқан әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар, гранттар өз болашағын ойлаған ұрпаққа – өте үлкен мүмкіндік болып табылады. Осыған орай, ұлы Абай «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» [3] – дейді.

«Бақытқа жол сілтеу» атты трактатында әл-Фараби адамның алдына қойған мақсатына, бақытқа жетудің мүмкіндіктерін көрсетті. Бақыт – ойшылдың пікірінше, адам қол жеткізе алатын ең жоғарғы игілік және қалаулы заттардың ішіндегі адам талпынатын ең жетілген мақсат. Адам бақытының шыңына жету соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді. Белгілі фарабитанушы ғалым Г.Қ. Құрманғалиева былай дейді: «Бақытқа апаратын жол, шын мәнінде, ізгі адамның жолы. Оған жету үшін әл-Фарабидің еңбектеріндегі білім, парасаттылық, ұқыптылық, өлшем (орташа), денсаулық, шыншылдық, достық және т.б. қажет» [4]. Ойшыл бақытқа жету мәселесін түсіндіріп, қалай іс-әрекет жасауда ол догмалық нұсқауларға жүгінбеген.

Керісінше, бақытқа апаратын жол жағымды және жағымсыз сәттерден тұратынын ескертті. Әр түрлі этикалық мәселелер бойынша пікір білдіре отырып, ойшыл адамды қате таңдаудан үнемі сақтандырып, жақсы мен жаман, қайырымдылық пен қайырымсыздық, әсемдік пен түрсіздікті қарама-қарсы қояды. «Бақыт бұл өзі үшін ғана ізделетін қайыр, жақсылық. Бақытқа жетуге көмектесетін ерікті әрекет – бұл әдемі әрекет. Оларды тудыратын адамгершілік пен әдеттер – бұл қайырымды нәрселер. Бақыт – бұл әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол кемелдік» [5, 239 б.], – дейді ойшыл.

Адамдық кемелдік тек басқа адамдармен біріккен кезде ғана, яғни дамыған немесе дамымаған қалада ғана жүзеге асуы мүмкін. Ізгілікті өмір сүруге, ізгіліктердің түрлері, олардың жанмен және ақылмен байланысын түсінуге, адамдарды тәрбиелеуге, адамгершілікті, жауапкершілікті дамытуға қажетті жағдай жасайтын қала (қоғам) болып табылады. Адам табиғатынан қоғамда бірігіп өмір сүру арқылы бақытқа ұмтылып, оны жүзеге асыратын тіршілік иесі. Адам өзінің ар-ожданы алдында адал, шыншыл, жүріс-тұрысы дұрыс болса – ол адамның ең жақсы қасиеті, ізгілік пен бақытқа апаратын жолды таңдауы. Адам ізгі істерді өз еркімен, адал ниетімен, жиі жасап тұруы керек, адам ізгілікті таңдағанда ғана оның ісі адамгершілікке жатады, егер істеген істерінің қайтарымын күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Өз бойында жоқ бола тұрып, адам өзін ізгі қасиетті адамға, жүріс-тұрысы жөнді адамға жатқызса, онда ол адамның өзі туралы жалған пікір туғандығы. Яғни, адамдық кемелдік басқа адамдармен қарым-қатынаста дамыған немесе дамымаған қоғамда жүзеге асады және ең жоғары парасат пен ең жоғары кемелдікке қоғамда қол жеткізуге болады. Сондықтан адам тәрбиесінде қоғамның рөлі өте маңызды, өйткені, көптеген объективтік және субъективтік себептердің, қоршаған ортаның, алған білімі мен тәрбиесі әсерінен, адамның рухани келбеті, мінезі, жүріс-тұрысы, еркіндігі, жауапкершілігі қалыптасып, өзгеріп отырады. Бірақ қала бар болғаны кемелдікті жүзеге асыру мен бақытқа жетудің қажетті жағдайы ғана.

Кемелдікке жету үшін өзіне деген шынайылық, өзіңде бардың бәрін иелену және дамыту қажет. Кемелдік – бұл даналықты жақсы

көретін адамның мәңгілік даму процесі. Ойшылдың ең жоғарғы даналығы – ізгі болу, сондықтан Фарабидің кемел адамы – ізгі адам. «Кемелдік дегеніміз – адамның бәрін жасай алатындығы немесе білетіндігі емес, оның әрдайым ұғынуы... Оның кемелдікке жеткен адамы – бұл тек парасат пен парыздық сезімі бар адам емес, бұл қайырымды қала тұрғындарын жылытатын жүрегі бар адам» [4] – дейді белгілі ғалым Н.Л. Сейтахметова.

Ұлы ойшыл қоғамдық болмыс үшін тәрбиенің, ақыл-парасаттың маңыздылығын үнемі алға тартады. Тәрбиенің шынайы өзегі жеке адамның рухани әлемге назарын толығымен аудара бастаған шағынан басталады. Руханилық – еркін шығармашылық белсенділік арқылы, әлемге деген адамгершілік қатынас арқылы қалыптасады және сол құрылымдардың нәтижесінде дамиды, адам өмірінің мәніне айналады. Бұл адамның өз бойындағы барлық жақсы қасиеттерін әлемге беруге ұмтылысы, яғни ақылын, дарынын, қабілетін, шеберлігін, жүрек жылуын адамдарға, табиғатқа, Ғаламға паш етуінде. Осындай ұстанымдар басым болғанда ғана адам рухани дамудың жолына түседі. Ал енді, керісінше, бұл өмірде, қоғамда, әлеуметтік дүниеде жеке басының қамы үшін қызмет етуді негізгі ұстаным еткен адам руханилық аясынан алыстай түседі [6, 11 б.]. Рухани жетілу жолдары өте ауыр жол, өйткені жамандық жасау өте оңай, жақсылақ жасау қиын болатынынын бәріміз жақсы білеміз. Күнделікті тіршілікте болатын әр түрлі жағдайлардың жаман жақтарын тізіп отыратын болсаң адамның өскенін өшіреді, сондықтан адамның ішкі жетілуін ізгілікті істерге жетелеу қажет. Адам табиғатының жетілуі, адам болмысының үйлесімі бастапқыда ақылға қонымды, мейірімділікке, жақсы өмірге ұмтылу қабілетімен анықталған. Ақыл-ой мейірімділікке басшылық етеді және адамдардың қалауы мен іс-әрекеттерін қажет және пайдалы нәрсеге бағыттайды.

Рухани кемелдену мәселесі қашанда адамның өзіне-өзі үңілуінен, өзімен-өзі күресуінен басталады, өйткені барлық жақсылық пен жамандық, тазалық пен арамдық, әулиелік пен күнәһарлық адамның өзінің ішінде. Мәселе – тек өмірлік ұстанымда, дұрыс таңдау жасай білуінде. «Руханилықтың ең негізгі өлшемдерінің бірі – адамның жақсылыққа қарай талпыны-

сы, – дейді С. Нұрмұратов. – Ал кез келген мақсатқа қарай ұмтылыс жақсылыққа қарай барар жол емес, өйткені, «мақсат – оған жетуге тиісті құралды ақтайды» деген қағида адами өлшем тұрғысынан теріс түсінік болып табылады. Қоғамдағы әділдікті ешқашанда күштеу, зорлау арқылы жүзеге асыруға болмайды. Бұл рухани әлемнің заңдылығына қайшы келетін іс-әрекеттер. Тек адамға біткен ішкі нұрдың күшімен, шыдамдылық пен мойынсұнушылық арқылы барлық қайшылықты жеңіп шыққанда ғана руханилықтың есігі ашылады» [7, 37 б.].

Фарабидің «Азаматтық саясат», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбектері кемелдену процесі арқылы идеалды азаматтық қоғам құру мәселесіне арналды. Ойшылдың пікірінше, кейбір қоғамда моральдық сана қалыптасса, басқаларында – надандық қалыптасады. Ізгілікті қаланың негіздері – моральдық дәстүр, ағартушылық, білім. Осындай қоғамды, қаланы басқарушы адамның көпшілік алдында жауапкершілігі көп екендігін ескеріп, оған көптеген шарттар мен талаптар қояды. Сөйтіп, қайырымды қаланы қайырымды адамның басқарғанын қалайды. Ол өзінің білімін сөзбен жеткізіп, адамдарды бақытқа жетудің дұрыс жолына бағыттай біледі және адамгершілік идеологиясын қалыптастыруды көздейді. «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ» [8].

Қоғамның барлық салаларының маңыздылығы мен мәнділігін анықтаушы, басты, үстемдік етуші адамның адамгершілік болмысы болып табылады. Әл-Фараби қайырымды қаланың теориялық үлгісін жасау арқылы адамзаттың болашағына сенеді, ақыл-парасаттың дамуына, түбінде әділеттілік пен жақсылықтың жеңетініне үміттенеді.

Сондықтан аталған кемелденген қоғам – бұл ізгі ниеттілердің қоғамы, бұл адал, тәрбиелі адамның болмысы. Сондықтан қазіргі

әлемде адам мен қоғамның тағдыры толығымен адамның руханиадамгершілік қалыптасуы мен жетілуіне байланысты. Бұл жерде ең маңызды мәселе жан-жақты білім алу, дүниені түсіну, рухани және адамгершілік кемелдікке жету болып табылады. Сондықтан, бұл қоғамда сөз жоқ, әдеп-ғұрыптарды, жақсы дәстүрлерді, қоғамдық моральді таратады. Қазіргі заманның талабына сай қоғамды дамыту және қоғамның белсенділігін арттыру, қоғамға пайдалы, отанын сүйетін, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болатын, рухани бай және мәдениетті жан-жақты дамыған, интеллектуалды жастарды қалыптастыру, рухани тәрбиелеу әрбір отбасынан, білім ошақтары мен қоғамның белсенділігінен басталады.

Қазіргі заманғы білім ақиқат, өмірдің мәні және адамның жаратылысы, мақсаты, тәрбиесі туралы ізденістерінде әл-Фараби бабамыздың ұлы мұрасына оралады.

Әдебиеттер:

1 Аймауытов Ж. Шығармалары. 5 томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. 5-том. – 456 б.

2 Әл-Фараби философиясы. Жиырма томдық. II том. Астана: Аударма, 2005.

3 Абай. Қара сөз. Поэмалар. Алматы: Ел, 1993. – 270 б.

4 Курмангалиева Г.К., Сейтахметова Н.Л. Научные труды аль-Фараби. – Алматы: КазНУ, 2019.

5 Әл-Фараби философиялық көзқарастары // Әл-Фараби Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.

6 Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.

7 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.

8 Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары// Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.

Симұқанва Гүлдариға Серікқызы,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
Мемлекеттік университетінің аға оқытушы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҚАЛА БІРЛЕСТІГІНІҢ БАС МҮШЕСІ ТУРАЛЫ ІЛІМІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДЫ БИЛЕУШІЛЕРГЕ БЕРЕР САБАҚТАРЫ

Қазіргі Қазақстан Тәуелсіз даму жолында белгілі деңгейде экономика мен әлеуметтік, саяси – құқықтық және басқару салаларында реформалар жасады. Соған қарамастан бүгінгі қоғамымыздың әр түрлі салаларын басқару процесі жетілдіруді қажет етеді. Бұл туралы ҚР Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында ерекше атап көрсетті [1]. Осы аталған мәселелерді шешуде биылғы жылы түрік әлемі, қала берді әлем жұртшылығы 1150 жылдығын атап өтіп жатқан Әл – Фараби шығармашылығының адам және оның рухани тұлғасының қалыптасуы, қала бірлестігінің бас мүшесінің орны туралы мәселелерін қарастырудың маңызы зор. Олар қазіргі Қазақстанның философиялық және қоғамдық ойының ілгерілеп дамуына да, басқару практикасына да өзіндік әсерін тигізері анық. Аталған мәселелерге Әбу Насыр Әл – Фараби «Қайырымды қала» кітабының «Адамның бірлестік пен өзара көмекке зәрулігі туралы» тарауында ерекше көңіл аударады.

Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бержағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтанда бір – біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлегін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады.

Осы бірлестіктерді Әл-Фараби адам қоғамдары деп атап, оны ұлы, орташа және шағын қоғамдар деп үш түрге бөледі. Жоғарыда аталған адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала болса, қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір – біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір – біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір – біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ[2, 330 б.].

Қайырымды қала кемелденген, сырқатсыз денеге ұқсайды, ал оның барлық мүшелері тірі жанның өмірін аман сақтау үшін, оны барынша қызғылықты ету үшін бір – біріне көмектесіп отырады. Қала бірлестігінің мүшелері жаратылысы жағынан бір – бірінен өзгеше болып, өздерінің жағдайы жағынан бір – біріне асып түсіп отырады.

Қалада белгілі адам – басшы адам бар және өздерінің дәрежелері жағынан басшыға жақын тұрған басқа адамдар бар, бұлардың әрқайсысы өз жағдайына және қабілетіне қарай басшының көздеген мақсатына сәйкес әрекет етіп отырады. Бұлар бірінші сатыда тұрған адамдар. Бұлардан төменірек тұрған басқа адамдар бар, олар бірінші сатыдағылардың мақсаттарына сәйкес әрекет етеді – бұлар екінші сатыда тұрған адамдар. Одан кейін осы екінші сатыдағылардың мақсаттарына сәйкес әрекет ететін адамдар келеді. Осы соңғылардың мақсаттарына сәйкес әрекет жасап қызмет ететін, бірақ өздеріне өзгелер қызмет етпейтін адамдарға дейін сатылап; қала бірлестігінің мүшелері осындай тәртіппен орналасады. Бұлар ең төмен сатыда тұрған, ең төмен жағдайдағы адамдар.

Қала бірлестігінің барлық мүшелерінің ішінде қала басшысы өз бойындағы барлық қасиеттері жағынан ең кемелді жан; қала бірлестігінің басқа мүшелерімен қатар оның жеткен дәрежесі ең мәртебелі дәреже, сондықтан ол өзі билейтіндердің бәрінен және өзгелерді билейтіндердің бәрінен жоғары тұрады. Қоғамдық – саяси және адамгершілік мәселелерімен жан – жақты айналысқан Әл – Фараби, өзінің идеальді мемлекет тұжырымдамасында адамның

үйлесімі мен жетістігі, ағартушылық пен адамгершілік тазартылуы, бақытқа жету, рационалдық, ақыл, гуманизм, білім сияқты идеяларын дүниеге әкелді. Ол «Бақытқа жету туралы» трактатында басқару өнерінің, басқарушының ізгілігі, оның ойлауы мен білімі қуатты күш екенін жазады. Ойшыл үшін «философ», «бірінші басшы», «билеуші», «заңшы» және «иман» - бір ұғым болып табылады [2, 322 б.].

Қаланың басшысы бірінші кезекте салауатты өмір сүруге тиіс, сөйтіп кейін қала бірлестігі мен оның мүшелерінің өмір сүруіне, олардың бойына еріктен қуат алып тұратын қасиеттердің даруына себеп және үлгі болуға тиіс. Сонда егер қала бірлестігінің бір мүшесі қырсыққа ұшырай қалса, оны түзу жолға салып жіберетін осы қала басшысы болуы керек. Қайырымды қаланы әрбір кез – келген адам билей бермекші емес, өйткені ел билеу екі нәрсеге байланысты: біріншіден, адамның өз жаратылысында ел билеуге қаншалық әзір екеніне байланысты, екіншіден адамның еріктен қуат алып отыратын жағдайы мен қабілетіне байланысты. Жаратылысында ел билеуге кім бейім болса, билік соның үлесіне тимек. Өнер атаулының барлығы ел билеу құралы бола бермейді; керісінше, өнердің көпшілігі – қаладағы қызметтің тетігі, сондай – ақ табиғи қабілеттердің көпшілігі – қызмет етуге арналған қабілеттер. Өнер атаулының ішінде ел билеу өнер құралы ретінде де, басқа өнерлерге қызмет ету құралдары ретінде де қолданылатындары бар, сонымен қатар әсте ел билеу құралы емес, тек қызмет ету құралы бола алатындары да бар. Сондай – ақ, әрбір кез – келген өнер және әрбір кез – келген қабілет қайырымды қаланы билеу өнері бола бермейді.

Қайырымды қаланың бірінші басшысында болуға тиісті өнер неге болсын қызмет ету құралы да, басқа бір өнердің билейтін объектісі де болмақшы емес. Оның өнері сондай өнер, барлық басқа өнер соның мақсатына бағынышты және қайырымды қаладағы барлық іс – әрекет осы мақсатқа бола жасалады. Мұндай адамды басқа ешкім билемейді; ол – кемелділік дәрежесіне жетіп, пәрменді парасат пен ұғымға айналған адам. Ол – қиялдау қабілеті аса мәртебелі кемелділік дәрежесіне жеткен адам. Бұл қабілет ояу жатқан кезде де, ұйықтаған кезде де жеке – дара заттардың

(олардың өздерінің, немесе, *туындыларының*) әрекетшіл парасаттан, сонымен қатар туынды ұғымдарды табиғи түрде аңғаруға бейім болады. Оның парасаты барлық ұғымды толық қамтиды.

Адамзат кемелдігінің ең биік дәрежесіне жеткен мұндай адам бақыттың ұшпағында болады. Бұл адам бақытқа жеткізетін әрекеттің қандайын болса да кәміл білетін адамның нақ өзі. Басшыға қойылатын бірінші шарт осы. Сонымен қатар ол өзі білетін нәрсенің бәрін көркем де, бейнелі сөзбен айтып жеткізерліктей қабілеті болуға тиіс; ал жұртты бақытқа бастайтын ең дұрыс жолға сала біліп, бақытқа жеткізетін іс – әрекетке талпындыруға тиіс; сонысымен бірге жеке іс – әрекетті жүзеге асыру үшін оның бойындағы қайраты жеткілікті болуға тиіс.

Әл – Фараби қайырымды қала басшысына төмендегідей қасиеттер тән болуы керек – деп есептейді: дені сау, қабілеті жоғары болуы қажет; жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай – жағдайына сәйкес ұғып алатын қабілеті болуы; өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын болуы; әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болу шарт; өткір сөз иесі және ойына түйгеннің барлығын айдан анық айтып бере алатын тілмар болуы; өнер – білімге құштар болу, оқып – үйренуден шаршап – шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек; тағамға, ішімдік ішуге, сұқ-сұқбат құруға келгенде қанағатшыл болуы қажет; жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт; шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік – жалған мен суайттарды жек көру керек; жаны асқақ және ар – намысын ардақтайтын болуы шарт; оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, игі істерге ынтызар болуға тиіс; жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты және осылардың иелерін жек көруі керек; жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділеттілікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білігінше жақсылық пен ізгілік

көрсетіп отыруы қажет; әділ болу керек, бірақ қыңыр болмау керек, әділеттілік алдында нойыс мінез көрсетіп қасарыспау керек, бірақ әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз болу шарт; өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек [2, 336-337 бб.].

Айтылғандардың бәрінің бір адам бойында болуы қиын нәрсе, сондықтан да жаратылысынан осындай қасиет дарыған адамдар өте сирек кездеседі, мұндайлар аз ғана, бірақ бар. Кімде – кім туған кезінен бастап және жас жеткіншек шағында жоғарыда аталған шарттарды бойына дарытқан болса және есейгеннен кейін басқа алты шартқа сай келетін болса, біріншісінің орнын басатын екінші басшы сол болады.

- Бірінші шарт – дана болу;

- Екінші – белгіленген заңдар, ережелер мен әдет – ғұрыптарды жадына сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс – әрекетін осыларға сәйкес жүргізу;

- Үшінші – бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, мәселенің шешімі жөнінде тапқырлық көрсету;

- Төртінші – қалыптасып қалған жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып – біліп отырарлықтай тапқыр да, білгір болуы; өзінің осындай әрекетінде ол халықтың әл – ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс;

- Бесінші – бұрынғы заңдарды және өзі белгілеген заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу;

- Алтыншы – әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болу, оның бер жағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде және билеуші өнер ретінде біліп алу [2, 338 б.].

Ал егер осы қасиеттердің барлығын өз бойына жинақтаған адам табылмайтын болса, бірақ екі адам табылып, оның бірі – дана, екіншісі басқа шарттарға сай келетін болса, онда осы екеуі де қала басшылары болар еді. Егер осы қасиеттер бір топ адамдардың бастарына бөлек – бөлек біткен болса, сөйтіп бірінде даналық, екіншісінде тағы бір қасиет, үшіншісінде тағы бір, төртіншісінде тағы бір, бесіншісінде тағы бір, алтыншысында тағы бір қасиет болса, онда осы адамдар өзара келіскен жағдайда, бәрі де қайырымды

басшылар болмақ. Егер әйтеуір бір кезде басшыларда даналық болмай қалса, онда бұлар басқа шарттардың бәріне сай келе тұрса да, қайырымды ағзамсыз қалмақ, сөйтіп қаланы билеуші басшы бұл ретте ағзам бола алмайды, ал қаланың өзі құрып кету қауіпіне ұшырайды. Ал егер осы басшыға ақылшы етіп қоярлық бір дана табылмаса, қала біраз уақыттан кейін сөзсіз құритын болады. Әл – Фарабидің бұл пікірі бүгінгі мемлекеттерге де тікелей қатысты.

Әл-Фараби ортағасыр жағдайында сындарлы үлгілі қоғам ілімін жасады және онда маңызды сұрақтардың тізбесін анықтай білді. Олар:

1) «қоғам туралы ғылымның» пәні мен міндеттері,

2) қоғамдық бірлестіктердің пайда болу жағдайлары, құрамы мен түрлері;

3) қалалық бірлестіктер өмірі мен басқару формаларының ерекшеліктері;

4) адамның қоғамдағы орны мен міндеттері;

5) мемлекеттік бірлестіктердің түпкі мақсаты, бақытқа жетудің жолдар мен тәсілдері [3, 19 б.].

Жетілген билеуші идеясы, Әл-Фарабидің дамытуымен шығыс – перипатетик ойларының негізгі дәстүрлерінің біріне айналды. Олардың өкілдерінің әрқашан жан – жақты қарастыратын мәселелерінің қатарына идеальды мемлекет басшысының қасиеттері жатады, себебі, азаматтардың ізгілікті қабылдау мүмкіндіктері ең алдымен оған байланысты. Кім де кім жоғары табиғи қасиеттеріне сай барлық ізгіліктерді бойына жинақтап, практикалық өнерлерді жетілген түрде меңгерсе және қалалар мен халықтарды жеке ізгіліктермен қамтамассыз етсе, ол әділетті билеуші болады.

Әл-Фарабидің ойынша, дәрігердің басты мақсаты денені емдеу болса, билеушінің әрекеті адамдарды адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу. Билеушінің басты міндеті ізгіліктерді дамыту үшін заңдар негізінде әділеттілікті қамтамассыз ету, себебі, әділеттілік тек адамдар арасындағы табиғи және заңгерлік қатынастарға негізделеді. Кім өзінің жоғары табиғи қасиеттеріне сай барлық ізгіліктерді сіңіріп және практикалық өнерлерді тамаша жинақтаса, жеке ізгіліктерді қалалар мен халықтарға енгізе білсе, сол басқару

өнерін меңгерген билеуші болады. Әл-Фарабидің бұл ойы бүгінгі күні біздің мемлекетіміз қойып отырған талаптармен үндесіп тұрғаны даусыз және бұл меритократиялық принциптің бастауы болып та табылады. ҚР Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында халықтың үнін «еститін мемлекет» туралы айтты. Бұл идея өз бастауын Әл-Фарабидің қоғам мен адамның тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған, ақылға негізделген басқару идеясымен үндесіп жатыр.

Бақыт адамның басты мақсаты, ал идеальді мемлекет осы қасиетті мақсатты жүзеге асыруға көмектесуі керек. Бақытқа теориялық білім мен адамгершілік шыңдалу жолы арқылы жетуге болады. Осы орайда басқарудың рөлі жоғары, өйткені ол қоғамдық қатынастарды философия тұрғысынан реттеу арқылы әр адамды бақытқа жетудің құралы – ақиқатты меңгертуге ықпал жасайды. Әл-Фараби пайымдауынша, идеальді мемлекет, әрі философ, әрі пайғамбар болып табылатын билеуші басқарған, қоғамдық өмірді ақыл негізінде ұйымдастырудың нәтижесі. Оның бұл ойына «көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел» [4, 76 б.] – деп дана Абай да үн қосқан. Бұл қазіргі қазақ қоғамы үшінде маңызды.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ-Ж. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. «Егемен Қазақстан» газеті, 02.09. 2019.

2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, «Ғылым», 1973.

3. Шаханов Е.А. Әл-Фараби іліміндегі басқару және басшы мәселелері // Журнал «Әл-Фараби», №1, 2008.

4. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Алматы, 2005.

Қалдыбеков Нұрбол Сейлбекұлы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және діntану институтының ғылыми қызметкері,
PhD докторант

ХАНАФИ МӘЗҺАБЫНДАҒЫ РАЦИОНАЛИЗМ ФЕНОМЕНІ

Ислам тарихында сонау пайғамбардың көзі кеткен кезеңнен қазіргі кезге дейін өзара тартысып келе жатқан екі таным бар. Бірі – әһлі хадис, екіншісі – әһлі рай. Рай (ой-пікір) мектебінің негізін қалаушы екінші танымның өкілдері ретінде Ханафи мәзһабының ғалымдары, содан кейін оны одан ары дамытқан Матуриди мектебі өкілдері аталады. Сол Ханафи мәзһабының белді өкілі Әбу Зайд әд-Дабусидың еңбегі негізінде ханафи мәзһабындағы ақылдың рөлін бағамдап көрмекпіз.

Қарахандар мемлекеті кезеңінде Мәуеренаһр өлкесінде өмір сүрген, Бұқара мен Самарқанд арасында орналасқан Дабус деген жерде туған түркі текті ғалым Әбу Зайд Абдуллаһ ибн Омар ибн Иса әд-Дабуси 430/7039-да Бұқарада қайтыс болады. Ханафи құқықтанушыларының (фақиһ) алдыңғы қатарлы ғалымы, талай жыл қазылық қызмет атқарған [1, 490 б.]. Фиқһтың тармақ мәселесі, фиқһ усулі және һилафиат салаларында еңбек жазған [2, 66-67 бб.], тіпті хилафиат ілімінің негізін қалаушы деп те бағаланады. Оның «Тақуим әл-әдилла» кітабы одан кейінгі усулшілер үшін алғашқы кезекте жүгінетін маңызды еңбек саналады. Тіпті Сарахси мен Пәздауи өз еңбектерін жазарда көп жағдайда осы еңбекке көп жүгінгені белгілі [3, 17-18 бб.].

Самарқанд Дабуси өмір сүрген кезеңде білім мен мәдениет тұрғысынан Бағдатқа қарағанда анағұрлым дамыған өлке болатын. Аббаси династиясының құлдырауымен Бағдат та білімнің орталығы болу сипатынан ажырай бастады. Самарқандта кейінгі кезеңдерде имам Матуридиге телініп жүрген Әбу Ханифа мәзһабына негізделген сунни ақидамен қоса, Аббаси билігінен теперіш көрген харижилік, муржия, мұғтазила, зайдилік, исмаилік секілді көптеген саяси әрі ақидалық ағымдар болды. Бір жерде сантүрлі ағымның бас қосуының сыры – бұл өлке орталық биліктен шалғайда орналасқандығынан болса керек. Бірақ бұлардың ара-

сында Ханафи мен Муржия мәзһабтары кең тараған бағыт саналады. Өмір сүрген ортасында мұншалықты көп бағыттың болуы әлбетте Дабусидің ой-пікірінің дамуына әсер етпей қоймады.

Мәуеренаһр өлкесінің білім ошағына айнала бастаған кезеңінде өмір сүрген Әбу Зайд Дабуси (430/1039) осы өлкедегі рационализмге негізделген таным мектебінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі. Әртүрлі ұстаздардың алдын көріп, Бағдаттың білім мұрасынан үлес алған Дабуси осылайша алғашқы кезеңдегі (салаф-салих) ғалымдардың білім мұрасын да тиісінше меңгерді. Осындай білімі арқылы Ханафи мәзһабының фиқһ усуліне айтарлықтай үлес қосқан. Осы салада жазған «Тақуим әл-әдилла» атты еңбегінде Жассастың қалыптастырып кеткен Ханафи усулін ары қарай дамытқан. Оның ақыл мен уахидың байланысындағы көзқарастарын кітабының соңғы жағындағы «ақылдың дәлелдері» деп аталатын бөлімінде және ақылдың дін мен дүние тіршілігі жайында шығарған үкімдері бөлімінде көбірек талқыға салынады [4, 442-464 бб.].

Ақылдың эпистемологиядағы орны

Ақыл ислам ой-танымында жиі талқыға салынған, көптеген пікірталасқа себеп болған дүние. Адам баласын өзге тіршілік иелерінен ерекшелеп тұратын ақылдың потенциалы қаншалықты, адамның ақылы дүниені тану мәселесінде қай жерге дейін жетеді, адам санасы мен сыртқы ортаның байланысы секілді тақырыптар ислам пәлсапасында жиі қозғалған.

Ақыл ұғымы сөздікте «тосу», «кедергі болу», «бір нәрседен қайтару» деген мағыналарды береді. Ақылға мұндай атау берілуіндегі сыр ақыл өз иесін жаман нәрселерден тосады [5, 577 б.].

Дабусидің эпистемологияда ақылды қалай бағалағанын білу үшін білімге қол жеткізуде және білімнің қалыптасуында ақылға қаншалықты маңыз бергенін бағамдау керек. Дабуси білімге қол жеткізу жолына тек ақылды жатқызу мәселесінде ғалымдар арасындағы ортақ көзқарасты баяндай келе, өзінің көзқарасын білдіреді:

«Ақыл иелері көзге көрінетін әлемде сезімдері ортақ нәтижеге қол жеткізетіні секілді, сезім арқылы танып біле алмайтын мәселеде де ақылдың нәтижесінде қол жеткізетін ортақ дүниелері болады. Сондықтан да өзінің игілігі үшін ақылын қолданбайтын

адамды көре алмаймыз. Тіпті ақыли дәлел болмаса самғи дәлелдер (естіген нәрселеріміз) де жарамсыз. Мұғжиза мен көзбояушылық, пайғамбар мен пайғамбарсымақтың айырмашылық та ақыл арқылы танылады. Сенің отты көзбен көруің де, оның түтінін иіскеп ақыл арқылы қорытынды шығарып от жанып жатқанын білуің де осы секілді дүние. Білімге қол жеткізде сезімдерден және сезіммен танып біле алмайтын нәрселерді ақылмен танудан басқа жол жоқ» [4, 442 б.].

Дабуси ақылдың білім қайнары екендігі мәселесінде ғалымдар арасында пікір қайшылығы жоқ екендігін айтады. Оның айтуынша пікір қайшылығы ақылдың уахидан тәуелсіз Құдайды танып-танымайтындығы, егер таныса бұл білімнің адамға жауапкершілік жүктеп-жүктемейтіндігі мәселесі. Ақылдың самиғ (естіген нәрселерін) мәселесінде жаңа білімге қол жеткізіп-жеткізбейтіндігі және бұл білімнің адамға жауапкершілік жүктеп-жүктемейтіндігі мәселесіндегі көзқарастарын Дабуси төрт топқа жіктейді:

а) Уахи ақылға бағыт-бағдар бермейінше тек ақылдың дәлелі арқылы Алланы тану мүмкін емес.

ә) Ақыл арқылы Құдайдың бар әрі бір екенін білуге болады. Бірақ оны дәлел ретінде алға тартудың қажеті жоқ.

б) Ақылмен білуге болады, жамандық келмей тұрып одан сақтануда ақылды қолдану керек.

г) Алла тағала бізді ақылмен жеке дара қалдырмағандықтан мұндай тартыстың мәні жоқ.

Дабуси бұл мәселені ең алғаш ақылдың Алланы танып-тани алмайтындығы мәселесін, содан кейін ақыл арқылы Құдайды тануда адамға жауапкершілік жүктеліп жүктелмейтіндігі турасында екі түрлі көзқарасты алға тартады. Өзі екі мәселеде де ашық көзқарас білдірудің орнына өзі құп көрген көзқарасты дәлелдеуге тырысады.

Ақыл Алланы тани алады деген көзқарасты ұстанатын топ (ішінде Дабуси де бар) өздерінің көзқарастарын негіздеу үшін мына аятты көлденең тартады: Ибраһим алейһиссалам әкесіне «Мен сенің де, қауымыңның да анық адасуда екендеріңді көріп тұрмын» деді [Құран: 6/74]. Аятта әзіреті Ибраһим өзіне уахи келгендігін тілге тиек етпестен әкесінің адасуда екенін айтып отыр. Ол бұл қорытындыға өз ақылы арқылы келді делінеді. Бұған қоса Ибраһим алейһиссаламның жұлдыздар жайлы дәлел келтіріп

Алланың бар екендігін жеткізуі тек ақыл арқылы Алланы тануға болатынын білдіреді. Басқа бір аятта «Біз оларға жер-көктегі және өз болмыстарындағы ап-айқын дәлелдерімізді ашып көрсетеміз» [Құран: 41/53] делінеді. Бұл аятта да жоғарыдағы аяттағы секілді «оларға уахи етеміз» немесе «сезіндіреміз» деген секілді сөз қолданылмастан «оларға көрсетеміз» дейді. Бұл тура ақылға қарата айтылған меседж [4, 443 б.].

Дабуси жалаң ақыл арқылы Алланы тануға болады деп есептейді. Дабуси уахисыз ақыл өз алдына Алланы таба алмайды деген көзқарас пен ақыл арқылы Алланы табу адамға жауапкершілік жүктейді деген көзқарасты ифрат-тафрит (шектен шығу-кем жасау) деп бағалап, ақылдың Алланы табуға жететіндігін, бірақ уахи келместен ақылдың болуы себепті жауапкершілік жүктелмейтіндігін алға тартатын көзқарасты орта жол ретінде көрсетеді [4, 466 б.]. Бұл жерде өзі де осы пікірді құптайтынын аңғартып отыр. Алайда орта жол деп сипаттаған топтың келтірген дәлелдерін де сын елегінен өткізеді. Бұл топ былайша пікір жүргізеді. Олардың ойынша адам өзіне ашық бір нұсқау не дәлел келмейінше өзінің әуесіне еріп әрекет етеді. Мұндай көңіл қалауларынын құтылып, ақылдың шығарған қорытындысына сай әрекет етуін ақылы толыспаған баланың уахиды түсінуінен де қиын деп есептейді [4, 444 б.]. Дәлелді қажет деп санамайтын топ балалардың ақылы толыспағандығы себепті құлшылық жасауға міндетті болмайтынын дәлел ретінде келтіреді. Бала кәлима шаһадатты айта алмайтындай кішкентай болса, оған біреу исламды түсіндіріп, ол мұны қабыл етпесе де, ол бұл әрекетіне жауапты болмайды. Кәмелетке толған кезінде Алладан басқаны құдай етіп табынбайынша, бұл мәселеде дәлелмен жүруге міндетті емес [4, 442, 444 бб.].

Дабуси бұл дәлелдерге қарсы мынадай уәж айтады: Өмірді сүруге жететін ақылы бар адамды Алланы білу мәселесінде жауапты емес деу дұрыс емес. Өйткені адам дүниеуи мақсаттарға тек осы ақылдың көмегімен ғана қол жеткізеді. Бұл мақсаттарға қол жеткізе алатындай ақылы бар адамның ғимараттың ұстасыз, жазудың жазушысыз дүниеге келетінін қабылдауы қиын іс. Дабуси ақыл арқылы қол жеткізілетін ғимараттың ұстасыз болмайтыны турасындағы қорытындыны Алланың бар екендігін түсінудегі ақылдан шығатын қорытынды мен пайғамбарлар арқылы келетін ақпаратпен бірдей күшке ие деп есептейді.

Дабуси қиястың (аналогия) незізсіз емес екендігіне пайғамбар мен Мұғаз ибн Жабал арасында болған диалогты келтіреді. Расулалла Мұғаздан қандайда бір мәселенің шешімін іздегенде қалай әрекет ететіндігін сұрайды. Сонда Мұғаз «Құран, сүннет және өз ойыма жүгінем» деп жауап береді. Алла елшісі оның бұл жауабына дән риза болады. Дәл сол секілді әзіреті Омар да зекет жинайтын қызметкерлерге жолдаған хатында ретімен Құран, сүннет және өз ойларыңмен амал етіңдер деп бұйырады [4, 470 б.].

Дабусидің «Такуиму әл-әдиллә» атты еңбегіндегі ақылға берген анықтамасы мен фиқһ саласындағы ақылдың орны мен оның қисын мен пәлсапаға негізделген функциясы назар аударарлық. Ханафи усуліне (методологиясына) айтарлықтай үлес қосқан ғалым Дабусидің бұл еңбегі шариғат, хикмет және тасауууыф арасындағы тығыз байланыс пен адам болмысының мәніне қатысты ой-пікірлер және мұның бәрін жеткізуде қолданған әдеби тәсілімен ерекше назар аудартады.

Дабусидің айтуынша адамда төрт негізгі элемент бар: Рух, нәпсі, жүрек және бас. Рух Алла тарапынан, ал нәпсі дүние тарапынан келген әмірші іспетті. Сәйкесінше жүрек пен бас бұл екі әміршінің уәзірлері. Нәпсі бастағы сезімдерді қолдану арқылы тәнге дүниелік қалауларды таттырады немесе тыйым салады. Ал рух жүректің ақылды қолдануы барысында ақыретке қатысты бұйрық-тыйымдарды береді.

Жалпы ханафи мәзһабының фиқһи үкімдерінің шығуы көп жағдайда ақылға, қисынға негізделеді. Бұл мәзһаб сонысымен де өміршең әрі кең тараған мәзһаб деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1. Изиддин ибн әл-Асир әл-Жазари (1233). Әл-Лубаб фит-тахзиби әл-ансаб, Т. I, Бейрут: Дару әс-садр.

2. TDV İslam ansiklopedisinin 1994 yılında İstanbulda basılan 9. Cildi.

3. Тунжай Башоғлу. Һижри бесинжи асырда усул есерлерінде иллет тартышмалары. Жарыққа шықпаған докторлық диссертация. Мармара университеті әлеуметтік ғылымдар институты, Стамбул. 2001 ж.

4. Әбу Зайд әд-Дабуси. Такуим әл-әдилла. Өңдеп баспаға әзірлеген: Х. Мухиддин Мейс, Бейрут: Дарул-кутуби әл-илмия. 2001 ж.

5. Рағиб әл-Исфаһани. Муфрадат. Димашқ-Бейрут: Сафуан Аднан Дауди. 1997 ж.

Ержанова Айдана Женісқызы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері,
PhD докторант

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ БАТЫС ПЕН МҰСЫЛМАНДЫҚ ШЫҒЫС АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ-ТАРИХИ СҰХБАТ

Аннотация. Мақалада ежелгі грек философиясы мұсылмандық шығыс философияның негізі ретінде қарастырылды. Шығыс мұсылман философиясының өзіндік қалыптасуында әл-Фараби мен ежелгі гректік бастамалардың алғышарт бола отырып, бір-біріне ұқсамайтын мәдениеттердің тарихи-мәдени сұхбатына алып келді. Бұл сұхбат нәтижесінде философияның екі түрлі бағыты және өзіндік ерекшеліктері, әсерлері туралы сөз қозғалды. Әл-Фараби осы сұхбатты жасаушы көпір, мұсылмандық шығыс философиясын калыптастырудағы біріншілік ретінде анықталады.

Философия тарихы бойынша философияның пайда болуы мен рационалдылықтың негізі, философиялық терминдердің алғаш рет Ежелгі Грекияда пайда болуының алғышартын ешкім де жоққа шығара алмайды. Ежелгі Грек кезеңінде өмір сүрген және өте құнды философиялық идеялар қалдырған философтар өте көп болды, бірақ олардың ішінде философиялық екі үлкен алып тұлға бүкіл адамзат тарихында философияның дамуына қосқан үлесі айрықша орынға ие. Олар - Платон мен Аристотель, ойшылдардың идеялары, философиялық тұжырымдамалары өзінен кейінгі сан философтардың ой елегінен өтіп, әлі күнге дейін өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Тарихи философиялық мұра қанша зерттелсе де, қанша талқыланса да шешімін таппаған мәңгі, философиялық мәселелер жетерлік. Ежелгі Грек философиясының классиктерінің мол мұраларын зерттеп, оны түсінікті түрде келешек ұрпаққа жеткізуде әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің орны ерекше. Әл-Фараби философиясы мазмұны жоғарыдағы грек ойшылдарының еңбектерімен байланысты. Мұсылмандық шығыс әлеміндегі философтар өзіндік жүйе қалыптастыруда неге ежелгі грек дәстүрлері, олардың классик философтарына жүгінді? деген орынды сұрақ туындайды. Егер әлеуметтік-тарихи тұрғыда қарастыратын болсақ, Араб халифатының билігі күшейіп

тұрған кезде, территориялық кеңейтулер Еуропа (Кардова халифаты, жерорталық мәдениет Египет, Сирия, Иран және т.б. аймақтар) жеріне дейін созылды, жаулап алынған жерлерде ежелгі гректік классикалық дәстүрдің кең таралуына байланысты әртүрлі мәдениеттер арасында сұхбат орнату қажеттілігінен деп пайымдауға болады.

Батыстық Ежелгі дәуір Ренессансы, яғни гүлденген антикалық кезең мен Шығыстық Ренессанс, Ислам діні келуімен мұсылман елдерінде ғылым мен білімнің өркендеген кезеңдері арасындағы философиялық сұхбатты негіздеу мен іске асыру сияқты өте маңызды міндеттерді атқарған мәдени-тарихи орталық ретінде Бағдат, Басра, Каир, Самарқанд, Дамаск қалалары болды, бұл орталықтарда гректік мұралар мен олардың мәдени өзара байланысын анықтау мақсатында аударма ісі мен осының барысында философиялық сұхбаттың орын алуына алып келді, мысал ретінде, әл-Мумин негізін салған Ақылдылар үйі, әл-Фарабидің Аристотель еңбектерінің аудармасы мен комментарилері, аты әйгілі болған аудармашы Ибн Хунайн және оның шәкірттері туралы ақпараттар дәйектейді. Ортағасырлық шығыс-мұсылман қайта өрлеуі кезеңіндегі ғылым мен білімінің дамуы орасан зор әсерлер мен өзара сабақтастыққа әкелді. Осы сұхбаттың пайда болуына түрткі болған әл-Фараби мұрасын алдыға тартамыз, өйткені ол тек қана аударма ісімен айналысқан жоқ, өзіндік философиялық ой түйе отырып, еңбектерін жарыққа шығарды, жалпыға қабылданған арабтық философиялық терминдер сөздігінің авторы ретінде қарастырамыз, мұны дәлелдейтін негіз Б.Я. Ошеровичтің пайымдауынша, « ол барлық шетелдік кірме терминдерден бас тартып, жаңа неологизмдер мен, қазіргі күнге дейінгі қолданыстағы философиялық терминдерді енгізді» [1, 181 б.].

Академик М.М. Хайруллаев айтқандай, «әл-Фараби философиясы Ибн Баджа, Ибн Туфейль және Ибн Рушд секілді аса көрнекті ғалымдарды дүниеге әкелген XI-XIII ғ.ғ. «арабтық» Испания және Солтүстік Африкадағы алдыңғы қоғамдық-философиялық ойлардың дамуына шешуші ықпалын тигізді» [2, 13 б.]. Әл-Фарабидің теологиялық тұжырымдары орта ғасырлық ойға зор әсер етті, сондай-ақ, араб-мұсылман философияның шығыстық

және батыстық мектептерінің көрнекті өкілдері тарапынан терең зерттелді. Бұған қоса, әл-Фарабидің байланыс (иттисаль) туралы ойлары христиандық және еврейлік философиялық-теологиялық ілімдердің дамуына үлес қосты. Сондай-ақ, аталмыш теорияның Ибн-Саб`ин және әл-Ғазали сияқты мистицизмнің бірнеше өкілдеріне әсер етіп, оларды философиялық рухпен тәнті еткенін жоққа шығару мүмкін емес. Бұл жөнінде араб зерттеушісі профессор Махмуд Қасим былай дейді: «Әл-Фарабидің байланыс теориясының тартымдылығы Карра де Воның ерекше ілтипатына лайықты болғанымен, Әбил-Уалид Ибн-Рушдтың жүрегін жаулай алмады». Десек те, Әл-Фарабидің байланыс теориясы Ибн-Синаның таным теориясына, Әл-Ғазалиге, Ибн-Баджаға, Ибн-Туфайльға, Муса бен Маймунға, Ұлы Альбертке және Аквиндік Фомаға да терең әсер етті [3, p. 171].

Аристотель еңбектерін түсіндіруде әл-Фарабидің орасан еңбегін бағалап, замандастары оған «екінші ұстаз» деген құрметті атақты береді, өзі де Аристотельді өзінің рухани ұстазы деп санап, егер сол дәуірде болғанымда мен оның ең үздік шәкірттерінің бірі болар едім деп оған деген шексіз құрметін көрсетеді. Фарабидің еңбектерін зерттей отырып алынған мәліметтерден оның Аристотель еңбектерін қаншалықты терең меңгергенін және оның грек ойшылының мұрасын игерудегі сенімділігін байқауымызға болады. Әл-Фарабиге екінші ұстаз атағының берілу болжамдарын қарастырсақ, олардың ең кең таралғандары мен қисынға келетіндеріне қысқаша тоқталып өтейік: Дитерицидің пікірінше Фарабиге бұл атақты араб аристотелизмін жүйелегені және ол оған тек дүниеден өткенінен кейін ғана берілді дейді; Келесі, Қазақстандағы фарабитану негізін қалаушылардың бірі А.Х. Қасымжанов «Екінші ұстаз» атауы жайлы былай дейді: «XII ғасырдың кейбір авторларының пікірі бойынша Аристотель «Бірінші ұстаз» деген атаққа логика ғылымдарын жасағаны үшін ие болса, әл-Фарабиге «Екінші ұстаз» деген құрметті ат музыка теориясын қалыптастырғаны үшін берілген»,–дейді; Өзіне дейінгі дәуірдің отыз томдық тарихын жазған оқымысты Әбд әл-Хасан әл-Байхаки: «Исламда Әбу Насыр әл-Фарабиге тең келер адам туған жоқ, оның ілімін қастерлегендер «Екінші ұстаз» деп дәріптеді. Дүниеде төрт-ақ ғажап ғалым болған. Атап айтқанда,

екеуі исламға дейін: Аристотель мен Александр Афродзейский, екеуі исламда – Әбу Насыр әл-Фараби мен Әбу Әли ибн Сина»; А. Көбесов «Математическое наследие аль-Фараби» (1974) атты еңбегінде «Шығыс философтары әл-Фарабидің тірі кезінде-ақ оны «ал-муаллим ас-сани» – екінші ұстаз деп атады. Бірінші ұстаз деп («ал-муаллимал-аввал»)олар Аристотельді санады»; Ирактық ғалым әш-Шабиби Фарабиге бұл құрметті атақ оның «Екінші кітабы» үшін берілген дейді. Фараби бұл еңбегін Аристотельдің «Теология» трактатының негізінде жазған еді; Кейбір зерттеушілер Фарабидің бұл атақты иеленуіне ибн Синаның өз еңбектерінде оны өзінің Аристотельден кейін екінші ұстазым деп атауы да себеп болуы мүмкін дейді

Фарабиді тек комментатор немесе аудармашы деп қана мойындайтын зерттеушілер де жетерлік. Біз ондай пікірдегі ғалымдардың Фараби еңбектерімен терең таныспағандық, дегенмен Фарабидің ғылымына әділ баға беруші ғалымдар да өте көп табылытындығын айтып өткен жөн. Сондай зерттеушілердің бірі Еуропалық қайта өрлеу кезеңі туралы құнды зерттеулер жасаған А.Уайтхерд, Фараби туралы: «Бірақ бұл гректік ойлау бейнесін жай ғана қайталау емес еді. Дәуір өлгеннен кейін қайта тірілмейді. Олардың араларында басқа діндер, басқа құқықтық жүйелер, басқа саяси қиындықтар, басқа ұлттық мұра болды және осының барлығы ондағы тіріні өліден ажырата түсті», «тіпті, егер кейбір тұжырымдар мың жыл немесе бір жарым мың жылғыдай қаз қалпында келтірілгеннің өзінде оның маңызы шектеледі немесе кеңиді» [4, 200-204 б.]. Әл-Фарабидің түсіндірмелері «қайта қалпына келтіру» ғана емес, ол әр түрлі мәдениеттер арасында сұхбаттық қатынастарды орнату болатын және Ибн Синаның пайымдауынша, тәжірибе сәтті өтті, ортағасырлық дәуірдің жаңа көптеген сұрақтарына жауаптар табуға көмектесіп, ежелгі даналық қайта жаңғырды.

Мәдени-тарихи сұхбат пен философияда мұраларды сабақтастық бұрынғы мен кейінгі көзқарастар жүйелерінің арасында сұхбаттық қатынастарды орнатуды пайымдау болатын. Осындай түсінік егер ежелгі классика мен ортағасырлық араб тілді өркениеттің арасындағы қатынас тұрғысынан жаңа қыры танылады. Ол тек түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар сол тарихи

дәуірде жүзеге асқан Шығыс пен Батыстың мәдени сұхбатының өзегін терең пайымдау үшін қажет.

Грек философиясы исламның тарихи дүниесіне әсер еткен зор мәдени күш болды. Грек философиясы мұсылман ойшылдарының пікірлер көзжиегін кеңейтті, сондай-ақ, олардың құрандық негіздегі көзқарастарын өзгертті. Дегенменде, метафизикалық пайымдаулары мен кейбір гуманистік концепцияларындағы ойлар жүйесі бір-біріне ұқсамайтын, өзіндік жүйенің қалыптасуына түркі болды. Гректердің әсерімен мұсылман философтары мен теологтары логикаға сүйенген табиғаттану ғылымдарымен айналысты. Жаратушылық мәселеде, мұсылмандық шығыс Аллаға сенім, діни көзқарасты ұстай отырып, ғылым мен білімді дамытуға күш жұмсады. Яғни Алланы тануда, ғылым мен білімнің дамуы заңдылығын айқындады. Гректік логика мен метафизика мұсылман ойшылдарының саналарын бірден жаулап алды. Мысалы барлық салаларда көрініс тапқан гректік логика мұсылман құқығының негіздеріне де әсер етпей қоймады. Грек метафизикасы ислам теологиясының немесе каламның құрамына сіңіп кетті. Гректік философиялық дүниетаным әртүрлі көзқарастар тұрғысынан Құранның ұсынған дүниетаным моделінен өте алшақ еді. Ерте кезеңдегі мұсылман ойшылдары гректердің ғылыми мұрасын ешбір сыни бағалаусыз қабылдады. Гректік және мұсылмандық шығыстың ғылыми тұжырымдамалары синтездік нәтижеге жетті деп бағалауға болады.

Әл-Фарабидің ғылымға алып келген жаңашылдығы оның өзі өмір сүрген елдердегі бір-біріне қарама-қайшы түрлі көзқарастардың барлығын қорытып, бір ортақ жүйеге келтіруінде. Әл-Фарабидің ғұламалығы мен даналығы оның өзіне дейінгі шешілмей, кейінге қалдырылып келген әлеуметтік-саяси, діни-философиялық мәселелерді шешуге, көне грек философиясы жауап бере алмаған қарама-қайшы, даулы және күрделі сұрақтарға жауап беруге батыл да құлшына кірісуінде еді. Бұған батыс шығыстанушысы Хортонның мына сөзі дәлел «Аристотель күллі әлемнің толық, біртұтас, түсінікті моделін тек ақыл арқылы суреттеуде сәтсіздікке ұшырады. Ол Әлемнің біртұтастығын бір ғана негізге емес, оның орнына бір-бірін алмастырған «көне алғашқы материя мен Құдай екілігі» принципіне негіздеді.

Аристотельдік мектептің, таза ғылыми-теориялық элементтерге толы болса да, көбінесе сыртқы болмысқа сүйенуі, оны Құдайды өз еркі жоқ ақыл ғана деген қорытынды жасауға итермеледі» [64, p. 30-32].

Әл-Фараби антиканың мол мұрасын, әсіресе, көне гректің Платон мен Аристотель секілді классик ойшылдарының философиялық көзқарастарын араб-мұсылман мәдениетіне енгізумен қатар, ислам мен антиканың идеяларына синтез жасауды іске асырып, екі мәдениет арасында сұхбат орнатты. Ол өз заманының рухани шамшырағы, адамның бақытты болуы білімі мен рухани дүниесі деңгейінің сәйкестігі, қазіргі күнге дейін өз өзектілігін жойған жоқ. Әлемдік философия мен ғылымның дамуында, Батыс пен Шығыстың диалогында өзіне тиесілі рөлін атқара береді.

Біз жүргізген зерттеуде, грек философиясынан мұсылмандық шығыс философиясы барлық бағыт-бағдарды алып, ғылыми жүйені жасауда барлық бастауды немесе дайын жүйені алды деп қорытындылауға болмайды, исламдық ойшылдар гректік мұраға бет бұруы, рационалдық болмыс құрылымы бар, яғни логостың идеалды қоғам мен адамзаттың ізгілінің негізі ретіндегі дүниенің жаралуындағы үйлесімдік болып табылады. Аристотель мен Платон философияларында Құдай туралы ілім, неоплатондық кезеңде антикалық философияның шыңы. Сондықтан, өзінің интенциясымен мұсылмандық шығыс мәдениетіндегі Құранды түсіндірмесі мен оның рационалдық ұғыну мәселесімен айналысқан ортағасырлық сұрақтардың жауабына айналды.

Антикалық философия мен мұсылмандық шығыс философиясының сұхбатына синтездік көзқарас алып келген әл-Фараби араб философиясына аристотелдік рационалдылықтың күшейуіне алып келді. Бірақ шығыстың өзіндік философиялық бағытының болғаның дәлелдейтін Европа жеріндегі Кардова халифатының мәдениеті, Магриб, Испания, Морокко сияқты жерлерде киелі кітап Құран мен оны толықтырған сүннеттердің абыройы басым болған, бірақ Кордованың рухани мәдениет деңгейінің жоғары екендігі әл-Хакам II кітапханасы, оның көмекешілері Бағдат, Каир, Александрия, Дамаск қалаларында қолжазбалар жинаған, кітапхана қоры 400 мыңнан астам

қорымен белгілі болып, бүкіл Еуропа елінде беделге ие болды. Егер Кордова халифатының құрылуы мен құлау кезеңінің алатын болсақ, мұсылмандық шығыс тек қана антикалық әлем мен ғана емес, ортағасырлық мәдениеттік сұхбат болды деп айтуға әбден негіз бар. Осы мәдениеттер сұхбатының бастауы мен жалғасуы, белгілі тұлғалардығ еншісінде, әлі де болса осы өркениеттер мен мәдениеттер арасындағы сұхбатты тудырушы ғылым мен білімнің басты мақсаты мен міндеттері ретінде қарастырылуы керек. Өйткені, тұлғалық зерттеулердің өзі кеңістік пен уақыт аралығында қарастырылады, демек сол кезеңнің кеңістік пен уақыт мәдениеті зерттеуден тыс қалмауы керек.

Әдебиеттер:

1. Ошерович Б.Я. Стиль и лексика аль-фараби // Возращение Учителя. О жизни и творчестве аль-Фараби. – Алма-ата: Жазушы, 1975. – 181б.

2. Хайруллаев М. М. Фараби. Эпоха и учение. – Ташкент, 1975. – 13 б.

3. Herbert A. Davidson Al-Farabi, Avicenna and Averroes on Intellect. Oxford University Press. 1992, p 147.

4. Уайтхед А.И. Избранные работы по философии. – М.,1990. – 200-204 б.

5. Robert Hammond. Al-Farabi`s philosophy and its influence on scholastism. – Oxford, 1999. – p. 30-32.

Жанбаева Жанат Абдыкидыровна,
Абай атандағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің 3 курс PhD докторанты

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫ

Аннотация. Заманауи процестердің әсерінен әлеуметтік дамудың әртүрлі салаларында интеллектуалды ұлт қалыптастыруға бағытталған жан-жақты зерттеулерде заман талабына сай өзекті мәселелерге қатысты жауаптар пайда болуда. Әрбір Қазақстан азаматы қатысты аса маңызды мәселелердің бірі – мемлекетіміздің тірегі, еліміздің одан әрі дамуы мен гүлденуінің негізі болып саналатын азаматтардан құралған интеллектуалды ұлт қалыптастыру үлес қосуы тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарастыруға болады. Ол үшін Қазақстанда интеллектуалды қоғам қалыптастыру, халықтың интеллектуалдық әлеуетін арттыру қажет. Аталған мәселелер интеллектуалды ұлт қалыптастыруға бағытталған медиа-ақпараттық саясатты кең ауқымда дамытып, оның мазмұнын одан әрі тереңдету және өз елінің әлемдік талаптарға сай азаматын қалыптастыру сияқты көптеген салаларды қамтиды. Мемлекеттік маңызы зор осы мәселенің философиялық қырын ашу мақаланың басты міндеті.

Түйін сөздер: интеллектуалды ұлт, инновация, білім стратегиясы.

Аннотация. Под влиянием современных процессов в различных областях социального развития, во всесторонних исследованиях, направленных на формирование интеллектуальной нации, появляются ответы на актуальные вопросы, отвечающие современным требованиям. Каждый гражданин Казахстана должен внести свой вклад в формирование интеллектуальной нации, которая является опорой нашего государства, основой дальнейшего развития и процветания страны. Этот вопрос можно всесторонне рассмотреть. Для этого необходимо сформировать интеллектуальное общество, повысить интеллектуальный потенциал населения. Данные вопросы охватывают многие сферы, такие как широкомасштабное развитие медиа-информационной политики, направленной на формирование интеллектуальной нации, дальнейшее углубление ее содержания и формирование гражданина своей страны, отвечающего мировым требованиям. Основная задача статьи – философское осмысление этой проблемы, имеющей важное государственное значение.

Ключевые слова: интеллектуальная нация, инновации, стратегия образования.

Annotation. Under the influence of modern processes in different spheres of social development, in comprehensive researches aimed at forming an intellectual nation there appear answers to actual questions meeting modern requirements. One of the most important issues for every citizen of Kazakhstan is the formation of an intellectual nation of citizens, which is the backbone of our state, the basis for further development

and prosperity of the country. It is an issue that can be fully addressed. For this purpose, it is necessary to form an intellectual society, to increase the intellectual potential of the population. These issues cover many areas, such as the large-scale development of media and information policy aimed at the formation of an intellectual nation, further deepening of its content and the formation of a citizen of his country that meets the world requirements. The main task of the article is to reveal the philosophical side of this issue of national importance.

Key words: intellectual nation, innovations, education strategy.

Интеллектуалды қоғам қалыптастыру еліміздегі білім мен ғылым бағытының дамуына, «ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасының» әлеуметтік-экономикалық тиімділіктерді қамтамасыз етуге бағытталған шараларда нақты көрсетілген. «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасы білім беру мен ғылыми әлеуетті арттыруға арналған кешенді жобасы десек болады. Елімізде ұлттың интеллектуалды әлеуетін арттыруға бағытталған мемлекеттік шаралардың іске асырылуы мәселені күн тәртібіне қойып отыр. Ұлттық жобаның басты мақсаты елдің интеллектуалды әлеуетін арттыру болып табылады [1].

Қазіргі заманның ерекшелігі қоғамның интеллектуалды даму қарқыны индивидтердің интеллектуалды жүйелерге жаппай енуі және индивидтің интеллектуалды дамып, оның рухани қалыптасуының жетекші факторына айналуы маңызды. Интеллектуализациялау идеясы қоғамның одан әрі дамуына бастама болады, ол индивидтердің жалпы интеллектінің «қажетсіз» үлесін ашу арқылы іске асады. Туындаған мәселені шешу барысында білім беру саласын интеллектуалдандыру қоғамның интеллектуалдануына әкеледі. «Білім беруді интеллектуалдандыру» ұғымын ғылымға И.С. Ладенко енгізді [2, 5-18 б].

Қоғамды интеллектуалдандыру бұл жаңа ғылыми техникалық прогрестің даму жүйесі. Интеллектуалды тұлғаның бойына бітетін ақыл-ой, парасат, тәжірибе жинақтау арқылы жетілдіруі, оны әлеуметтік тұлға өзін және қоғамды дамыту үшін жаңа жағдайларға сай икемді әрекеттерді қолданатын болады. Интеллектуалды ұлт деп адами, мәдени қасиеттерді меңгерген, білімі мен біліктілігі, бәсекеге қабілетті ұлтты атайды. Интеллектуалды ұлт құндылығын, мәдени, рухани, әлеуметтік-философиялық астар-

ларымен, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, барлық ақпараттардан хабары бар, өзінің ғылыми, ақпараттарын еркін таратын әлеуеті бар қоғам болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта Қазақстанда интеллектуалдық саладағы шын мәніндегі деңгейі биік, кәсіби философия толығымен қалыптасты деуге болады.

Интеллектуалдану әлеуметтік-философиялық рефлексия нысаны ретінде күрделі ғылыми мәселе, ол біртұтас үдеріс ретінде ғылыми-техникалық революцияның нәтижесі болып табылады» дейді зерттеуші Э. Тоффлер [3, 569 б.]. Алған білімін керек жерінде орынды қолдана білу адамның интеллектісіне байланысты. Интеллектіні тіпті адамның білімін қолдана білу қабілеті деп анықтауға болады.

Интеллектуалды ұлттың дамуы көп жағдайда әлеуметтік-философиялық, мәдени және рухани-гуманитарлық мәселе болып табылады. Олар:

- Заманауи инновациялық технология өндірісте, экономикада, білім беруде және ғылымда кең көлемде қолдануға жағдай жасау;
- Еліміздегі қашықтан оқытуды дамыту;
- Қоғамдық сананы қалыптастыру.

Интеллектуалды ұлт көбнесе күрделі қоғамдық мәселелерді шешуге, келісімге келуде өзінің жинаған білімі мен біліктілігін тиімді қолдана білуге дағдыланады. Интеллектуалды ұлттың мақсаты – жаңашыл білім мен дағдыларды бойына сіңірген мамандардың қажеттіліктерін өтеу, ғылыми жетістіктерді ақпараттық-технологиялық және экономикалық салаларды қолдану, еліміздің адами құндылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-философиялық көзқарас XX ғасырдағы француз ойшылдарының жарияланымдарында көрініс табады. Р.Арон өз жұмысын «интеллектуал опиумы» деген атаумен интеллектуалды талдауға арнады, онда ол идеологияны интеллектуалдар үшін опиум деп атайды. Ол қоғамның дамуымен сөздер мен идеяларды басқара алатын адамдар үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болғанын атап өтті. Алдымен бұл функцияны әуесқойлар орындады, содан кейін қазіргі кезде интеллектуал деп аталатын мамандардың сапасына айналды. Р.Арон интеллектуал қауымның идеологиялық

лагерлерде топтардың пікірлері мен мүдделерін идеялар мен тұжырымдамаларға айналдыратындығына сенетін қоғамда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Оның пікірінше, «интеллектуал адам мен ақылға сенетін идеялардың адамы және ғылым адамы» деп қарастырды [4, 187 б.].

Яғни нтеллектуалды ұлт қалыптасуының негізгі үш аспектісін айтсақ, ол білім беру жүйесінің, ғылымның дамуы мен елдің ғылыми әлеуетінің артуындағы, инновациялық жүйенің дамуындағы серпіліс. Дәл осы бағыттар Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары болуы керек. Кез-келген жан-жақты зерттеудің стратегиялық мақсаты – қоғамдағы белгілі бір уақытта болып жатқан әлеуметтік процестердің дамуы мен жетілуін бақылау.

Жалпы интеллектуалды ұлттың дамуы жан-жақты қамтылған және өзара байланысты ғылыми тәсілдерге сүйенумен байланысты. Өйткені олар бір-бірін толықтырады, оның барлық алуан түрлілігін көрсетеді. Сонымен, интеллектуалды ұлтты дамытуға әлеуметтік көзқарас, іс-әрекеттің талаптарын, жастардың табысты қызмет етуге интеллектуалды дайындығы моделінің шарттарын сақтау туралы әлеуметтік сұранысты қарастырады.

Осы тәсілдердің бірі – жүйелілік тәсілі. Ол интеллектуалдық ұлт дамуын келесі процесттерді түсіну тұрғысынан қарастырады:

1) тұтас жүйе;

2) жүйенің қоршаған ортамен байланысы (білім беру, әлеуметтік және т.б.);

3) интеллектуалдық қабілеттердің әр түрлі бағыттағы аспектілердің көптігі.

Ал аксиологиялық тәсіл болса, интеллектуалдық ұлт қалыптастыру іс-шаралары жағдайында жеке адамның құндылықтарын, олардың динамикасын, интеллектуалды қабілеттер динамикасының арақатынасын, интеллектуалдық дамуын, интеллектуалды ұлт, адамдардың, елдің және жалпы қоғамның мәдени мұрасының құндылықтарына сүйене отырып дамытуға мүмкіндік береді.

